ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

Абай – 180

«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ»

атты алтыншы халықаралық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 31 қазан, 2025 жыл

Алматы
2026

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

Абай – 180

«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ»

атты алтыншы халықаралық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 31 қазан, 2025 жыл

Алматы
2026

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5Қаз)
А 13

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған
(№13 хаттама 20 қаңтар 2026 жыл)

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС
Ж. Дәдебаев, Қ. Әбдезұлы, Д. Ысқақұлы, Л. Мұсалы

Пікір жазғандар:
филология ғылымдарының кандидаты *С.Д. Дарибаев*
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының ғылыми қызметкері *Е. Хуатбекұлы*

А 13 **«Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі»** атты алтыншы халықаралық конференция материалдары. Алматы, 31 қазан, 2025 жыл / Құрастырған және электрондық басылымды дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжеқожаева. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2026. – 170 б.

ISBN 978-601-08-6060-5

Жинаққа Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы аясында өткен «АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ» атты алтыншы халықаралық конференцияға қатысушылардың баяндамалары жинақталды. Конференцияға еліміздің көрнекті абайтанушы ғалымдары, әдебиеттанушылары, қоғамдық-гуманитарлық ғылым мамандары, жас ғалымдар қатысты. Редакциялық алқаның ұсынуы бойынша баяндамалар сараланып, электрондық басылым түрінде арнайы жеке жинақ болып жарық көріп отыр. Баяндамашылардың авторлық құқықтары сақталған.

ISBN 978-601-08-6060-5

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5Қаз)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2026

Ж.Қ. ТҮЙМЕБАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

БАЛАМАСЫ ЖОҚ БАЯНДЫ БАЙЛЫҚ

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы – ақындық өнердің әлемдік кеңістігіндегі ұлы шығармашылық тұлғалардың бірі. Ұлы тұлғаның шығармашылығы қазақ әдеби тілінің, ұлттық және адамзаттың бәріне ортақ рухани құндылықтардың дамуына зор ықпал етті, әлем әдебиетін жаңа идеялармен, өзіне ғана тән айрықша поэтикалық ойлау өрнектерімен байытты. Ақын шығармалары әлемнің көптеген тіліне аударылып, адамзаттың бәріне қол жетімді игілікке айналды. Дана ақынның шығармашылығында көрініс тапқан достық пен дұшпандық, адамдық пен надандық, махаббат пен ғадауат, адам болам деген жастар асық болатын асыл қасиеттер мен қашық болатын жаман істер туралы теңдесі жоқ терең ойлар мен толғаныстар, қағидалар мен тұжырымдар жер шарын мекендеген бүкіл оқырманының көкірек көзін ашып, көңілін баурауда.

Абай – осыдан 180 жыл бұрын қараңғы қазақ көгіне күн болып шыққан таңғажайып тамаша тұлға, данышпан жан: ақын, ойшыл, философ. Ол – табиғаттың қазақ халқының бағына берген ер данасы. Оның шығармашылық өмірі, артында қалдырған өлмейтұғын сөзі жаңа ғылым саласының тууына негіз болды.

Абайтану – қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар кеңістігінде мазмұны бай, өзекті мәселелері ғасырлар бойы зерттегенде ортаймай, жаңа қырлары ашылып, байыған үстіне байып, күрделеніп келе жатқан ғылым саласы. Ол ғылым пәні, оқу пәні ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде туып, сонда қалыптасты. Мұхтар Омарханұлы Әуезов осы университетте ұстаздық ете жүріп, Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді, зерттеу нәтижелері негізінде студенттерге «Абайтану» арнаулы оқу пәнін оқыды, «Абай жолы» роман-эпопеясын жазды. Абайтануды ғылым пәні әрі оқу пәні ретінде негіздеп, дүниеге әкелді, жетілдіріп қалыптастырды. Содан бермен қарайғы уақытта

абайтану ғылым пәні, оқу пәні ретінде қилы кезеңдердің қиыншылықтарынан өтті, өшпеді, өнді, өсті, кемелденді, бүгінде өз алдына ғылым саласына айналды.

Абайтану, Абайдың шығармашылық мұрасы дегенде, көпшіліктің ойында ақын шығармаларының мазмұны мен мағынасы, жанрлық құрамы мен сыртқы қалыбы тұрады. Дұрыс. Ақын шығармаларының мазмұны мен мағынасын, жанрлық құрамын, ішкі иірімдері мен сыртқы қалыбын білмейінше, Абайды тануға жол жоқ. Ендігі тұста елдің өсер өркені Абай шығармаларының мазмұны мен мағынасын, көркемдік әлемін ғана біліп қоймай, Абайдың ілімін білуі қажет. Өйткені Абайдың ақыл-ой байлығынан туған қасиетті рухани құндылықтар оның ілімінде сақталған. Абай ілімінің жүйесін, іргелі ұстанымдарын, құрамдас бөлімдерін, бастау көздерін, басты категорияларын білу, түсіну және өмірде қолдану – қоғамдық санамыздың жаңаруының, зияткерлік әлеуетіміздің артуының басты тетігі. Абайдың ілімін білудің, түсінудің, өмірде қолданудың әлеуметтік маңызы өлшеусіз зор.

Ақынның шығармашылық даралығы мен даналығының мәні халықтығында. Халық өмірінің шындығын, шырайын ашып суреттеуде Абай көркемдік-эстетикалық ойлау кеңістігінің бұрын-соңды ешбір ақын шығып көрмеген шырқау биігінде самғады. Сол биікте халықтың өткен шағының тарихы мен тағылымын пайымдады, өз тұсындағы мұңы мен мұқтажын толғады, алдағы арманы мен үмітін жырлады, дәстүрлі мәдениетінің нұрын таратты, дәстүрлі дүниетанымының шырағын жақты.

Халық өмірі, жеке адам тағдыры, адамзаттың бәрінің тағдырталайы – ақын шығармашылығының асыл өзегі, алтын арқауы. Халық тағдырын, ел болашағын ойлаудан туып, өзінің халқына деген ұлы махаббатынан, қайғысы мен ызасынан шыққан сыры адамға, адамзаттың бәріне деген құрметінің сазына бөленіп, жан тебірентерлік шындығымен баурайды. Онда теңдесі жоқ терең таным байлығынан туған, ерекше дараланған екі бейне бар: бірі – халық бейнесі, екіншісі – ақынның өз бейнесі. Екі бейненің де мазмұны бай, мәні терең. Абай мұрасының халықтығы осы байлық пен осы тереңдікте ашылады. Бұл байлық ашылған сайын тасиды, бұл тереңдік бойлаған сайын тереңдейді. Мұндай қасиет біздің санамыздан тыс тұрған болмысқа ғана тән. Абайдың байтақ

шығармашылық әлемі, ілімі өзінің баламасыз байлығымен, бойлау бермейтін тереңдігімен осы болмыстың өзіндей болып көрінеді. Оны зерттеуге болады, бірақ зерттеп біту мүмкін емес. Оның тереңіне бойлауға болады, бірақ тереңнің түбіне жету қиын.

Абай халқының игілігіне қанша зерттегенде сыры мен қыры толық ашылып бітпейтін қисапсыз мол көркемдік эстетикалық қазына, теңіздей тебіреніп жатқан тереңіне қанша бойлағанмен, түбіне жетіп болмайтын ақыл-ой байлығын қалдырды. Мұндай көркемдік-эстетикалық қазына мен мұндай ақыл-ой байлығының қасиетін танып, қадірін білу туралы айту қиын емес, ал қандай да бір нақты ғылыми-шығармашылық нәтижеге қол жеткізетін тиянақты іс бітіру оңай емес. Өйткені мұндай іске ақыл-ой қызметінің бар салмағын қайыспай көтерген дара да дана шығармашылық тұлғалар дәстүрінде ұйымдасып, қалыптасқан ынтымақты ұжым керек.

Абайдың ақындығы мен даналық әлемінде қызыл тіл, сөз туралы эстетикалық ойларының тұтас жүйесі бар. Бұл бағыттағы ойлар мен поэтикалық ұстанымдар сөз өнері үшін де, тіл білімі үшін де өте бағалы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы? –

дегенде, ақынның өлең сөздің поэтикалық табиғаты туралы өзінің көркемдік-эстетикалық биік көзқарасы барын аңғартады. Өлең сөздің ішкі байлығына, сыртқы ажарына қатысты талаптарын таныта отырып, әдеби шығарманың мазмұны мен пішінінің бірлігі жайында терең теориялық қағидасын негіздейді. Ақынның «сөз жақсысы» туралы ойлары өзінің біртұтас жүйесімен поэтикалық тілдің теориясы саласында үлкен ғылыми пайымдауларға негіз болатын құнды қағидалар қатарымен маңызды.

Ақын:

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы, –

деп, өлең сөздің қасиеті туралы қағидаларын нақты үлгіде

ұсынатыны да бар. Ой анық, пікір айқын, негізді, дәйекті.

Сөз өнерінің бірден-бір құралы сөз екені белгілі. Автордың ақындық таным әлемінде өлең сөз – сөз патшасы. Ол – поэтикалық табиғаты таза, эстетикалық сипаты келісті мінсіз өнердің туындысы. Сөз мұндай сапалық қасиетке өзінен-өзі жетпейді, оған мұндай қасиет дарытушы күш – мінсіз ақындық талант. Мінсіз ақындық талант иесінің өлең сөзге, өзінің ақындық өнеріне қоятын талабы өте жоғары.

Өлеңді сөз патшасы ретінде бағалау қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясында Абайдан басталады. Абайдың сөз өнерінің асыл үлгісіне, әдеби тілге қоятын талаптары мен қағидаларының жүйесін ғылымның қазіргі таңдағы талаптары биігінде арнайы зерттеу – гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғалымдарымыздың алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі.

Абайдың шығармашылығы айрықша сыншылдық сарынымен сараланады. Ақынның сыншылдығы, сыны туралы айтқанда, мына жайға назар аудару дұрыс деп білеміз: Абай сынаған қоғам, Абай сынаған адам, Абай сынаған заман – бәрі де бодандық бұғауында еді. Ақын қоғамның бодандық бұғауында қалыптасқан болмысын сынады, адамның бодандық бұғауында қалыптасқан мінезі мен істеген ісін сынады, заманның бодандық бұғауында пайда болған ахуалын сынады. Абайдың сыны мен сыншылдығының, сатирасының өзегіндегі осындай сырды дұрыс түсінуіміз керек.

Абай:

Болыс болдым, мінекей,
Бар малымды шығындап, –

деп, болыс болған адамның сынын айтса, оның өзі бодандық жағдайындағы елді құрсауында ұстап отырған империялық биліктің салдарымен сабақтасып жатыр. Абай болыс болған замандасына сын айта отырып, оған болыстық билікті беруші отаршы империяның бодан халықты билеп-төстеу жүйесін сынайды. Бұл мәселе күні бүгінге дейін толық зерттелген емес, бірақ оны ғылыми негізде қазіргі заман ғылымының методологиялық жетістіктері деңгейінде қарастырып, лайықты бағасын берудің өзектілігі күн сайын арта түсуде.

Ақын адам, адамзат болмысы туралы халықтың дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымынан бастау алып, жүрегінің түбінде тұнған қастерлі қағидалары мен талаптарына сәйкес заманын өзгерту, халқының көкірек көзін ашу, мінезін түзеу туралы ұлы мақсат жолын таңдады. Мұндай ұлы мақсатқа жетудің жолы соқпақсыз, соқтықпалы болды. Соқпақсыз, соқтықпалы, иген жақ секілді тегістігі жоқ имек жолда «етекбастыны» көп көрді. Мыңмен жалғыз алысты. Қиянатшыл дүниеден жүрегіне қырық жамау түсті. Көрген бейнеті, тартқан азабы, мұң-зары мен қайғы-шерінің салмағы жүрегінен сөзіне түсті, ғибраты ғасырдан ғасырға асты.

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат ғадауатпен майдандасқан
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?.. –

деп, болашаққа сырын ашып, мұңын шақты. «Мен өлмекке тағдыр жоқ...», – деп өзі айтқандай, жан-жүрегі мұз болмай, шығармашылық мұрасында тербеліп, тебіренген, махаббат ғадауатпен майдандасқан қалпында аттай тулап қала берді. Ақынның қайран елім, қазағым, қайран жұртым деп елжіреген жүрегінің үні, лүпілі мен дүрсілі өзі өсиетін аманат еткен ұрпаққа, елдің өсер өркеніне жетті. Елінің, елінің өсер өркенінің жүрегі Абайдың жүрегімен бір соға бастады.

Абайдың шығармашылық мұрасындағы ұлттық және адамзаттық құндылықтар өрісінде адамның адамшылығына, заманның әділеттілігіне байланысты тұжырымдалған қағидалардың өмірлік маңызы бар. Оларды ақылмен ойлап білудің қажеттігінде сөз жоқ. Бірақ мұндай өмірлік маңызы зор ойлар мен ұстанымдарды, қағидаларды ақылмен ойлап білумен қатар ынталы жүрекпен сезіп қабылдау шарт. Сонда олар «бар тамырды қуалап», кісінің тұлабойына таралып, адамның ішкі қалыбына жетіп өнеді.

Ақын:

Әділеттік, арлылық, махаббат пен –
Үш жолдасың қабірден әрі өткенде, –

дейді. Ақынның ұсынып отырған насихаты бойынша, *әділеттік,*

арлылық, махаббат үшеуін адам тірісінде жолдас етеді, тірісінде осы үшеуін жолдас етіп, олардан өмір бойы көз жазбаған, олардан адасып қалмаған немесе оларды адастырып тастап кетпеген адам қабірден әрі өткенде де осы үшеуінің достығын көреді. Адам баласының бойында осы қасиеттердің бірі болмаса, қалған екеуі де қалмайды.

Түрік халықтарының дәстүрлі дүниетанымында адам *әділеттік, арлылық, махаббат* үшеуінің жолдастығына ақыретте де мұқтаж болады. Адам баласы қабірден әрі өтіп, жаратушы алдында жауап бергенде, оның тіршілікте жасаған абзал істеріне осы үшеуі куәлік етіп, жолдастығын көрсетеді. Ақынның осы бір ауыз сөзінің түпкі мәнісінен түрік халықтарының дәстүрлі дүниетанымына тән көзқарастың нұры таралады. Ақын ойының тереңінде *әділеттік, арлылық, махаббат* үшеуінің адам үшін екі дүниеде бірдей жолдас болатын айрықша қасиетінің мәнісі ашылады. Абай адамзатқа *әділеттікті, арлылық пен махаббатты* жолдас етуді насихаттағанда, замандастарының, елдің өсер өркенінің ойы мен бойына осындай абзал қасиеттердің нәрін халықтың дәстүрлі дүниетанымына сүйеніп сіңіруді көздеген. Абай ардақтаған *әділеттік, арлылық, махаббат* адамдар үшін, адамзаттың бәрі үшін бүгінгі күні де маңызды, игілікті.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы ақыны. Ақынның ұлылығының негізі – халқына деген ұлы махаббатында. Данышпан ақын өз ұлтын шексіз сүю арқылы күллі адамзаттың бәріне деген асыл махаббатын аялап, ардақтап өтті.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және Хақ жолы осы деп әділетті, –

деген төрт жолда аяулы ақынның абзал мұраты, өмірлік кредосы, қазақ халқының ғана емес, адамзаттың бәрінің данасы, асқан ойшылы, гуманист-философы екені көрініп тұр. Қазақтың ұлы ойшылының тағылымы мол ілімі мен білімі, арысын айтқанда, пайғамбардан, берісі түгел түркі жұртының пірі саналатын Қожа Ахмет Йасауи бабамыздан бастау алады. Оның даналығы, терең ойшылдығы түрік ақыны Юнус Эмремен, әзірбайжан ақыны Несимимен үндеседі.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп! Әлем халықтарының ынтымағы мен бірлігін көздейтін кез келген халықаралық ұйымның, әлем бедерінде бейбітшілікті насихаттаумен айналысатын дүние жүзіне ортақ қоғамдық мекемелердің айнымас ұраны осы емес пе?! Мұндай асыл ойдың негізі адамзатқа күн көзіндей нұр беретін ілім жүйесінде ғана болады. Абай – көкірегінен күн көзіндей нұр таратқан ілімі бар тұлға. Абайдың даналығын өзіміз біліп, әлемге таныту барысында ақынның осы бағыттағы ой-пікірлерін темірқазық етіп ұстансақ, жаңылмаймыз.

Фараби университетінде «Абайдың кісілік кодексі» жасалып, оған Абайдың осы даналық сөзі он тоғыз баптың бірі болып енді. «Абайдың кісілік кодексіндегі» он тоғыз баптың әрқайсысында күн көзіндей жарық бар. Ол жарық кісінің сыртына түспейді, жаратушы қарайтын ішкі қалыбына түседі, адамның ақыл-ойын, жүрек қазынасын, адамдық негізін нұрландырады.

«Абайдың кісілік кодексі» – Фараби университетінің зияткерлік асыл құндылықтарының бірі. Кодексте ел үшін, 11 елдің өсер өркені үшін өмірлік маңызы зор ақыл-ой кені ашылған. Ол студенттердің жатақханадан оқу ғимараттарына келетін, оқу ғимараттарынан жатақханаға баратын гүл ашқан жолы бойында екі баннерге орналастырылған. Адамзаттың бәріне бірдей қадірлі, қасиетті осы кодексті еліміздің білім беру мекемелерінің бәрінің алдына көрнекі форматта жарқыратып орналастыратын күн келсе, нұр үстіне нұр. Азаматтардың: «Ондай атты күн қайда», – деп үн-түнсіз отыра беруі, әрине, құптарлық қылық емес. Тұтас ел үшін игілікті мұндай ізгі іске облыс басшыларының өзі ұйтқы болсайшы!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеу, насихаттау, білім алушылардың игілігіне пайдалану бағытында көптеген игі іс атқарылды және атқарылуда. ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты ойшыл ақынның еңбектерін және абайтану бойынша зерттеулерді білім алушылар мен оқытушы-профессорлардың, ғылыми қауымның, көпшіліктің игілігіне ұсыну мақсатында нақты және игілікті жұмыстар жүргізіп келеді. Атқарылған жұмыс нәтижелерінің дені Абай институтының сайтында жарияланып, Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасы, ілімі туралы қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ақпараттардың мол

қоры жасалды. Абай институты абайтану тарихында алғаш рет «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының 50 томын дайындап, «Қазақ университеті» баспасынан жарыққа шығарды.

Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы қарсаңында ұлттық университет әлеумет үшін өте маңызды ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Мұның бір көрсеткіші – менің бас редакторлығыммен «Абайтану антологиясы» атты 10 томдық іргелі ғылыми басылымның жарық көруі. Антологияның алғашқы томы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Абай туралы мақаласымен ашылған. Аталмыш антология бұған дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалып, «Қазақ университеті» баспа үйінен жарық көрген «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымның бастапқы елу томы негізінде жинақталды.

«Абай институтының еңбектері» және «Абай институтының е-басылымдары» атты көп томдық екі сериялық басылым жарық көріп, білім алушыларға ұсынылды. Қазіргі шақта аталған сериялық басылымдардың отыздан астам кітабы жарық көрді. Сонымен қатар Абай институтының «Ғылым таппай мақтанба» тақырыбында тұрақты жұмыс жасайтын бейнехабарлар сериясының танымдық, тәрбиелік мәнінің зор екенін атап өткен орынды.

Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімін зерттеу, насихаттау саласында жасалған жұмыстардың нәтижелерін, мәдени-ақпараттық, оқу-әдістемелік және ғылыми құндылықтар қорын толық қамтитын «Абайтану антологиясы» атты е-ресурстар базасы жасалып, ол университеттің кітапханасының порталында орналастырылды. Университеттің аталған интеллектуалдық ресурстар базасы – әлеуметтік маңызы мен құндылығына әлемдік масштабта баға жетпейтін баянды рухани байлық.

«Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің қаулысымен өндіріске енгізілді. Ұлттық университеттің зияткерлік меншігіне айналған мұндай ұлттық сипаты қанық рухани байлық қазіргі шақта бір ғана университетте бар. Ол университет әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті екені бізді лайықты мақтаныш сезіміне бөлейді. «Абайтану

антологиясы» зияткерлік ресурстар базасы бүгінде бүкіл еліміздің, дүниежүзі қазақтарының игілігіне айналды. Айтылған жетістіктерге қоса аталуға лайықты тағы бір жай бар. Ол – Абай институтында «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық сериялық басылымының кезекті елу томының е-басылым ретінде дайындалуы. Онда университеттің оқытушы-профессорларының, университет түлектерінің соны еңбектері жинақталған. Сондай-ақ Абай институтының «Адамзаттың Абайы» атты ұжымдық монографиясы, «Абай ғылыми-зерттеу институты» ғылыми-ақпараттық жинағы мен он бейнелекциясы да – Абайдың 180 жылдық мерейтойы тұсында ақын мұрасын насихаттау өрісінің кеңеюіне қосылған елеулі үлес.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұлы ақын Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу және насихаттау, ел игілігіне айналдыру мақсатында жүргізіп келе жатқан жұмыстарының басты бір нәтижесі – пәнаралық «Абай ілімі» оқу пәні.

«Абай ілімі» оқу пәні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары білім беру бағдарламаларының бірінші тобындағы таңдау пәні ретінде 2021-2022 оқу жылынан бастап оқытылып келеді, сараптаудан толық өтті. Пән ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық ғылыми жобаларын орындау нәтижелері негізінде дайындалды. Оқу-әдістемелік тұрғыда толық қамтамасыз етілді. Пәннің мазмұнында Абай ілімінің басты ұстанымдары, құрамдас бөлімдері, бастау көздері, құрылымдық модельдері толық қамтылған. Еліміздің жоғары білім беру жүйесінде «Абай ілімі» оқу пәнін міндетті пән деңгейінде оқытудың мемлекеттік маңызы бар. Абай ілімінсіз берілген білімнің жоғары сапалы болуына кепілдік беру қиын. «Абай ілімі» оқу пәнінің мазмұны біздің университетімізде анықталып, тиісті тәртіпте бекітілді, оқу үдерісіне енгізілді. «Абай ілімі» оқу пәнін университеттің жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың әлеуметтік маңызына факультеттер мен кафедралар үлкен жауапкершілікпен қарап келеді. «Абай ілімі» оқу пәнін басқа жоғары оқу орындарының оқытуы, оқу үдерісіне енгізуі үлкен дайындықты талап етеді. Бұл орайда Фараби университетінің басқа жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін «Абай ілімі» оқу пәні бойынша оқу-әдістемелік біліктілікті жетіл-

діру, білім мазмұнын байыту бағытында ұсынатын қызметі өзекті.

«Абай ілімі» пәнін, данышпан тұлғаның аса құнды да құнарлы мұрасын, жас ұрпаққа насихаттау, ұғындыру – бәріміздің ортақ парызымыз. «Абай ілімі» пәні гуманитарлық пәндер циклінің бөлінбес құрамдасы ретінде Қазақстанның жоғары оқу орындарының бәрінде оқытылатын болады деп күтілуде.

Университеттің 2025 жылы өткен мәдени-көпшілік іс-шаралары Абайдың 180 жылдығымен сабақтас, салалас өткізіліп келеді. Осы ретте жыл басында өткен Наурыз мейрамында университеттің мыңнан аса оқытушы-профессорлары мен білім алушы жастары Абайдың бірнеше әнін хормен орындап, ҚазҰУ қалашығын теңіздей тебіренткенін, өздерін де, тыңдаушы жастарды да естен кетпес әдемі әсерге бөлегенін ерекше атап өткім келеді. Түлектер күні де сондай ашық ажарымен есте қалды. Ағымдағы жылдың 25-26 маусымында университет түлектерінің үлкен бір тобы Абай институтының базасында қазақ тілі мен әдебиетінің еңбек сіңірген ардагер оқытушыларының республикалық симпозиумын өткізді. Симпозиум «Адамзаттың Абайы» деген тақырыпта өтті. Симпозиум аясында қазақ тілі мен әдебиетінің еңбек сіңірген ардагер оқытушылары Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» (Гетеден) өлеңін әнге қосып хормен айтты, университет кітапханасы «Адамзаттың Абайы» атты кітап көрмесін ұйымдастырып, көпшілік назарына ұсынды. Бұл бағыттағы жұмыстар жыл бойы жүргізіледі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Абайдың шығармашылық мұрасын, Абай ілімін зерттеу, насихаттау, қолдану нәтижелері негізінде жасалған зияткерлік ресурстар базасы – еліміздің қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі, абайтану тарихындағы баламасы жоқ баянды байлық.

Абайдың 180 жылдығына орай Республикамызда өтіп жатқан мерейлі де мерекелі іс-шаралар еліміз үшін игілікті болсын!

Ж. ДӘДЕБАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері

АБАЙ ІЛІМІ – АЛТЫННАН АРДАҚТЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Адам өмірінің мәні мен мағынасы, қоғамның әлеуметтік болмысы туралы талай ойшылдар ойланған, ой айтқан. Адам баласының өмірге келуінің, өмірінің және өмірден өтуінің, адамдығының мағынасы мен мәні туралы Абай ой айтып, анықтама, сипаттама беріп қана қойған жоқ, іргелі қағидалар жүйесін жасап, қауымының игілігі үшін кісілік кодексін түзді, ілімін ұсынды.

Күннің көзі жарығын дүниеге қалай түсіретін болса, Абай ілімі адамның көкірегін, жан дүниесін, ақыл-ойын сондай жарықпен жарқыратып ашады. Көкірегіне ілім қонған жанның жүрегінде күн көзіндей жарық болады. Адамға, адамзаттың бәріне деген махаббаттың нұры мен нәрі, жылуы мен қызуы осы жарықтан таралады.

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың маңызы зор екенінде сөз жоқ. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» трактатында: «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет», – деген тұжырымы қоғам дамуының қазіргі кезеңі үшін ауадай қажетті рухани құндылықты дәл танып, терең пайымдаудан туған. Бұл тұжырымның өзегінде Қазақстанның ғылым мен білім жүйесінің алдына қойылған аса маңызды және зор міндет жатыр. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің зияткерлік меншігі болып табылатын «Абай ілімі» әрі ғылыми зерттеу пәні, әрі оқу пәні қатарында өндіріске енгізілуінің маңызы мемлекет басшысы ғылым мен білім жүйесінің алдына қойған осы міндетті жүзеге асыруға бағытталуында. Мемлекет басшысының ұрпақтың бағыт алатын

темірқазығы деп бағалаған Абай сөзі – Абайдың ілімі.

«Абай ілімін» ғылыми зерттеу және оқу пәні ретінде өндіріске енгізудің нәтижесі: а) абайтану саласында өндірілген инновациялық білімді білуге, түсінуге және қолдануға қол жеткізеді; ә) Абай ілімін білуге, түсінуге және қолдануға қажетті жағдайдың жасалуына негіз болады; б) Абай ілімін білуге, түсінуге және қолдануға қажетті жағдайдың жасалуы Қазақстан Республикасының рухани және зияткерлік әлеуетінің дамуы мен артуына жаңа серпін береді; в) Абай ілімін, оның өзегіндегі әлеуметтік қағидаларды білу, түсіну және әлеумет өмірінің барлық саласы мен деңгейінде қолдану қоғамдық сананы жаңа сапалық биікке көтереді.

Тарихта кісілік кемелдікке жеке тұлғалар жеткенмен, адамзат қоғамының жетуі іс жүзінде мүмкін болмаған. Заманынан озып, кемелдікке жеткен адам айналасы, әлеуметтік ортасы кемел деңгейге көтерілгенде ғана өзінің кемелдігінен игілік таба алады. Сондықтан кемел кісі өзі жеткен кемелдік биігіне өзгелердің де жеткеніне құштар болады, қоғамын, әлеуметтік ортасын, заманын, замандастарын өзі жеткен, өзі тапқан жақсылыққа бастайды, соған жеткізуді мақсат тұтады. Бұл – барша әлеумет үшін игілікті, ізгі, сондықтан да биік мақсат. Оған жетудің жолы тар, тайғақ, соқтықпалы, соқпақсыз. Өйткені адамның адамзаттың бәрін бауыр тұтуы, сүюі, өзі жеткен кемелдік биігіне өзгелердің де жеткеніне құштар болуы, қоғамын, әлеуметтік ортасын, заманын, замандастарын өзі жеткен, өзі тапқан жақсылыққа бастауы басқалардың тарапынан қолдау таппайды. Өзін сүйгенді сүю, өзіне жақсылық тілегенге жақсылық тілеу, өзіне жақсылық жасағанға жақсылық жасау ілім танығаң, білімі бар, Абай айтқандай, көкірегінде көзі бар, көңілі ашық жандардың ғана қолынан келеді. Ал ілім танығаң, білім тапқан, көкірек көзі ашық жандардың қатары адамзат тарихының қай дәуірінде де сирек болды.

Абай өзінің ақындық-азаматтық тұрғысына сай көз алдындағы болмыс шындығын саралап, сол шындыққа өзінің көзқарасын білдірді, бағасын берді. Суреттелген шындық мезгілі мен мекені нақты әлеуметтің болмысын көрсетті. Сонымен қатар осы шындықта адамзат қоғамының қай кезеңі үшін де басты сипат болып қала беретін белгілер бар. Осыдан келіп ақын

ойының жалқы және жалпы, нақты және көмес мағынасы мен мәні өріліп шығады. Соған орай ақын ойының мәні мен мағынасынан ұлттық және адамзаттық құндылықтардың сәулесі бірдей таралады.

Абай ілімінде әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі туралы қағида бар. Кісінің әрбір нәрседе, әрбір әрекетте орта шаманы білуі және сол білгенін өзінің таным-таразысында, іс-әрекетінде ұдайы сақтауы – барша жарасым мен келісімнің кепілі. Абай әрбір жақсы іс пен оның қарама-қарсы шектеріндегі істер жүйесінде көрінетін адамшылық қасиеттердің өлшеуінің логикалық негізін тиянақтады, логикалық-мағыналық үлгі-моделін жасады. Абайдың әрбір жақсы нәрсені өлшеу құралы іс-әрекеттің үш түрлі халіне сай үш деңгейді көрсетеді: а) басы (орта шамадан кем); ә) ортасы (орта шама); б) аяғы (ортадан асық шама). Іс-әрекеттің осы шамалары адамның адамшылық қасиеттерінің тиісті деңгейлерін көрсетеді. Мұндағы бірінші және үшінші деңгейлер іс-әрекеттің немесе қасиеттердің не болмаса мінез-құлықтың шеткергі екі шегінің мәнісін білдіреді. Бұл екі шекте іс-әрекет те, мінез-құлық та жақсы емес. Құбылыстың осы шеткергі екі шегінің орта шамасы адамның адамшылық қасиетінің немесе іс-әрекетінің, не болмаса мінез-құлқының жақсы, кемел деуге лайықты деңгейіне сай келеді. Осы үштағанды Абай өз іліміндегі әр жақсы нәрсені өлшеу құралына негіз етіп алды.

Абайдың осы өлшеу құралына салғанда әр нәрсе орта шамада жақсы болады да, орта шамадан кем не асық шамада жақсы мәнін жоғалтып, қарама-қарсы мәндегі құбылысқа айналады. Абай насихат еткен бес жақсы істің әрқайсысын (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) осы өлшеу үлгісіне салып, таразылауға болады. Мысалы, ойлау, терең ойлау дұрыс, бірақ ойлаудың орта шамасын білу керек. Абайдың даналық қағидасы бойынша, терең ой ойлаймын деп, орта шамаға жете алмау немесе одан асып кету, сөйтіп, күні-түні ойға салынып, *ойын байлай алмай, қияли болып кеткен жақсы емес.* Мұндай жағдайларға бой алдырудан сақ болу шарт.

Әрбір жақсы нәрсенің, әрбір жақсы қасиеттің, соған сәйкес жасалған әрбір нақты іс-әрекеттің өлшеуін білудің басты шарты – адамның ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстауы. Ақыл, қайрат, жүректің бірлігі, бірдейлігі деңгейінде жасалған шешім ғана әрбір жақсы нәрсенің өлшеуін дәл анықтауға жеткізеді. Абайдың

өлшеу құралының өлшеміне салғанда, әр нәрсе орта шамада жақсы болады да, орта шамаға жетпеген немесе одан асып кеткен жағдайда жақсыға қарама-қарсы мәндегі құбылысқа айналады. Абай ілімінің жақсы мен жаманды айыратын осы өлшеу құралының күнделікті өмірдегі, тіршіліктегі пайдасы өлшеусіз зор.

Абайдың ақындық даралығы даналығында. Ақындық даналықтың алды ашық, ол Жаратушыдан басқа ешкімге тәуелді емес, Жаратушыдан басқа ешнәрсеге мұқтаж да емес. Абайды дүниәуи тіршіліктің жарқылдаған алдамшылығынан сақтап, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау биігіне көтерген қуат көзі ақындық даналықта. Болмыстан, заманнан, адамнан көңілі қайту, соларға жаны ашып, солар үшін іші күйіп тұрып, солардың ортасында, соларды сүйіп тұрып, өзіне оларды, оларға өзін жат санау ақынды болмыстың шындық құбылыстарын даналық танаммен жинақтауға, даналық пайыммен саралауға бастайды. Нақты тұлғасымен нақты бір мезгіл мен мекен шегіндегі нақты қоғамда, нақты адамдар ортасында ғана өмір сүру, одан тыс бола алмау, сөйте тұра солардан сырттау, жаттану, сөйте тұра сол қоғамға, сол қоғамның адамына, халыққа жаны ашып, оларды жақсылық жолына шақыру Абайдың азаматтық және ақындық тұлғасының трагедиялық әрі қаһармандық сипатын танытады. Ақын өзінің дүниеде теңдесі жоқ ілімінің негізін осындай жағдайда анықтады.

Абай ілімінің өзегіндегі рухани құндылықтар қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің іргелі құндылықтарына негізделген. Олар халық әдебиетінің үлгілерінде, әдет заңының жүйесінде, әдет-ғұрып, салт-дәстүр өлшемдерінде, дәстүрлі дүниетанымда кеңінен көрініс тапқан. Абай ілімі жүйесіндегі рухани құндылықтар – адамзаттың бәрін бауырым деп сүйген терең танымнан туған қымбат қасиеттер мен ізгі игіліктердің бастау-көзі.

Абай адамның мінезін, заманның бетін өз ілімінің ұлттық және адамзаттық рухани құндылықтарға негізделген қағидаларына сай түземекті мақсат еткен. Бұл – адамзат қоғамының тарихындағы ең бір ізгі, ең бір асыл мақсат. Алдына мұндай мақсат қою үшін кісінің жүрегінде оның өз халқына, адамзаттың бәріне деген шексіз һәм шартсыз сүйіспеншілігі, ұлы махаббаты болуы шарт. Абай іліміндегі адам мінезін түзеу, адамды кемел деңгейге көтеру туралы өзекті ой бірге қатысты емес, көпке, адам мен заманға бірдей қатысты.

Ақын ілімінің негізінен мынадай қағидалар өріліп шығады: а) адамзат баласы сүюге, суреттеуге, өзгертуге болатын нысан ғана емес, сонымен қатар ол әлеуметтік тұлға екені туралы; ә) әлеуметтік тұлғаның адамзат алдындағы адамшылық қарызы туралы; б) әлеуметтік тұлға мен көп арасындағы қатынастың сипаты мен мәні туралы. Бұл қағидалардың адамзат ақыл-ойының тарихында танымдық маңызы, әлеуметтік, философиялық мәні терең. Адам табиғаты, оның көпқырлы болмысы, әлеуметтік тұрғысы, әлеуметтік ортамен қатынасы туралы терең, тегеурінді әрі ерекше маңызды қағидалардан Абай ілімінің басты ұстанымдарының мәнісі аңғарылады. Мұндай қағидалар мен ұстанымдар жүйесін жасау деңгейіне Абайға дейінгі түркі халықтары данышпандарының ешқайсысы көтерілмеген-ді, бұлайша шырқап, шығандап ойлау әлем даналарының да мүмкіншілігінен жоғары, биік.

Абай өзінің ілімі аясындағы ойлары мен пікірлерін адамзаттың, адам баласының адамдық мәні, адамдық қасиеті туралы әлеуметтік-этикалық, философиялық көзқарасынан таратып жүйеледі және солардың бәрі дәлелді, тиянақты, кемел болмысымен ерекшеленді.

Адамзаттың, адам баласының адамдық мәні, кісілік қасиеті, қоғам сипаты туралы жүйелі ілім қазақ қоғамының тарихында бір-ақ адамда болды. Ол – Абай. Абай өз ілімі арқылы адамзат ақыл-ойының кеңістігінде даналық ұстанымдары мен қағидаларының біртұтас жүйесін қалыптастырды, ол ұлттық мазмұнының байлығымен адамзаттық рухани құндылыққа айналды. Абай ілімі – заманымыздың басты рухани құндылығы. Оны білу, түсіну, қолдану әлеумет үшін ауадай қажет.

Халық «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген даналық сөз айтқан. Абай ілімі алтын емес. Абай ілімі қолда тұрмайды. Абай ілімінің жарығы жүректе ғана жанады. Абай ілімі – алтыннан ардақты рухани құндылығымыз. Абай ілімін білмей мақтануға да, баптануға да болмайды.

Ж. ТҮРІКПЕНҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

І Академик Төлеген Тәжібайұлының Абай шығармаларын психологиялық тұрғыдан зерттеуі

Академик Төлеген Тәжібайұлы Абайдың философиялық, психологиялық, педагогтік көзқарастарын жан-жақты зерттеп, терең талдау жасады. Осы мәселеге арнап үш кітап, онға жуық ғылыми мақалалар жазған. Сол еңбектерінің қорытындысында ол Абайдың қазақ халқынан шыққан тұңғыш философ, психолог екенін дәлелдеді. Абай байырғы қазақ тілінің сарқылмас бұлағына сүйене отырып, психологиялық ұғымдардың негізін салған. Мысалы, Т. Тәжібайұлы «Жүрегімнің түбіне терең бойла» деген ғылыми-зерттеу жұмысында былай деп жазады: «Абай арнаулы психологиялық еңбектер жазған жоқ, бірақ біз оның шығармаларынан психология мәселелері жөнінде аса қызық және аса бағалы пікірлер табамыз. Өзінің психологиялық пікірлері мен ұғымдарын көбінесе поэтикалық шығармаларында сол сияқты өсиет-өнеге сөздерінде (Ғақлияларында) айқын көрсетіп отырды. Сөйтіп, Абай көптеген шығармасында өзінің психология мәселелеріне көзқарасын белгілі шамада толық айтып берген ең бірінші қазақ саналады.

Т. Тәжібайұлы ұлы Абайдың шығармаларын зерттей келе: «Абайдың түсінігінше, өлең мен ән адамдардың жан дүниесіне кіріп кетуі керек, олардың алтын қазынасы болып табылатын ең бағалы сезімдерін қамтуы керек. Олар халықты адамгершілікке тәрбиелеуде, адамдар арасындағы ескі феодалдық-патриархалдық қалдықтарға қарсы күресте маңызды рөл атқарулары керек. Ол үшін олар халықтың аңсаған арманы мен үміт-тілегін жырлап қана қоймай, сонымен бірге оларды бақытты өмірге жетелеуі керек. Өлеңнің «есімі (мазмұны) алтын, сафы (түрі) күміс» болып келуі керек. Көркем сөздің күші Абайдың айтуынша мынада:

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас.
Қиналма бекер тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ ойға алақ.

Абайдың бұл сияқты айтқандарынан мынадай қорытынды өзінен-өзі келіп шығады: поэзия – адамның психологиясына әсер етудің мықты құралы. Бірақ оның әсер етерліктей күші болуы үшін ақын адамдардың психологиясын жақсы білуі керек. Олай болса, поэзиямен шұғылданып жүрген ақын әрбір адамның психологиясын әрекеттерінің ерекшеліктерін, оның даму заңдылығын зерттеп, оны жақсы білуі керек.

Т. Тәжібайұлы кемеңгер, ойшыл ақынның шығармаларын терең талдау нәтижесінде оның психологиялық көзқарастарын ашып береді. Абай шығармаларындағы ақыл, сана, ойлау, қиял, сезім, ерік, ес, елес, мінез, қабілет, дарын сияқты психологиялық ұғымдардың мәнін түсіндіреді. Психология мәселелерін қарағанда Абай сол кезде қалыптасқан үш мүшелі (ақыл, сезім, қайрат) бөлуді алады да, оның мазмұнына түсінік беруге талаптанады.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек

Ақыл-ой құбылыстарына ол түсіну мен қабылдауды, ойлау мен ақылдың өзін (яғни сананы) жатқызады. Ал мінезді қайратпен қоса қарайды. Ақыл-ойға сабырлылық, анықтылық және өткірлік қасиеттер жатады. Сезімге психикалық көңіл күйінің жылылығы, қуаныш пен кек, құмарлық пен махаббат шағы жатады. Ал төзімділік, талаптанушылық, өзінің нәпсісін тыя білушілік қайрат-жігер процестері болып саналады.

Әуелде бір суық мұз, ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, талапты, шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады білсең керек.

Ақыл мен сезім және қайрат, Абайдың ойлауынша, бірлестікте, толық тұтастықта және жарастықта болуы керек, өйткені бұлар бір-бірінсіз пайдаға аса алмайды; ал бұлардың жеке-жеке ажырап кетуі, тығыз байланыста, бірлестікте болмауы адамды көңілсіз жағдайларға ұрындырды, оны өмірдің қалыпты жолынан шығарып жіберуі мүмкін. Сондықтан ғылымның міндеті – адамның осы үш салалы психикалық әрекетін зерттеу, сөйтіп, олардың бірлестікте болуын қамтамасыз ету. Ақын былай дейді:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жолда жоқ жарым есті жақсы демек.

Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым, сол үшеуінің жөнін білмек.

Қайрат, ақыл және сезім бірлестікке келтірілуі мүмкін. Бірақ бұлардың арасы ажырап кететіндей жағдай туып қалса, онда қашан да басқарушы және жетекші рөл атқаратын жүрекке, яғни сезімнің қалай дегеніне жүгіну керек. Ол, Абайдың айтуынша, ақылды дұрыс жолға салып, ерік күшін дұрыс пайдалануға жетектеуі керек. Тағы бір жерде Абай ақыл мен қайрат адам өмірінде шешуші болып саналады дейді.

Бірақ олар жүректен шығатын әділеттік болмаса, пайдасыз болады және өзі атқара алмайды деп көрсетеді.

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың жалын, артың мұз,
Барар едің қай жаққа.

Бұл айтқандарынан Абайдың орыстың ұлы педагогі және психологі К.Д. Ушинскийдің көзқарастарына жақындайтын сенсуалистік көзқарастары өте айқын көрінеді.

Қорыта айтқанда, Т. Тәжібайұлы ұлы Абайдың шығармаларында педагогикалық, психологиялық ой-пікірлердің құндылығын, маңыздылығын түсіндіреді. Бұл зерттеулер – Абайтануда зор маңызы бар, құнды ғылыми мұра. Біздің міндетіміз – оқу-тәрбие жұмысында ұлы Абайдың шығармаларын кеңінен пайдалану. Ұстаздар өзі оны толық түсініп, ұғып-білгенін шәкірттеріне шебер жеткізе білуі қажет.

II Абай дастандарына («Ескендір», «Масғұт») психологиялық салыстырмалы талдау

Әдетте, біз Абайды ұлы ақын, кемеңгер ойшыл деп білеміз. Оның шығармашылығын әдебиеттану мен тіл білімі, философия мен психология тарих пен өнертану ғылымдары тұрғысынан қарастырамыз. Сөйтіп, Абайдың қазақ мәдениеті мен қоғамдық және эстетикалық ой-санасының дамуындағы рөлін көрсетеміз.

Абай өзінің өлең-жырларында ел ішіндегі ұрлық-қарлықты, алты бақан алауыздықты, күншілдікті, жатып ішер жалқаулықты өлтіре сынап, жастарды адал еңбекке, отырықшылыққа, өнер-білімге шақырады.

Шығыс пен Батыс классиктерінің ой-пікірлерінен нәр алған ұлы ақын адам психологиясы мен тәрбиесі мәселелеріне де кеңінен тоқталып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде педагогикаға, психологияға қатысты көзқарасын білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдеттардан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңгізу, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды.

Абай дастандарындағы кейіпкерлерінің мінез-құлқын тамаша сипаттайды. Кейде ол кейіпкерлеріне қазақ халқында жиі кездесетін кейбір мінез-бітістерін де қосады. Мұхтар Әуезовтің айтуы бойынша: «Абай өзінің жас шағынан жақсы білген классик ақындарды – Фирдауси, Низами, Шейх Сағди, Хафиз, Науаи, Физули, Бабырларды өмір бойы өте қадірлеп, үлгі тұтқан. Ерте кезден оларға еліктеп жазған шығармалары да бар болатын. Кейін Низами, Науаи жырлаған Ескендір дастанын, Аристотель жайлы әңгімелерді, батыс әңгіме стилінен алып, өзінің қосқан жаңа

сарындарымен осы дастандарды көркейтіп, жыр етіп шығарады.

Әуезовтің осы айтылған сөздерінен шығатын түйін-қорытынды – Абай шығыс сюжетіне негізделген поэма-дастандарын жас кезінде емес, әбден кемеліне келіп, өмір тәжірбиесі жинақталып, ақындық-ойшылдық мәселелерімен байланыстырып, ұштастырған.

Абай заманында Ескендірді шын мәнінде кім болғанын, қандай адам болғанын ешкім білмеген, оны данышпан патша, әулие, пайғамбар деп санап жүрген. Ал Абай болса, өз дастанында тарихи фактілерге сүйене отырып, Ескендірдің қандай адам болғанын шындықпен жазады. Ескендірдің мінезін, қандай адам болғанын Абай бір-ақ жолмен баян етеді:

Филипп патша (Ескендір) баласы ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.

Егер осы тұста Ескендірдің «мақтан сүйгіштігін» алатын болсақ, бұл мінез ерекшелігі біздің қазақта өте жиі кездеседі. Абайдың өзі айтқандай:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.

Ал Ескендірдің қызғаншақтығын әр адамға тән қасиет деп санауға болмайды. Қызғаншақ адам ешқашан да бақытты бола алмайды. Оған әрдайым бір нәрсе жетіспей тұрады. Қасындағыларға тыныш өмір сүргізбей, қиянат жасайды. Мысалы, Ескендірге Абайдың былай айтқанындай:

Өз жұрты аз көрініп, көршілерге,
Көз алартып қарады оңды-солды.

Ескендірдің бұл мінез қырларын толығырақ, тереңірек сипаттау үшін оның жиырма бір жасқа толғанда жасаған бір ісін автор суреттейді. Оның қанішерлік қасиеті жасы ұлғаюымен қатар бірге өсе түсуін айтады:

Жазасыз жақын елдің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандар ақты.

Жалпы, қазақ халқында ондай жаугершілік, қанішерлік болған емес. Рас, қазақ халқы көп соғысып, қырқысты. Батыр да ержүрек жауынгерлері көп болды, бірақ олар халқын жаудан қорғау үшін ғана шайқасты. Қазақтар – бейбітшілікті сүйетін халық. Олар «сен тимесең, мен тимеймін» деген сөздерді ұстанады. Ал егер тиіссең, аман құтыламын деп ойлама.

Мінез адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік деп саналады.

Сонда Ескендірдің негізгі өмірлік бет алысы, мақсаты – жер бетіндегі бүкіл халықтарды қырып-жойып, «жер жүзін» басып алу.

Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады.

«Жаман болсын, жақсы болсын әйтеуір адамда бір мінез бітісі болады. Ескендірді қанша жамандасақ та, оның кей артық қасиеттерін айтып кету қажет. Ол өте шебер қолбасшы болған. Ол әскерлерінің арасында бәріне ортақ қатаң тәртіп орнатқан».

Мінез адамның басқа психикалық қасиеттерімен байланысты. Мысалы: осы «Ескендір» дастанына қатысты мінездің темпераментпен байланысын қарастырайық. Ескендір – темпераменті бойынша қызу қанды адам, сонымен бірге өте ашушаң. Оның осы мінез ерекшеліктерін келесі жолдарда анық көруге болады:

Долдықпен хан Ескендір ашуланды,
Ашулана қақпаға жетіп барды.
Қақпаны дүбірлетіп қағып-қағып,
Қақпанды аш, – деп, барынша айғай салды.

Мінездің мұндай сырлары кей қазақтарда да кездеседі. Менсінбеушілік пен тәкаппарлыққа салынған бастықтарымыз үлкендерге сәлем беруді ұмытпақ түгілі, ақырып-жекіреді. Соның ішінде біздің қақпаны қаққаннан кейін артынан күзетшісі келіп, психологиялық мәнге ие, тәрбиелік мағынасы зор насихат айтады:

Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең.
Іші тар көре алмастың біреуі сен,
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.

Яғни егер сен өзіңді мықтымын деп білсең, алдымен өз нәпсіңді жең дейді, кейбір адамдар ешқашан өз қажеттілігін, өз жеңілісін мойындамайды. Әйтеуір, қалай болса да соңғы сөзді солар айтуы керек. Ескендір сондай адамдардың қатарына жатады. Ол ең болмаса халыққа нышан ететін бірдеңені талап етеді. Сонда оған орамалдағы түйіншекті қақпаның ар жағынан лақтырып жібереді. Қуанған патша оны алып қараса, ішінен көз сүйегін ғана табады. Ол ашуланып, сүйекті жерге лақтырады.

Енді Абай өз дастанына белгілі философ және Ескендірдің ұстазы Аристотельді енгізеді. Аристотель – психологиялық сипаты тарапынан шәкіртіне қарама-қарсы келетін адам. Абай оны дастанда данышпан, ақылгөй, адал, мейірімді, шыншыл, терең ойлы адам етіп сипаттайды. Осы тұста Ескендір мен Аристотельдің арасындағы қарым-қатынасқа ұқсас жайт қазақ тарихында да кездеседі, ол – Абылай хан мен оның қасындағы кеңесшісі, ақылшысы, досы Бұқар жыраудың арасындағы қарым-қатынас. Ескендір де, Абылай да батыр болған, бірақ Ескендір батырлығын жаулай, қырып-жою жолында көрсетсе, Абылай хан қайсарлығын, ержүректілігін туған жерін, халқын жаулардан қорғау жолында көрсеткен. Бірақ Аристотель мен Бұқар жыраудың алатын орындары, рөлі өте ұқсас. Екеуі де патшасы мен хандарына көкірегін қатты керіп кеткенде басу айтып отырған.

Сонымен ойшыл Аристотель сүйекті жерден көтеріп алып, қорған тұрғындарының не айтқысы келгенін бірден түсінеді. Аристотель Ескендірге былай айтады: «Таразы әкел де сүйекті сал, Бір жағына алтын сал, өлшеп қара!».

Сонда Зұлқарнайын таразының бір жағына сүйекті, екінші жағына барлық алтынын, байлығын, қаруын салады. Бірақ сүйегі бар таразының жағы қозғалмайды. Ескендір бұған аң-таң болады. Аристотель сонда тұрып шәкіртіне: «Көріп тұрсың ғой, көз ештеңеге тоймайды», – деп бірден бір уыс құмды таразыға салады, сонда барып көз сүйегі аспаннан бір шығады, көзі құм құйылғасын ғана барып тояды», – деп айтады.

Ақырында айтылатын нәрсе, Абай Ескендірді басқалар сияқты мақтап, дәріптемейді, оның нағыз мінез-құлқын ашып айтады. Оны ел жаулағыш, мақтаншақ, қанағатсыз адам етіп көрсетеді. Аристотельді білгіш дана, ақылы артық ойшыл қылып, Ескендірді соның сөзіне тоқтатып, алдына жығып береді.

Шығыс фольклоры негізінде жазылған Абайдың келесі дастаны «Масғұд» деп аталады. Бұл дастанның сюжеті мынадай оқиғамен басталады:

«Бір күні Масғұд далада келе жатса, біреулер шалды ұрып жатыр екен: «Шал байғұс айқайлайды аттан салып, Айырып алған жан жоқ оны барып».

Бұл жерлері біздің қазіргі заманымызға өте ұқсас екен. Көшеде біреуді тонап жатса да, ұрып жатса да жұрт ештеңе көрмеген, білмеген сияқты өтіп кете береді. Масғұдтың ол шалға барып көмектесуі оның ержүректілігін, мейірімділігін көрсетеді. Абай бұл дастанды үш түрлі құбылысқа әртүрлі сипат береді.

«Өте ақылды болсаң, өмір сүргің келмей кетеді, елден асқан бай болсаң, жұрт көре алмайды, ең жақсысы – әйелдердің көңілін өзіңе қарата алатын қасиетке ие болу».

Осы тұста Абайдың Масғұдтың аузына салған сөздерінде, оның әйелдерге деген қатынасы, әйел жанының нәзіктігі, әйелдің психологиясы анық көрініп-ақ тұр.

Масғұдтың бұл сөздерінен гуманист Абайдың әйелге көзқарасы сезіліп тұр. Абайдың айтуынша: әйел сүйе білсең, адал болсаң – досың, жанашырың, әйел тек ұрғашы ғана емес, ол – анаң, жарың, перзентің, әйел сүйіспеншілігіне ие болсаң, онда бүкіл адамзаттың ықыласына бөленесің, өйткені әйел қаһарлы ханды да, қараны да, қастангерді де иіте алады, арашаға түседі, әйел өзінің сүйіктісінің ақылшысы, оны ашудан, зұлымдықтан сақтандырады. Ал бұл қасиеттердің бәрі әйел жүрегінде, көңілі мен сезімінде. Демек, әйел сүйсе, өміріңнің бағы жанады.

Дастанның екінші бөлігінде Масғұдқа Қыдыр ата сұмдық жаңбыр туралы аян береді. Бұл жерде нықтап айтып кететін нәрсе – қазақта өте жиі кездесетін Қыдыр ата және «түсінде аян беру» ұғымы. Сондағы ақынның айтқысы келгені Масғұд керемет данышпан емес, алдағыны да болжай алмайды, ылғи да Қыдырдың көмегіне жүгінеді. Осы орайда айтатын нәрсе – Абай Масғұдқа риза емес. Масғұдтың психологиясы, мінез бітімі, ақыл

дәрежесі – орта адамның мінез бітімі. Өйткені ол қолда бар зор мүмкіндікті дұрыс пайдалана алмайды, ешнәрсенің парқына бармайды, ақылға салмай, өмірдің ағымымен жүре береді. Тіпті өз бетімен ештеңе істемейді, біресе Қыдырдың айтуымен жүреді, біресе халифтың айтқанын істейді, біресе халықтың ырқына көнеді. Абай мұндайға қарсы. Сол үшін де ол дастанын «Ғапіл боп, көп нәрседен құр қаласың, аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең», – деген оймен аяқтайды.

Ұлы ақынның бұл сені қоғамдағы, өмірдегі жеке адам, әсіресе елді басқарушылардың рөлі қандай болу керек деген мәселемен байланысты. Абай шығыс ертегісіндегі «Елдің бәрі жаңбырдың суын ішсе, оны әміршіге ішуге тура келеді» деген тенденцияны қабылдамайды. Ол осылай істеген Арун-Рашид халифті, оның уәзірі Масғұдты шенейтін сөздер айтады. Себебі Абайдың концепциясы бойынша: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» болуы керек. Алайда бұл қасиеттер халиф пен оның уәзірінде болмады.

Көріп отырғандай, Абай дастандарындағы кейіпкерлердің мінез-құлқын қазаққа тән мінез қырларына өте жақын, өте ұқсас етіп алған. Абай – қазақ психологиясын өте жетік біліп түсінген адам.

Ж. ТҮРІКПЕНҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры
А. МӘУЛЕНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Жамбыл атындағы филологиялық зерттеулер ғылыми орталығының директоры

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ЖАЙЫНДА АЙТҚАН ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Абай – туған елінің бағзы Шығыс пен Батыстың рухани ой қазыналарынан нәр алып, өз халқын ғылым мен өнерді жетелеуді армандаған данышпан. Оның қарасөздерінде, өлеңдерінде, дастандарында, нақыл сөздерінде, аудармаларында кісілердің психологиясына байланысты айтылған мәселелер көп кездеседі. Әсіресе айналасындағы адамдардан мысал ала отырып, бүкіл халықтың мінез-құлқын дәлме-дәл айтып кеткен. Соның ішінде қазақ халқы жайында айтылған сөздер, тұжырымдар – өте шынайы, өмірде әлі күнге дейін жиі кездесетін жағы өте көп.

Біз бұл мақаламызда Хакім Абайдың тек 3, 7, 8, 14, 16, 20-31 қара сөздеріне ғана талдау жасап, өз пікірімізді білдірдік.

Абайдың үшінші қара сөзінде қазақтың еңбек харекетіне байланысты бітістерінің кері тұстарын айқын көрсетеді, яғни еңбек етіп, бейнеттенуге ебі жоқ, айналысар ісі – бір ғана мал жыю, оның өзі де таза, әділ жолмен емес, мал көбейсе, кедей малбағары көбейер, жұмыстан қолы босаса, жұмыссыздық, құр жатыс адамды азғырады, осы мінезіне тағы да кері мінездер қосуы ықтимал.

Достық дегенді қазақ бір-біріне ойлай ма дейді, «достық – адамның бір-біріне сөз жүзінде де, іс жүзінде де, адал және шынайы болуы, бір-біріне толық сенуі». Ал Абай қазақтың өзара қатынасын былай көрсетеді: байлар кедейдің көбейгенін, өз ішінде билікке таласу, аяқтан шалу, жақсы адамның үстінен бекер өтірік айтып, сатқындық қылуы – бұлардың жүрген жеріне достық сыймайды. Жалқау, менмен, мәдениетсіз достыққа арқау бола алмайды.

Жетінші сөзінде: Абай адам туғанда екі мінезді болып туады дейді: жан құмары, тән құмары.

Жан құмары – құлақпен естіп, көзбен көргенді, тән құмары денеге тигенді сезіп, оның дәмін, иісін сезуді құмарту, тән жанның құлы болса керек. Қазақтарда керісінше: «Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілмен қарамадық, көзбен де қарамадық, көңіл айтып тұрса да сенбедік», – дейді.

Сегізінші сөзінде: Абай қазақ байларының мінезін былай түсіндіреді: олардың ойы, мақсаты, ерліктері, тәкаппарлығы, мақтаншақтығы тек малға қатысты. Мал – оларға ақылдан да, ғылымнан да, керек десе, достан да қымбат. Адамның жақсы, дара мінездерінің дамып қалыптасуына лайықты орта гуманистік, демократиялық қоғам десе, Абай заманы мұндай қоғамнан едәуір алыста жатқан. Ғылымға, білімге деген қызығушылығы жоқ кедейі де, байы да кереғар қоғамның ол заңдылығын бұзып, өзгертуге белсенділік, батылдық танытпаған. Мінез еріктік сапа жағынан 2-ге бөлінетін болса, Абайдың көрсетуі бойынша қазақтың мінезі соның екіншісіне, яғни негативизмге (қыңырлық) жақын. Малдан басқа шаруаға иілмейтіні – жалқаулық, кез келген іске тез бейімделмейтіні, ғылымға мойынсынбауы, қыңырлығы мен жігерсізі. Адамшылдығы жайында: қазақтың малды тапса, иттікпен тауып, адамшылдықпен жұмсаған емес, онысынан иттікпен айырылады. Малының көптігіне мақтанып шалқиды.

Он төртінші сөзінде: Абай нағыз батырға тән қасиет деп, айтқанға көнгіш, уағдаға тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, адасқан көптің атының басын бұруға жараған ерлік, батырлық дейді.

Жүректе жігер, байлаулықтың жоқтығы білместіктен емес, арсыздықтан, қайратсыздықтан деп көрсетеді. Көп жағдайда кісінің жаман Құдайға теріс көзбен, ар мен ұятқа мойынсұнбауынан, өз ісінің дұрыс-бұрыстығына көз жібертіп қарамауынан деп түсіндіреді.

Он алтыншы сөзінде: жігерсіздігі – жақсы іс ойлап, үйреніп әлек болмайтыны, аз біліміне қанағат қылуы, алға ұмтылыстың жоқтығы көптің бірі болып жүруді місе тұтуы. Абай қазақ бойындағы бір мінез кербездікті жақсы талдайды. Материалдық дүниенің, тән сұлулығын жоғары қойып, оған ие болатын жұрттың арманы жоқ дегенге жауап – масқаралық, ақымақтық деп, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінезбен озады дей келіп, онан басқасы ақымақшылдық деп көрсетеді.

Келесі мінездің жаман жағы – орынсыз мақтан. Оны Абай екі түрге бөліп қарастырады.

Біріншіден, надан, мақтаншақ атанбастығын, өсекші, өтірікші атанбасы үшін, т.б. жарамсыз қылықтардан сақтанып жүретін ақылдылар, артықтардың мінезі;

Екіншісі, өзі туралы мақтап айтсын дейді, мақтаншақтың үш түрін көрсетеді: жатқа мақтанардай, елі ішінде, өзге кісі қостамайтын мақтан іздейді. Мақтаншақтық – надан ісі деп көрсетеді.

Абайдың қарасөздерінің мақсаты: сол кезде қазақ халқының көпшілік бұқара қауымының мәдени өрісі әдебиет мектебінен осындай үлгідегі сөз сабағын керек ететін дәрежеде болатын. Данышпан ақын осы тарихи шындықтың негізгі тамыры – надандыққа соққы беруге, халық санасына әсер етуді өзіне міндет етті.

20-қара сөзі: Барлық адамдарға тән іс – жалығу. Бұдан қанша құтылайын десең де соңыңнан қалмайды. Адаммен бірге жаратылған нәрсе. Барлық заттан түбінде, әйтеуір жалығасың. Өмірдің баянсыз, шолақ екенін білгендер тіршіліктен де жалықса болады. Бұл жағдайда ақымақтық пен қайғысыздық та бір олжа, табыс екен дейді. Расында, ақымақ, надан, санасы төмен адамдар ғана бұл өмірде не үшін өмір сүріп жатқанын, өмірде ненің пайдалы, ненің пайдасыз екенін де білмейді. Жалығу тек өмірінің соңында, көп көрген, көп білген, ойлы адамнан шығады. Бұл өмірде екі зат бірқалыпта тұрмайды.

22-қара сөзінде: Мақтаншақтық жайында айтып өтеді. Бұл жаман қасиет, әрине, өз ішімізде жиі кездеседі. Абай айтып кеткендей, мақтаншақтықтың екі түрі бар екен. Оның бірі – өзінің жаман, жарамсыз қасиеттерінен сақтанып, оны қорлық деп білу. Бұл – жақсы қасиет. Ал екінші түрі – әйтеуір қалай да болсын мақтай берсе екен деп ойлауы. Мұндай мақтаншақтық надандықтың белгісі деп атап еткен.

28-қара сөзін оқи отырып, осы өмірдің де көптеген элементін байқаймыз. Шындығында, бай, болыстарды жоғарыда отырған шенеуліктерге теңеп, мырзаларды өзінен жоғарыда отырған адамдарға жағымпазданған құр кеуделерге, болыс пен билерді өз қолында билігі жоқ, отырған тағын мал-мүлікке сатып алған, халықтың қанын ішкен, құр мүләйімсіп жүрген әкімдерге,

кездесетін мықты сымақтарды әкіреңдеген, дүлей жоғарғы жақтың қол шоқпарына теңеп, бұлардың бәрі құл, ұры, залым, сұмдардың бәрін қарамағына жинап алып, бар адамның сөзін сөйлеп, қойдай момын халықтың жарымын алып, бермесе тартып алып, қалған жарымын зұлымдарға жеміт болып жүргендерді аяп, соның тілеуін тілеу қылды. Одан басқа құрметтейтін адамды таппассың.

23-қара сөзі: Бұрын да, қазір де қазақ халқын оңдырмай келе жатқан жұбаныш пен қуаныш деген бар. Иә, Құдай сақтасын, мен одан әлдеқайда жақсы екенмін дейді. Сондағысы өзінен сәл надандау, ақылсыздау біреуді көрсе қуанады. Өзін сол адаммен салыстырып, жаманмын деп ойламайды. Ал жұбаныш жайында былай дейді. Не көрсек те елмен бірге көрейік, көппен көрген ұлы той деп жұбаныш қылады. Мұндай ойдан аулақ жүрген дұрыс.

24-қара сөзінде: Қазақ халқының ешбір халыққа ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері аталып өткен. Қазақтар бірін-бірі аңдып, ұрлап, кірпік қақтырмайды. Біреу өзінен асып, өсіп кетсе міндетті түрде оның аяғынан шалып қалу қажет. Бірін-бірі көре алмай араздасып, аңдысып өтеді, бірін-бірі құртпай тыныш таба алмайды. Осылай жер жүзіндегі жұрттың қоры қазақтар болып өте береміз бе?!

25-қара сөзі: Білім мен ғылым жайында. Әуелі білім алмас бұрын мал-мүлік жинап, кішкене болса да баюы қажет. Артында түгі жоқ, қалтасында көк тиыны жоқ адамға білім қайдан қона қояды. Әйтеуір, бір жоқ жағдайын қысып тұрады. Егер де өзің білім алуға шамаң жетпесе, үрім-бұтағыңа жағдай жасауың керек. Содан кейін ғана білім, ғылымды толығымен қамти аласың. Ал қазақтар қайтеді? Байығаны өте жөн, бірақ ол байлықты түкке қажетсіз дүниеге жұмсайды. Ақша болған соң білімнің қажеті жоқ деп шығады. Бәрін де сатып алуға болады. Онымен қоймай балаларын да соған қарай тәрбиелейді, содан кейін баласының да білімге деген ынтасы болмайды. Сол үшін де Абай атамыз айтып кеткен екен: Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма, баланды да жастайынан үйрет. Бір қазақ ит болып қапса, ешкімге опа әкелмейді.

26-қара сөзі: Қазақ басқадан бір асырмалы іс істеп немесе біреуден озып кетсе қатты қуанып, қуанып қана қоймай басқаның ызасына тигенді жақсы көреді ғой. Басқа адамда оның істегеніне

жер болып, ызаланады. Бұл сонда қандай қуаныш, бір мезеттік сәттілігіне соншалықты мастанып, ал екіншісі оны көре алмай, жер болуын қалай түсінуге болады?! Мұны қазақтың өзі де түсінеді, бірақ бәрібір ертең осы әдетіне қайта салады. Одан тек қорыққанда, өлгенде ғана тоқтайды. Әйтпесе жаман әдеттен тез бас тартып, өздігінен тоқтайтын адам қазақ арасында көп кездеспес.

27-қара сөзі: Сократ хакімнің сөздері келтірілген. Мұнда Құдай тағаланың адамды не үшін, қалай жаратқанын айтады. Ең әуелі, құдай көзді жаратыпты. Көз тек жақсы заттарды көруге, одан ләззат алуға жаратылған. Көз керегіне қарай ашып, жауып тұрсын деп қабақ берген, желден, қоқым-топырақтан қорғап тұрсын деп кірпік берген, маңдай терің көзге түспеуі үшін қас берген, ал, құлақты тек жақсы сөз, ән, дауыс, үн естуі үшін берген екен. Ал мұрнымыз болмаса жағымды, жақсы иістерді сезе алмай, жаман иістен қашық бола алмас едік. Таңдай, тілімізсіз тәтті, дәмдіден тата алмас едік. Мұрынды, көзді ауызға жақын жаратқан, ішіп-жеген астың таза, дәмді екенін біліп ішіп-жесін дейді. Қажет болса да, жиіркенерлік жерлерді бастан алыс жерлерге жаратқан. Мұның бәрін құдай өзі дәлелдеп, біліп істегені және де адамды хайуаннан артық жаратып, көбірек ақыл берген. Сондықтан адам құдай тағаланың алдында қарыздар, құдайдың алдында құлшылық етуі қажет.

70 жыл бойы коммунизм деп қазақтар құдайын ұмытып, дінге жат небір күнә істерді жасап келді. Енді көзі ашылғандар ұмытылғанды қайта орнатып құдай жолына түсіп те жатыр. Бірақ халық бұрынғы сана сезімінен ояна қойған жоқ. «Баяғы жартас сол жартас» дегендей арағын ішіп, өтірігін айтып, араларына от салып, өз қу басы үшін барлық жамандыққа бара беретін адамдар әлі де көп. Оларды құдайға құлшылық еткізу үшін қанша уақыт керек екенін кім білсін?..

28-қара сөзінде де Құдай тағала жайында. Адамға байлық, саулық, естің бәрін құдай өзі береді деп санайды. Әрине, ауру, кедейлік, байлықты, жақсылықты, жамандықты құдай жаратқан, бірақ оны құдай адамға арнап бермейді. Оған адам өзі кезігіп, бас ұрады. Мұндай қате ойды санасы төмен адамнан ғана естуге болады. Әйтпесе халықтың өзі де біледі ғой жақсылық та өзінен, жамандық та өзінен, бай болғысы келсе, жолын тауып, еңбек етсе

байиды, өзін-өзі күтсе аурудан да алшақ жүреді. Тек құдайдан не тілесең, сол болады, құдай өзі ниетіне қарай береді. Қазақ халқы соны дұрыс түсінуі керек.

29-қара сөзі: Қазақтың кейбір мақал-мәтелдері жайында. Кейбір адамдар мақал-мәтелдердің мағынасын түсінбей, терең үңілмейді немесе сөздің терең мағынасын түсінбей мақал шығара береді. Мұндағы Абайдың айтайын дегені білместіктен айтылған сөздерді дер кезінде өңдеу керек, өйткені осындай нақыл сөздер арқылы ғана адам тәрбие алады.

30-қара сөзі: Кейбір адамдар болады, ол қазақ арасынан да көп кездеседі. Ол – өз әліне қарамай өзінше кісімсінуі. Өз ойынша, бәріне жақсылық жасап, бәрін адам қылып аяғына тұрғызғандай сезініп қоқиланады. Мүмкін біреуге кішкене көмектескен де шығар, бірақ оны міндет қылудың қажеті де жоқ. Санасы бар адам өзі де түсінеді, біледі. Тәубә етіп, жақсылық адамнан қайтпаса да, құдайдан қайтсын деу, неден кем.

31-қара сөзі: Адам бір нәрсені ұмытып қалмауы үшін не істеуі керек жайында, егер ол ұмытшақ болса немесе уайымсыз, салғырт, ойын-күлкішіл немесе бір қайғыға салынғыш немесе бір нәрсеге құмарлық пайда болу сияқтылар адам ақыл-ойын тез тоздыртып жібереді. Сол себепті өз орнымен уайымдап, өз орнымен ойнап-күлу қажет.

Данышпан ақын әрі ойшыл Абай Құнанбайұлы «өз халқының рухани көзі» болып, онымен бірге ойлап, сезіне білді және оның жарқын болашағына риясыз сенді. Халықтың азаттығы мен достығының жыршысы атанған Абай күллі Шығыстың шоқтығы биік тұлғасына айналды. Шығыс поэзиясының аса білгірі әрі нәзік сезіммен бағалаушысы – Абай қазақ халқының көпғасырлық мәдениетінен ең асылдарын ғана теріп, оны орыс және батыс еуропалық өркениет үлгілерімен байытты.

Қазақтың классикалық поэзиясының асқар шыңы болып саналатын Абайдың мұрасы мол. Соның ішінде моральдық, философиялық, қоғамдық-саяси және кейіптік-сатиралық ой-толғаулары – қарасөздері маңызды орын алады. Бұл – ақынның көп жылғы ой-толғанысының, мазасыз көңіл-күй кешуінің және азаматтық жанайқайының жемісі. Шығарманың бейнелі тілі, ақынның ағынан жарылуы, оның адамгершілігі, биікке талпынысы, кемеңгерлігі қарасөзді адамзат тарихындағы ғаламат әдеби

ескерткіштерінің қатарына қойып отыр.

Абай өзінің қарасөздерінде адамдық ар-ожданға кір келтіретін кемшіліктерден арылып, ең алдымен, рухани өркениетке ұмтылуға, білім арттыру жолына түсуге және өз халқының ғана емес, басқа халықтардың да өнері мен кәсібін үйренуге шақыра отырып, мұның бәрі тәуелсіздікке жетудің бірден-бір дұрыс жолы екенін атап көрсетті.

Абайдың пайымдауынша, осылай ғана әлемнің ұлы халықтарының деңгейіне көтерілуге болады. Уақыт кемеңгер ойының дұрыстығын дәлелдеді.

Бүгінгі таңда Абай шығармалары әрқилы халықтар мен мәдениеттерді жақындастырып, адамзаттың бәрінің рухани игілігіне айналып отыр.

Д. ЫСҚАҚҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

ҰЛТ ЖОЛЫНДАҒЫ РУХАНИ БАҒДАР

Бүгінгі қазақ қоғамы үшін ұлттың рухани тұтастығы мен адамдық келбетін сақтау – ең өзекті мәселенің бірі. Уақыт алмасып, заман өзгергенімен, ұлттың ішкі болмысы мен қоғамдық құндылықтардың төмендеп бара жатқаны алаңдатады. Қазіргі қазақ қоғамында рухани биіктікке емес, материалдық молшылыққа ұмтылу белең алды. Көпшілік үшін өмірдің мәні ішіп-жем, киініп-кигізуге тіреліп тұрғандай. Мұндай үстірт тірлік – Абай сынаған пендешіліктің бүгінгі көрінісі. Халқының мінез-құлқы бұзылып бара жатқанын терең түйсінген Абай – адамды адам етіп қалыптастыратын рухани ілім – «толық адам» тұжырымын ұсынды. Бұл – ұлт ретінде тіршілік етудің, ел ретінде ұйысудың ең сенімді жолы.

Абайдың пайымынша, сөз жай ғана дыбыстардың жиынтығы емес, жүректен шыққан шындықтың үні болуға тиіс. Ол: «Сөз жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді», – деп сөздің әсер ету күші оның шынайылығында екенін ескертеді. Егер адамның бойында рухани қуат, ойында тереңдік болмаса, ондай жанға айтылған сөз де зая кетпек. «Бойда қайрат, ойда көз болмаса, ондайларға айтпа сөз», – деуі де сондықтан. Ал жүрексіз айтылған, сезім мен сенімнен ада сөз – жалған сөз. Абай мұндай жасанды, риялы сөзге сенбеуге шақырады. Себебі ондай сөз елді де, ерді де адастырады.

Жер бетіндегі тіршілік иесінің барлығы үшін өмір дегеніміз – жетілу жолындағы күрес. Адам өмірінің мақсаты да барлық жағынан жетіліп, табиғи ортаға бейімделіп, рухани жағынан байып, өміршеңдік қабілетін арттыра түсу. Міне, адамзат қоғамы үшін аса маңызды осы бір мәселе Абайды да толғандырды. Ол ғылым-білім, өнерді үйрену арқылы имандылық ой-өрісті дамытып, рухани жетілуге басты назарды аударады. Абайдың айтуынша, жан жүректе жайғасқан. Жүрек қандай болса, адам да сондай. Адамның бүкіл тыныс-тіршілігі жүрек арқылы басқарылады. Жүрегі жылы, тәрбиелі болса, ондай адамның ішкі жан

дүниесі де таза; рухани жағынан жетілген адам өмірде көп қателеспей, дұрыс өмір сүре алады. Абай адам баласының бақытын оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланыстырады. Жүректің жақсы болуы адамның ақылды, қайратты болуына тікелей байланысты. «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Абайдың жырлауынша, адамды адам қып сақтап қалатын да, өмірдің қандай тығырықтарынан алып шығатын да – осы үш қасиет. Осы жолдарды оқығанда, «жүрек көзі ашық» алға үлкен мақсат қойып, таудай талап қылған, айтар сөзін ойланып сөйлеген, істер ісін ақылға салып істеген, өмірді, адамдарды жүрегімен сүйе білгендер ғана сұм жалғанда бақытты өмір сүре алады деген ой келеді.

Ақын – халқының көзі мен сөзі, құлағы, үні мен сезімі. «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаділет, сезім» деп білетін гуманист Абай елінде өмірдің мәні дүние қуушылық, билікке ұмтылушылық деп түсіну салдарынан болып жатқан небір келеңсіздікке шыдай алмай, оларға қарсы бітіспес күрес ашады. «Мыңмен жалғыз алысқан» ақын ел ішіндегі өрескел қылықтарды барынша сын тезіне салды, «қазақтың қазақтан басқа

жауы жоқ» (жиырма алтыншы сөз) болып бара жатқанына іштей күйінеді.

«Тілімізді, ұлттық болмысымызды қалай сақтаймыз» деп жүргенде, әлемнің бір шетінде пайда болған «індет» те жаһанданып, әлемді жайлап, жалмап барады. Тәжтажалдан (короновирус) қорыққандар қазір өзінің жеке ұлт, мемлекет екені есіне түсіп, өздерін сақтап қалу үшін жаһандық байланыстарын тоқтатып, ұлттық үйінің – мемлекетінің есік-терезелерін қымтап, ешкімді кіргізбей де, шығармай да өмір сүруге көшіп жатыр. Басқа түскен ауыр жағдайда не істеуіміз керек, болашағымыз қалай болмақ деген сауалдар күн тәртібінде тұр.

Міне, осындай ұлттың болашақ тағдыры күн тәртібіне қойылып отырған жағдайда ұлттық болмысымызды сақтап, басқа алпауыт ұлттардың ассимилияциясына түсіп кетпес үшін арқа тұтар, тірек қылар ұлтымыздың бар болмысын, өзіндік ерекшелігін, жақсы жақтарын да, кемшіліктерін де айнаға түсіргендей айқындап берген, адам болып, халық болып

қалуымыз үшін не істеп, нені қоюымыз керегін айтып өткен ата қазақ Абайдай ұлы тұлға керек. Абайдың ұлылығы сонда – «біз қазақ қандай болу керек, ұлт тағдыры қыл үстінде тұрған мынадай қилы заманда өзімізді сақтап қалуымыз үшін не істеуіміз керек» деген сауалдарға жауаптың барлығын да Абайдан, оның қаламынан шыққан 176 өлең, 3 поэма, 45 қарасөзден табамыз. Сонымен, қазақтың ұлттық бейнесін Абайдың рухани болмысынан толық көреміз; Абай дегеніміз – қазақ, қазақ дегеніміз – Абай. Абай ел болу үшін, өсіп-өркендеу үшін, ең алдымен, бірлік керек дейді. Абайды оқиық: «Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды «бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен» деп. Олай болғанда, байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай, мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы – осы. Ағайын алмай, бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін Құдайдан тілейді, әйтпесе Құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір, бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты». Бірлік – елдің елдігінің басты белгісі. Бірлік жоқ жерде елдің тоз-тозы шығып, мұның аяғы іштей ыдыраушылыққа, қантөгіске апарып жатқанын бүгінгі өмір де көрсетіп жатыр. Демек, Абай XIX ғасырда көтерген ұлттың ұлт болып ұйысып, халықтың халық болып өмір сүруінің бірден-бір шарты болып табылатын аса маңызды мәселені көтеріп, оған дұрыс түсінік беріп отыр. Абай көтерген ұлттық бірлік мәселесі бүгінге дейін күн тәртібінде тұр.

Демократиялық қоғам орнатуға кіріскен елімізде идеологиялық жұмыстардың жетімсіздігінен ұлттық бірлікке қол жеткізудің қиын болып жатқанын осылайша түсіндіруге болады. Абайдың ұлылығы сол – ғылыми жағынан да, жүзеге асыру жағынан да ұлт үшін аса маңызды болуымен бірге, аса қиын осы бір мәселенің дұрыс шешімін осыдан бір жарым ғасыр бұрын айтып кетіпті. Абайдың «ақылға бірлік» деп отырғаны ой бірлігі,

идея бірлігі бүгінгі қазақ қауымының алдына өткір қойылып отыр. Бұл мәселені тәптіштеңкіреп отырғанымыз – Абайдың бұл әлеуметтік дерттің диагнозын дәл қойып, одан шығудың жолын да дұрыс көрсете білуінде екеніне назар аудару.

Бұл жерде Абай неге ой бірлігі демей, ақылға бірлік деп отыр? Адамның миында жинақталған білім-ғылымның, ақпараттың түрліше сипатта болуына байланысты әртүрлі ой туындап жатады. Мидың негізгі қызметі – сол мәліметтерді жинақтап, сақтау, ең негізгісі, солардың жақсы-жаманын, пайдалы-пайдасызын, зиянды-зиянсызын дегендей, әбден саралап, қорытып, соның тиімдісін адамға, қоғамға ұсынып отыру. Адамның қоғамдық-әлеуметтік қызметіндегі ең маңыздысы осы – ойлау үдерісінің барысында дұрыс идеялардың өмірге келуі. Егер де осы мәселеге қатысты ақпараттар жоқ, не жетімсіз, не басқа бағыттағы болса, ойлаудың барысында теріс ой қорытындылары шығуы мүмкін. Міне, мидың осы бір аса күрделі қызметі қажет ақпараттармен толық қамтамасыз етілгенде, білім-ғылыммен қаруланғанда, жүрек жылуына оранғанда барып дұрыс нәтижеге қол жеткізетін болады. Адам қажетіне қарай осы дайын ой қорытындыларын өзі пайдаланады, не болмаса, қажет еткен өзгелерге «ақыл айтып», ұсынып жатады. Қорытылған қажетті ойды біз қазір «идея» деп жүрміз. Абайдың кезінде «ақыл» аталған. Қазір ауызекі тілде көп айтылатыны да, көбіміздің қолымыздан келетіні де осы – ақыл, ақыл айту.

Біз осы уақытқа дейін өміріміздің ертеңіне байланысты ауқымды мәселеден гөрі бүгінді ғана, яғни тамағымыз тоқ, киіміміз бүтін, деніміз сау болса деген секілді майда-шүйде тұрмыстық күйбең тірліктен ары аса алмай жүргендейміз. Болмайтын нәрсеге жүйке жұқартып, ашу шақырып, ойымыз, сөзіміз бұзылып, құтырып жүрген жайымыз бар. Тіпті көпшілігіміз әлі күнге дейін «мен осы кіммін, бұл өмірге не үшін келдім, өмірдің мәні мен мақсаты не» деген сияқты сауалдарды түсіне алмай, қалай өмір сүруді білмей, әйтеуір, бір тіршілік етіп, күн кешіп жатқан сияқтымыз.

Адамның адам болып өмір сүруі үшін екі түрлі азық – тән азығы мен жан азығы керек. Абайша айтсақ, «Адам ұғылы екі нәрседен тұрады: бірі – тән, бірі – жан». Мұндағы тән азығы адамның биологиялық тіршілігін қамтамасыз етіп отыратын

азық-түлік пен ыстық-суықтан қорғайтын киім-кешек болса, жан азығы дегеніміз – оның қоғамдағы қарым-қатынасын, өмірлік мақсатын айқындап отыратын өмір сүрудің адамгершілік нормалары. Тән азығы негізгі қозғаушы күшке айналса, қоғамды дүниеқоңыздық, жемқорлық, адам адамға қасқыр болып, әділетсіздік, қылмыс жайлайды. Ал жан азығы алға шықса, адамгершілік салтанат құрғанымен де, елді кедейшілік жайлап, күнкөріс қиындайтын болады. Сондықтан адамның дұрыс өмір сүруі, қоғамның қалыпты дамуы үшін осы екі түрлі – тән азығы мен жан азығының тепе-теңдігін сақтап отырудың маңызы зор.

Әртүрлі пікірдің айтылып жатуы – демократиялық қоғамда ой еркіндігінің басты көрсеткіші. Бүгінгі қоғамда адамдық қасиетті сақтау, ұлттық болмысты жоғалтпау, ой мен жүрекке бірдей жүк артқан парасатты ұрпақ тәрбиелеу ең өзекті, ең күрделі міндетке айналды. Абайдың «толық адам» ілімі ұлт жолындағы рухани бағдар, биік өлшем болып қала бермек. Рухани азығы жоқ, мақсатсыз тіршілік – ұлтты әлсірететін үлкен қауіп. Сондықтан бізге қажеті – Абайша ойлап, Абайша сезініп, Абайша өмір сүру. Сонда ғана адам болып қаламыз, ел болып ұйысамыз.

Қ. ӘБДЕЗҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері

АБАЙ ЖӘНЕ ТӘКЕН

Әуезовтің шәкірт-досы, қазақ прозасына өлшеусіз үлес қосқан жазушы, сыншы, әдебиет зерттеушісі Тәкен Әлімқұлов осыдан жетпіс жыл бұрын Абай шығармашылығын зерттеуге ат басын бұрыпты. 1954 жылдың алғашқы айларында Абай поэзиясының көркемдік құндылықтары, жаңашылдығы, тұтас қазақ поэзиясына, күллі қазақ әдебиетіне, руханиятына жасаған әсер-ықпалы, тарихи миссиясы туралы тұңғыш ой-толғамдарын қағаз бетіне түсіре бастаған. Алдымен алғашқы үзінділерін газет беттерінде жариялап алған соң, осы дүниесін үлкен сүйекті мақалаға, тұтас зерттеу еңбегіне айналдырып, 1958 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарық көрген «Жемісті жолда» атты тұңғыш әдеби-сын мақалалар жинағына енгізіпті.

Осынау 50 бетке жуық көлемді, іргелі мақала кейінгі жылдары тереңдетіліп, ақынның басқа да тақырыптарды кең қамтып толғаған туындыларына да терең талдаулар жасаған ой-толғамдарымен толықтырылып, 1978 жылы «Жазушы» баспасынан «Жұмбақ жан» деген атпен жеке зерттеу еңбегі ретінде жарияланды. Бұл кітап жарық көре салысымен әдебиет сыншыларының назарына бірден ілікті. Басым көпшілігі еңбекті абайтануға қосылған үлкен үлес, Абай поэзиясын насихаттап, оның көркемдік құндылығын, Абай шығармаларының тарихи, рухани орнын танытудағы биік белес болды деп бағалады. Әсіресе 30 абайтанушы ғалымдар, әдебиетшілер тарапынан да жақсы бағасын алды.

Сол тұста өнер адамдарының, яғни әйгілі күйшілер мен арқалы ақындардың, сал-серілердің, тарихи тұлғалардың көркем бейнесін қазақ прозасында сәтті бейнелеп жүрген, өнер тақырыбындағы талантты туындыларымен танылып үлгерген Тәкен Әлімқұловтың бұл әдеби-зерттеу еңбегі шын мәнінде елуінші жылдар ішінде дүниеге келген Абай туралы кітаптардың қатарында шоқтығы биік, жаңа белес болған жұмыс ретінде әділ

бағасын алды. Бүгін, міне, араға жетпіс жыл салып осынау тарихи маңызы бар, керек болса абайтану тарихында да өз орнын ойып алған іргелі зерттеудің өзіндік құндылығына бір оралып өтсек, артық болмайды.

1954 жылы Тәкен Әлімқұлов өз зерттеуін, яғни мақаласының кілтін неден бастаған деп назар салып едік, бірден баурап алып кетті. «Халық тарихында мәңгілік ұмытылмас ұлы уақиғаларды бастасқан, бүкіл ұлт тағдырына ортақтасқан адамдар, шынында да, өлмек емес. Олар халықтың жанына, болмысына, табиғатына сіңіп, өз өмірінің жалғасын келешек ұрпақтан табады, заман озған сайын жаңарып, ұлылығы өсе, тереңдей түскендей болады: өскен заман тереңдегі қазынаны тезірек таниды, тезірек аршып алады. Жеке адамдардың ұлылығы заман ұлылығына жараса түседі.

Осындай халықтың жүрегінде сақталған ұлы адамдардың бірі Абай еді. Ол өз халқының тарихы Ресей тарихымен ұласқан ең бір елеулі кезеңде туды да, асқан көрегендік жасап, туған елін үміті мол тың бағытқа қарай меңзеді. Өз басы соның жолын, тәсілін, саясат, экономика, мәдениет жағынан кенже қалған сахара жағдайында, ең алдымен, өнерден іздеді. Бұл салада «адасқанның алды жөн, арты соқпақ» болған шиырға соқпай, омбылай тартып сенімді төте жолға шықты».

Осынау екі абзац сөздің өзінен-ақ Тәкен Әлімқұловтың Абайдың пассионарлық, ренессанстық тұлғасының тарихи мәнін, оның өнер арқылы, яғни поэзия арқылы ұлтын өркениет жолына бастап, тұтас тағдырын халқының болашағына арнағанын дөп басып айтып отыр.

Заманалар көшінде Абай тұлғасы биіктей береді, биіктей береді дейді. Тап бүгінгі XXI ғасыр шындығын болжап, біліп айтып отырғандай. Әділетті Қазақстан бүгін ұлттық идеологиялық ұстанымының, ұлттық құндылықтарының ең басты өлшемі, басты бағыты етіп Абай ілімін, Абай тағылымын, Абай мұрасын таңдап алды. Абай даналығын қазіргі ұрпақтың баға жетпес байлығына балап отырмыз. Болашақта да осылай жалғаса берері ақиқат.

Өлеңнің қадірін терең сезетін, Абайдың әрбір сөзіне қатысты түбіне бойлай отырып ой тарқататын, пікір түйетін суреткер қаламгер, зерделі сыншы Тәкен әу дегеннен ұлы Абай жүрегінің түбінде нендей сыр, нендей шер мен мұң жатыр, міне, осы

мәселеден бастаған...

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.
Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек?»

деген ақын жүрегіне жүгінеді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында тағдырдың бар соққысына төтеп беріп, өмірдің барлық ащы-тұщысын қатар татқан, заманның ырқына көнбеген, бар ауыртпалығын арқалаған, достан да, дұшпаннан да көңілі қалған қайран ақынның ендігі жүгінері де жалғыз жүрегі екенін сезінесің...

«Қарашада өмір тұр,
Тоқтатсаң, тоқсан көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң, қайтып келер ме?

Майдағы жұрттың іші қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да, сөнер ме?» –

дейді ақын мұңайған бір сәтінде. Өмірдің мәнін, құнын, басы мен соңын терең пәлсапалық ойлармен астарлап, табиғат құбылыстарымен қатар жарыстыра, қабыстыра бейнелейтін ақындық қолтаңба Абайдың адам өмірі туралы барлық өлеңінде арқауы үзілмейді.

Ақын адам өмірінің барлық кезеңіне өлең арнаған. Таңғаласың және сол сезімдерінің, жан толқындарының барлығын жүрек көзінен өткізеді. Жүрек қалауына салады.

Абай неге жұмбақ адам? Осыны ойлауға шақырады ақын. Ал енді Тәкен өзінің кітабының кіріспесін, кілтін осынау жүректен басталатын екі жол өлеңіне сыйғызған. Осынау аса құнды, құнарлы зерттеу еңбегінде араға жылдар салып қайта оралғанда зерттеушінің сөз орамдарына, ойлау жүйесіне, ғылыми тұжырымдарына, толғамдарына таңғалмасқа әддіңіз қалмайды.

Алғашында ақындықтан бастаған, екі өлең жинағын шығарған Тәкен Абай тақырыбына кездейсоқ келген жоқ. Сыншылық жолының басында да қазақтың екі ұлы ақыны туралы іргелі,

сүйекті еңбектері тұрады. Бірі – Абай туралы болса, екіншісі – кезінде әдебиет сынында құбылыс болған мақаласы, қазақтың арқалы ақыны Қасым Аманжоловтың поэзиясы туралы дүниесі. Бүгінге дейін бұл мақала да Аманжолов шығармасын танудағы үлкен белестің бірі болып есептеледі.

Демек, Тәкен поэзия жанрындағы талантты туындыларды талдауға үлкен дайындықпен келді. «Жұмбақ жан» зерттеуінің барлық бетінің, тұтас тарауларының мазмұны Абайдың осынау жұмбақ сырын ашуға, зерделеуге бағытталды.

Тәкеннің Абай туралы түйіп-түйіп айтатын пікірлері де кесек-кесек. Бір тұста Тәкен: «Абай сынды айрықша дарынның, сыршыл, шыншыл суреткердің қоғам атаулыдан алатын әсері, бағдарлайтын байқауы, түйетін түйіні, қазақша айтқанда, жақсыға жанасумен, жаманнан жерумен шектелмейді.

Әлеуметтік көзқарас пен суреткерлік шындықтың арасындағы қайшылық өз алдына. Халқының өсіп-өркендеуін, үлгілі ел болуын тілеген Абай – қайсар қайраткердің қатарында нәзік те әсершіл ақын, қиын болмыс. Оның ішкі әлемі өзі айтқандай, жатқан жұмбақ. Ол халқын танудан жаза баспаса, өзін тануға келгенде ғажайып қайшылықтарға ұрынады. Бұл – өте-мөте ұлы суреткерлерге тән қасиет. Гете мен Омар Хайямның, Пушкин мен Мицкевичтің, прозада Оноре де Бальзак пен Лев Толстойдың тәжірибесі – осының айғағы», – деп толғанады.

Тәкен осылайша Абайды ұлы тұлғаларға, заманның ұлы ойшылдарына теңейді. Ой-зердесін, білім ауқымын, таным көкжиегін, кісілік, қайраткерлік сипатын зерттеуші бірнеше сөйлеммен-ақ қайтара қорытып, еске алады. Ақынның сан қырлы талантының, дарын күшінің мұхиттай терең ағысын айнытпай танитын қаламгер көпсөзділікке ұрынбайды.

Әрдайым қысқа қайырылатын тұжырымдары арқылы ұлы тұлғаның қасиеттерін созбаламай, дәмін кетірмей сығымдап, Абайдың қандай деңгейге, қандай парасат биігіне көтерілгенін толғанып, тебірене жеткізеді.

Абайды хакім, кемеңгер, ойшыл әрі данышпан деп таныған Тәкен жалаң, қызыл сөзге, құрғақ байламдарға құрық бермейді. Абайдың өз шығармаларына арқа сүйейді, әсіресе өлеңдеріне терең үңіледі. Поэмалары мен қарасөздеріне де, аударма туындыларына да мейлінше нақты тоқталады.

Ақынның қаламынан туған туындылардың бәрін Тәкен ой елегінен өткізеді. Әлеуметтік талдауларға да бой ұрады. Оның рухани ізденістері қазақ поэзиясын жаңа биікке көтергенін, классикалық үлгілерді Абай поэзиясынан көреміз дейді.

Хакім философиясы да өмірдің өзінен, адамзат тарихында ғасырлар бойында жинақталған, іріктелген білім қорынан нәр алатынын айтады. Осынау философиялық, пассионарлық таным Абай дәстүріне де жаңалық алып келді. Мәңгілік құндылық – адамзаттық гуманизм идеясына терең бойлаған поэтикалық талғам, ақындық ұстаным Абай шығармаларының алтын арқауы болғанын дәлелдейді. Шығарма мәтіндері арқылы Тәкен осыларды да аңғарып отырады. Шегелеп жазады.

Шығыстың жауһар поэзиясы, оның Абай дүниетанымына қалайша жақын келгендігі, өз кезегінде Шығыс поэзиясын Абайдың да қалайша түрленте, тереңдете қабылдағанын нақты өлеңдерге тоқтала отырып тарқатады.

Абай Шығыс мәдениетін меңгергенде талғампаздықпен сыни қарап меңгерді. Махаббат бостандығын, әділетшілдікті, әлеуметтік прогресті жырлайтын сыршыл поэзияға құмартты.

Ол Низамиді, Науаиді, Хафизді, Сағдиді, Физулиді, Фирдоусиді қадір тұтты. Бұлардың ішінен Науаидің «Фархад-Шырыны», Фирдоусидің «Шахнамасы», Низамидің «Ләйлі-Мәжнүні» қазақ даласына кең тараған еді.

Парсының, арабтың кейбір мифологиясының ұзынырғасы қарасөзге айналса, «Төрт дәрбіш» (Ағайынды төртеу) тәрізді тәжіктің халық романы ертегіге айналып кеткен еді. Рудаки, Омар Хайям сынды саңлақ ақындар ертеден-ақ әлемге әйгілі болса, шәкірт Абай сыйынған Хафиз ұлы Гетеге үлкен әсер еткен-ді деп жазады Тәкен.

Шын мәнінде, Шығыс шайырларына көп үңілген Абай шығармашылығында Шығыс сарыны мен сюжеті құс жолындай сайрап жатыр. Әсіресе Абай поэмалары, ондағы оқиғалық, сюжеттік арналар, баяндау тәсілі, кейіпкерлер шоғыры – соның айқын бір дәлелі. Абай өмірінің соңына таман жазған:

«Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Шаршап қалған, кеудемде тулай алмай.
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,
Дөңбекшіген түндерде тыншыға алмай», –

деп келетін өлең жолдарында жабырқаған, шаршаған, көңілін мұң басқан жан дүниесі бір сәт көрінгенімен, бірақ Абайдың түңілісін, жазмышқа жығылуын немесе бүкіл дүниені тәрк етіп, рухани күйзеліске түскен болмысын байқамаймыз деген түйін жасайды.

Абай поэзиясындағы биік рух, биік жігер, отты, өткір келіп отыратын өлең жолдарының ішкі қуаты ұлттық намысымыз бен бітім-болмысымыздан нәр алатынын айқын ажыратады. Халық қасиетін айшықтап алдыңғы қатарға шығарған ақындық дарынын жоғары бағалайды.

Т. Әлімқұлов еңбегінің ең сүбелі беттерін хакім Абайдың өмірбаянын, өскен ортасын, ата-тегін, білім алған белестерін әңгімелеуге арнайды. Абайтанудың бірнеше кезеңнен тұратын ұзақ, жемісті жолын Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына, дәстүріне арқа сүйеп, ол зерттеген қыруар дүниені, жарыққа шығарған еңбектерін аттап кетпей, баға жетпес рухани байлыққа үлкен ілтипат көрсете отырып ой толғайды.

Түйіндей айтқанда, Тәкеннің «Жұмбақ жан» атты зерттеу еңбегі – бүгінгі абайтанудың, қазіргі Абай тұлғасы мен феномені, Абай ілімі туралы көптеп жазылып, айтылып жатқан дүниелеріміздің биік төрінде тұратын зерделі еңбектердің бірі һәм бірегейі.

Ж. АЛТАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы
Қ. АЛТЫНБЕК,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия мамандығының 2-курс магистранты

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАР

Қазақ философиясы өз бастауын әлемдік жеті данышпанның бірі Анарыстан алады. Мыңжылдықтарға ұласқан бұл мектеп дәуіріне сай мектептер қалыптастыра білді. Оны ғылымда «ілім» деп те атайды. Мысалы, хакім Абай негізін қалаған «Толық адам» концепциясы өзіне дейінгі ілімдерді қамтып, кейінгі Шәкәрімнің «Ар» іліміне жол ашып кетті десек те болады. Мысалы, әлемнің ұлы ойшылы, философ Әбу Насыр әл-Фарабидің «Камил инсан», «Парасатты адам», Қожа Ахмет Ясауидің «Кемел адам» сынды ілімдерінің басты мақсаты қоғамның қайырымды болып, әр адамның адал азамат болып жетілуін көздейді.

Хакім Абай шығармаларында философияның үлесі басым екені жасырын емес. Ол даналықты ту еткен ойшыл ақын бола білді. Абай әлеміне философия тұрғысынан қарасақ.

Абай Құнанбаев өзінің аса дарындылығы, ой-өрісінің тереңдігі, халқына деген қамқорлығымен әлемге танымал болды. Абайдың дүниеге көзқарасы ойы мен қыры мол, күрделі. Оны бір жақты бағалауға, бір бояумен көрсету мүмкін емес. Біріншіден, сыртқы дүниенің санадан тыс өмір сүретіндігін қуаттайды. Мысалы, қырық үшінші қара сөзінде: «...көзбен көріп, құлақпен есітіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады», – дейді.

Ал отыз екінші қара сөзінде: «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер», – деп, дүниенің өзгерісте, дамуда екенін болжайды. Өлеңдер мен қара сөздеріне зер салып қарасақ, көптеген философиялық мәселені қарастырып, өзіндік ой-пікір, тұжырым жасағанын байқаймыз. Шығармаларының басым көпшілігінде өмір, өмірдегі

адамның орны, оның мақсаты, мұң-мұқтажы туралы ой шертіледі. Ендеше философияның негізгі мәселесі Абай шығармаларында кеңінен талқыланады деуге болады.

Ақынның эстетикалық және этикалық мәселелер жөніндегі ой-пікірлері – сол кездегі қоғамдық ойдың үлкен бөлігі. Оның «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Құр айғай бақырған құлаққа ән бе екен» деген өлеңдерінде әннің, күйдің адам сезіміне әсер етер қуатты құдіреті, шипалы шапағаты көркем суреттеледі. Абай көркем сөздің эстетикалық маңызына ерекше көңіл бөледі.

«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы», –

деп, өлеңнің «іші алтын, сырты күміс» болуын айтады.

Абай шығармаларындағы негізгі тақырып моральдық проблемалар десек қателеспейміз. Жастарға ғылым таппай мақтанбауды, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ сияқты мінездерден аулақ болуды кеңес етеді.

Әл-Фарабидің ойынша, философия – Ақиқат және сол Ақиқатқа жету жолы, яғни ұлы ойшылдар мен философтардың бәрі ұзақ ой-толғаулар нәтижесінде бір нәрсеге келеді, осы тұрғыдан алып қарағанда, олардың барлығы дерлік Ақиқатты іздеуші бір мектеп өкілдері, сондықтан әртүрлі философтар арасындағы айырмашылықтар баршаға ортақ.

Әл-Фараби: «Әрбір адамның өмірде өз орны бар», – десе, Абай оны былай түсіндіреді:

«Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң әрқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!» –

деп, әр адам қоғамда өзінің орнын алуы керектігін, ол үшін өнер мен білімге ұмтылу қажет екендігін айтады.

Абайша, сену үшін алдымен түсіну қажет. Бұл ойлары Пьер Абеляр, әл-Фарабиге жақын. Абай адам мәселесін оның қайшылыққа толы қоғамдық болмысының контекстінде қарастырады. Осыдан келіп адамның әлеуметтік белсенділігі, шығармашылық мүмкіндігінің шексіздігі туралы идеяны алға тартады. Ал Адам –

өз тағдырының қожасы және құрушысы. Адам тіршілігінің бірегейлігі, жердегі тіршілігінің құндылығы әр адам жанының қайталанбас сонылығы Абайдың адам концепциясының негізгі идеялары. Өз шығармаларында ол адамға мейірбандық көрсету сұлулыққа ұмтылу – жоғарғы имандылық қасиетінің белгісі, көрінісі деп айтудан жалықпайды.

Адамдардың әртүрлілігі жайлы айта келіп, Абай әр адамның өмірде өз орнын табуының маңыздылығын атап көрсетеді. Адамның өз орнын, өзін табуына жол сілтеу, бағыт беру – ағартушының бұқараны тәрбиелеушінің бірінші міндеті осы деп біледі. Осыдан келіп «Адам бол!» деген Абай этикасының негізгі принципінің мағынасы мен мәні ашыла түседі: әр адам өз творчествосының потенциясын іске асырып, өзін жетілдіре алады және жетілдіруі тиіс. Сонда ғана ол жаратылысынан өзіне белгіленген орынға сай келеді.

Абай – ұлы гуманист. Өз халқын шын пейілімен сүйген Абайға ұлтшылдық, шовинизм, діни тәуелсіздік жат. Ол өз халқын бір орында тұрып қалмауға, тұйықталмауға, рухани байлықтарын әлем жетістіктерінен байытып отыруға шақырады. Абайдың өмірі, творчествосы терең адамгершілік мағынаға ие және ағартушылық-тәрбиелік мәні жағынан баға жетпес құнды дүние.

Белгілі ғалым Ақжан Машани Әл-Фараби мен Абай шығармалары идеялары арасынан үйлесімділік тауып, «Әл-Фараби мен Абай сынды данышпан ұлдары бар ел жарық сәуле жолынан адаспас... Әл-Фараби мен Абай жолы – тура жол. Тура өлшеуіш осында», – деп жазды. Ол өз зерттеулерінде «Әл-Фарабиді Абай арқылы танидым», – деп екі ұлы ойшылдың рухани дүниесінде үлкен ұқсастықтардың бар екенін айтып өтті.

Абай Платон мен Аристотель философиясын оқыды, Сократ ілімі мен данышпандығын жоғары бағалады. Әл-Фараби Платон мен Аристотель трактаттарына комментарий жазды, араб тіліне аударды. Үлкен рухани үйлесімділік осы жерде болса керек. Ал әл-Фараби және Абай антикалық дәстүрді бойларына қалай сіңірді? Олардың философиялық-рухани әлемінің қалыптасуына антикалық философияның ықпалы қандай болды? Оны қалай зерттеді, қалай қабылдады деген сұрақтар туады.

Мәселен, біз әл-Фараби және оның ізбасарларының ежелгі грек философиялық мектептерінің еңбектеріне тек қана

комментарий жасаумен шектеліп қалмағанын білеміз. Қазіргі кездегі белгілі неміс философы Мартин Хайдегер ортағасырлық мұсылман философтары жайлы айтқанда былай ой тұжырымдайды: «Әрине, олардың (орта ғасыр философтары) Аристотель философиясын түсінбеді деген жалған болар еді. Олар оның философиясын жаңа қырынан ғана көріп қоймай, оған жаңа мән мен талғам берді», – дейді. Демек, әл-Фараби де, оның ізбасарлары да ежелгі грек философиясын соқыр танымнен зерттемей, оны терең түсіне білді.

Абай ғажайып Шығыс поэзиясының аясында тәрбиеленіп, соларға еліктеді, себебі Шығыстың керемет ойшыл ақындарының адамның табиғатын тереңнен ұғатын ерекше қасиеттері оның болмыс табиғатына, рухани жан дүниесіне ерекше әсер етіп, Абай поэзиясын биік шыңға көтерді.

Мұхтар Әуезов: «Абайдың даналық дариясының бастауында үш көзі бар, олар: бірінші – қазақ халқының көнеден келе жатқан мәдениеті – өнері, екінші – орыс мәдениеті, сол арқылы Батыс мәдениеті, үшіншісі – араб мәдениеті», – деп айтқан еді.

Түйіндеп айтқанда, әл-Фараби мен Абайдың ғылыми ой-пікірлері өзінен кейінгі дәуірдегі Шығыс пен Еуропа халықтарының философиялық, эстетикалық, қоғамдық этикалық санасына және өнердің, жалпы рухани құндылықтардың дамуына әсер етіп, үлкен ықпалын тигізіп отыр.

Абай – қазақ поэзиясында жаңалық ашушы. Ол жылдың төрт мезгіліне арналған: «Көктем» (1890), «Жаз» (1886), «Күз» (1889), «Қыс» (1888) атты өлеңдер жазған. «Масғұт» (1887) және «Әзім әңгімесі» поэмаларының желісі шығыс классикалық әдебиет сарынына негізделген. «Ескендір» поэмасында Аристотель бейнесінде ақылды, ал Александр Македонский бейнесінде ашкөздікті сомдап, ақыл мен ашкөздік бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Абай 170 өлең, поэма, «Қара сөздер» жазған, 56 аударма жасаған. Сонымен қоса, Абай әлем әдебиетінде әдеби жанр – «өлеңді» (яғни нақты бір тақырыпта жазылған, аяқталған поэтикалық шығарма) қазақ мәдениетіне кіргізуде елеулі еңбек етті.

Абай – талантты, ерекше сазгер. Ол қазіргі кезде көпшілікке мәлім, жиырма шақты әуен жазған. Ол өзінің өлеңдерін әуенге салды, «Көзімнің қарасы» өлеңі халық әніне айналды.

Абай Құнанбаев XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қалыптасып келе жатқан қазақтың ұлттық зиялыларына үлкен әсер етті. Мысалы, Алаш Орда қозғалысының басшылары Абайды рухани бастамашы, тіпті қазақ ұлтының рухани көсемі ретінде қабылдады. Әлихан Бөкейхановтың «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты мақаласы 1905 жылы Семейдегі «Семипалатинский листок» газетінде жарияланды. Кейіннен 1907 жылы «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества» журналында Абай өлеңдері ақын суретімен бірге басылып шықты.

Атақты қазақ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы ақынның немере інісі болып келеді. Абай Шәкәрімді тәрбиелеу, білім беру ісінде маңызды рөл атқарды.

Абайдың айтуы бойынша, қоғамды өзгерту үшін жаңа ұрпақты тәрбиелеу керек. Әрбір адам жақсы жаққа ұмтылуы тиіс. Бұзылған адамды да тәрбиелеуге болады. Алдымен, бұл – айналаңдағы адамдарға көңіл аудару.

Осындай ұрпақтың жоқ болуы қоршаған ортаға кері әсерін тигізеді. Билеушілер мен билер заңды бұзып, ақылгөйлеріне назар салмайды. Ақырында, олар «барлығын ақшаға сатып алуға болады», «ар, ақыл, ғылым, сенім, халық ақшадан қымбат емес» деп, сене бастайды. «Дүниеқұмарға тек мал қызық, ол халықты алдаудан ұялмайды», – дейді бір сөзінде Абай.

Абай білім арқылы қоғамды өзгертумен бірге, сол кездегі саяси реформаларға қарсы болып, *болыстық басқарушыларды таңдаудың жүйесін* қайта қарауға шақырды. Абайдың жобасы бойынша, басқарушы өнегелі, білімді болып, дәстүрлі үш жылдан ұзақ жылға сайлануы керек. Сайланушы ағартушылықты жақтап, қолөнер мен еңбекшілерге демеу болып, әрқашан халықтың жағында болу керек.

Алайда Абайдың қоғамды өзгерту идеясының негізгі бағыты тек «жоғарыдан төменге» емес, «төменнен жоғарыға» қарай үлгісі бойынша жүруі тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, кемелденген және өнегелі тұлғалар арқылы қоғамның мықты кірпішін қалауға болады:

«Сен де – бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан!».

Абай «сопылығы» адамның «маңдай алды» әлеуметтік тұрмысына бағытталған. Осы образды қоғам қабылдап, әрбір жеке индивид «жақсы» істерді жасауға ұмтылуы керек. Ақын бойынша, баланы тәрбиелеу кішкентай кезінен басталуы керек: «Оқуға ынтасы бар баланы адам деп есептеп, болашақта алға ұмтылады деп үміт артуға болады... Қоршаған орта мен өзін түсініп, ардан аттамай, жамандықтан қашып, жақсыға жақын болады».

Абай үшін адамды өзгертетін басты күш – *еңбек*. Еңбек еткен адам ауқатты болып, жақындарына көмектесе отырып, жоғарғы әлеуметтік мәртебеге ие болады. «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап», – деп айтқан. Қазақтар, адам өмірінде еңбек елеулі орын алатынын білген. Бірақ олардың түсінігінде еңбек тамақ, ұйқы секілді өмірдің бір бөлігі ретінде қарастырылған. Қазақтардың дәстүрлі мәдениетінде еңбек адамның бақытын, тыныштығын бұзатын ұғым ретінде қаралған. Абай қазақтардың санасына еңбекті жаңа тұрғыдан қарастыруды мақсат тұтты. Еңбек – адамның тек қызметі емес, адам болмысының негізгі қағидаты. Қоғам мен жеке тұлғаны қалыптастыруда еңбектің маңызы өте зор. Еңбек жөнінде Абай:

Алдыңа айдап кім келер,
Ерінбей жүріп бақпаса.
Мал бақпақтық шаруа боп,
Адал тауып асықпай.
Құр айғаймен әуре боп,
Өнердің жайын баса ұқпай.
Енді нені істейміз,
Бәрінен де бос қалдық?
«Ауызға келіп түс» дейміз,
Қылып жүріп құр салдық!

деген өлең жолдарын да келтіреді.

Абай үшін білім, әділдік, рақым – адамның негізгі құндылығы. *Рақым* адамды төзімділікке шақырады. Саясаттың жетегінде жүрмейтін, ақылды әрі рақымшыл адам халықты не адамды оның құндылықтарын жоққа шығаратын басқыншы ретінде қарамайды. Бұндай адам қоғамдағы адамдардың құндылығы мен ниетін көре алады.

Абайдың көзқарасы бойынша, идеалды қоғамның мынадай

ерекшеліктері болуы керек:

1. Ғылым мен техника жоғары деңгейде дамуы керек;
2. Нағыз мәдени салт-дәстүрлер сақталуы керек;
3. Ғылым мен дін біртұтас болуы керек.
4. Діндегі сенімге қатысты жаңа енгізулерден алшақ болған дұрыс.

Абай әл-Фараби секілді «қайырымды қала» мен «кемел имамның» утопиялық бейнесін айтпайды; оның айтуы бойынша, адамдар рухани тәрбиелеу ортасы сақталатын жалпы адамзаттық құндылық айналасында бірігуі керек. Қоғам ортасында көбейген «кемел адамдар» қазіргі заманның әлеуметтік қайғысын ойландырып, адамдардың өмірді жақсы жаққа өзгерту ниетін оятады. Осылай қоғамда бірте-бірте өзгеру үдерісі жүре бастайды.

Әлемді ішкі, сопылық қабылдау аясында Абай *еңбек* пен *ілімге* көп көңіл бөлген. Абай қара термен табыс табатын адамдарды «қасиетті» деп атайды. Еңбекқорлық – «кемел» адамның ерекшелігі. Дана Абай айтқандай: «Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерші – қазақтың әулиесі сол». Абай еңбектің онтологиялық өзгешелігіне пікірін:

«Жалға жүр, жат жерге кет,
Мал тауып кел.
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел…
Есек көтін жусаң да, мал тауып кел,
Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас…», –

деп келтіреді.

Адам еңбектене отырып, арамтамақтық, жалқаулық, жеңіл ойлау, өмірге жеңіл қарау секілді адам болмысындағы заттардан алшақтайды. Абай: «Ол қуатты орнын тауып сарп қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергеніңді кім біледі? Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?» – деп ой салады. Ойшыл үшін еңбекке қатынас адамның рухани дамуымен өлшенеді. Профессор Григорьевтің жазуынша: «Абайдың ойы бойынша, «еңбек» пен «жан» байланысы қоғам мен адамның рационалды, моральды, психологиялық жаңғыруы шарттарының бірі».

Еңбектенуші адам не үшін еңбектеніп жатқанын біліп, барлық әрекетін *ілім* негізінде жасау керек:

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап, босқа күлуге.
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында».

Абай бойынша, ғылымды қуған адам басқа нәрселерге көңіл аудармау керек. Ақын білімге деген шалағай ұмтылысты «талаптылықтың» ешбір санатына жатқызбайды. Білім алу үшін барлық адами ұмтылыс керек. «Талап қыл артық білуге», – дейді дана Абай.

Ізденуші білімді шындықпен қарастыру керек. Абай табысқа жетудің шарттарын айта отырып, бәсекелестіктің болуы туралы сөз қозғайды. Біршама бәсекелестіктің болуы кейбір қабілеттердің жетілуіне әкеледі, бірақ бәсекелестік адам рухын бұза алады. Яғни адам шындықты анықтау үшін, жеңіске жету үшін бәсекелеседі. Сөйтіп, мақсат білім алу үшін емес, «мақсат өзің болсаң» «күншілдік» туа бастайды.

Абай айтқандай, адам бойында әрқашан ұят, ар, намыс болуы керек. Адам бұл қасиеттерсіз адам болудан қалады. Абай көрсеткендей: «Ар, намыс, ұят адамға жанынан да қажет болуы керек. Ар, намыс, ұяты болмаған адам жансыз дене, бұл өлі дене жұртқа өте зиянды». Ол материалдық құндылықтарға арын сататын екіжүзді адамдар мен жастар арасында өшпенділік пен әртүрлі бүлдіретін күштерге қарсы болды. Ол жастардың сенделіп, білім алмай, мақтанумен уақытты өткізуіне қарсы тұрған.

Адам пайда әкелмейтін білімнен алшақ болғаны жөн. Абай үшін пайдасыз білім құнсыз:

«Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл – мизан, өлшеу қыл.
...Біреу үшін үйренсең,
Біреу білмей, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі – тұл.
Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.

Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл –
Ғұламаһи Дауани,
Солай депті ол шыншыл.
Сөзін оқы және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл – гүл».

«Бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екенбіз?» – деген Абай.

Абай жетінші қара сөзінде, адам тән құмары және жан құмарымен дүниеге келеді. Біріншісі, «Мен» сөзін ләззатқа бөлесе, екіншісі жанның білімге ұмтылысын көрсетеді. Екінші тілек алға шықса ғана, адам адам болып қалады. Сөйтіп, Абай былай қорытынды жасайды: «Білімсіз күнің жоқ». Абай «Көк тұман – алдыңдағы келер заман» өлеңінде адамның «Эгосы» және «Мен» сөзі «ақыл» мен «жан» сөзіне сәйкес келеді. «Мен» санатындағы көз тоймаушылық Жаратушы берген тамаша күшті дамытуға кері әсерін тигізеді. «Менікі» – адамның нәпсісі, ал адамның шынайы «Мені» – әлем мен заттардың мәнін тануға ұмтылысы, яғни «кемел» болу. «Мен» «Менікі» өлшемінен жоғары тұрса, тұлға «кемелдене» бастайды, ал болмаған жағдайда адам адам болып қалмайды. Әрине, бұл үшін материалды, рухани, альтруистік, жеке құндылықтарды синтездеу керек. Адамның рухани «Мені» осындай синтез кезінде маңызды. Басқалай айтқанда, кемелдікке жету үшін нәпсіні не жанның «тоғышар» жағын жеңу керек. Рухани өмір нәпсіден жоғары тұру керек. Абай осыны мысал етіп алтыншы қара сөзінде: «Құмарланып, жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», – деп көрсетеді. Мына өлең жолдарынан осы ой айқын аңғарылады:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.
Шырақтар, ынталарың «менікін» де,
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.

«Мұның бәрі – надандық, ақымақтықтың әсері». «Адамдарға» жалқаулық, біреуге тәуелді болу, селқостық тән емес: «Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды».

Абай бойынша, тұрақтылығы жоқ махаббат бола алмайды. Әлем барлық махаббатың бейнесі секілді: «Махаббатсыз дүние дос, хайуанға оны қосыңдар». Махаббаттың қоршаған ортамен байланысы өмірдің мәні мен болмыстың басты заңдылығы.

Адам жаратылысынан да махаббат көрінеді, сондықтан адамның өнебойында махаббат жатыр: «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй, ол Алланы, жаннан тәтті», – дейді ақын. Сонымен бірге Абай қоғамның азғындауы мен тұлғаның құлдырауына әкеліп соғатын қылжықбас және жалқаулықты да:

«Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың – пысық, ішің – нас,
Артын ойлап ұялмас..», –

деп сынаған.

Абай білімі мен қабілеттерінің сай келмей, пара арқылы басшы болып отырған адамдарды сынға алады:

«Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?».

Абай үшін биік мансап адамды кемелдендіріп, еңбекке баулитыны маңызды: «Егер ісім өнсін десең, ретін тап. Биік мансап – биік жартас. Ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпін деп ұшып қыран да шығады».

Осылайша, Абай адам мен қоғамның байланысына көп көңіл бөледі. Тек адам ғана адамгершілік кемелденуге жете алады, тек осылай ғана өзі және қоғам берекелі болады. Ол жалпы қызығушылықтарды өзінің жеке қызығушылығынан жоғару қою керек.

Сонымен, «толық адам» өзін-өзі жетілдіруді тоқтатпайды. Осы әрекеттің бір кезеңінде жүрегінде сәуленің пайда болуын сезеді. Бұндай адам Құран мен пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетін

жақсы түсінетін болады. «Алла мінсіз, әуелден пайғамбар хақ, мүмүн болсаң үйреніп, сен де ұқсап бақ». Абай жазғандай: «толық адам» ғана екі дүниеде бақытқа кенеледі. Осы адамдар ғана Жаратушыға тән қасиеттерді дамытады. «Мыңдаған адам қолынан келмейтін электр қуатын ашты, найзағайды тоқтатты, екінші әлеммен байланысты үзбеді, су мен отты өздеріне бағындырды. Олар адамдарға ақ пен қараны ажыратуды үйретті».

«Толық адамның» интеллектуалды шабыты Құдайды бар нәрседен тану, ол заттардың керемет болмысын еске түсіріп, өзін танып, сосын өзінің түсінігімен заттардың болмысын түсіну.

Абай үшін адам өз білімі негізінде адамгершілік сипаттарды дамыту керек. Яғни адам:

а) өзімшілдік;

ә) қанағатсыздық;

б) жеңілтектік;

в) немқұрайлылық сияқты төрт нәрседен алшақ болуы тиіс.

Егер адам осылардан құтылса, моральды тұрғыдан бұзылмайды.

«Толық адамның» өмірлік ұстанымы қандай болу керек? Бұл жайында Абай былай деген:

Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз....

Ақын әділдік – ізгіліктің іргетасы деп есептеген. Әділдік махаббатпен ілесе отырып, адам болмысының мәнін ашады. «Адами бастаудың негізі – махаббат пен әділдік барлығынан көрініп, барлығын шешеді». Осы екі институт арқылы заңдық, әкімшілік, саяси өлшемдегі адами қатынастар қалыптасуы керек. Осылайша, Абай «сенім ақылды тежемейтін, ал ақыл сеніммен ізгі болатын» қоғамның жаңа типі теориясын қалыптастырады. Бұндай синтез арқылы білім, әділдік, рақымшылық секілді адами құндылықтарды арттыра түседі.

Абайдың этикалық философиясындағы үміт – маңызды концептілердің бірі. «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?». Адамгершілік үмітсіз болмайды. Абай түсінігіндегі үміт – Құдайға сену. Егер барлық жағдай орындалса ғана, үміттенуге болады. Қоғам үміт-пен үкіленген адамдардан қуат алады. Үмітсіздік шыға алмайтын батпақ секілді.

Абай бойынша, ар – адамгершіліктің негізгі элементі. «Толық адам» бойында ардың болуымен «тоғышардан» ерекшеленеді.

Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап –
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

Арды қиюға болмайды, бұны қию адамдық болмыстан ажыраумен тең: «Арын сатқан антұрғанның айтқан сөзі құрсын».

Негізінде, түрік тіліндегі «ар» түсінігі «әдептілік» түсінігімен тең келеді. Абай үшін моральды тақырыптар – мәңгілік философиялық сұрақтар. Олар адам секілді мәңгілік бола береді. Абайдың моралі құқық, саясат, экономика секілді адам өміріндегі ортадан алшақ емес. Өркениет пен өмір бар жерде адамгершілік те болады.

Шариғат бойынша өмір сүру керек. Әлемді де, адамды да Құдай жаратқан. Сондықтан тылсым күш адам алдына басқа да талап қоюы мүмкін. Солардың бірі – *жоғарғы мақсаттарға ұмтылу*. Жаратушы үнемі қозғалыста болғандықтан, адам да әрқашан өмірдің әрбір саласында белсенді болып, биік мұраттарға ұмтылуы керек. Бірақ күш пен белсенділіктің шынайы көзі өзінің «Мені» емес, Алла екенін ұмытпаған жөн:

«Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой».

Абай үшін «талаптың» мәні терең. Әрбір заттың, әрбір жануардың пассионарды күші «талап» болып келеді. Адамның талабы – Алланы тану және Оның үкімдерін орындау. Бар

нәрсенің мақсатының болуы – Құдайдың жарату құбылысы. Сондықтан Абай үшін «ұмтылыс» пен «жарату» бір мәнді.

Абай *адам бойындағы негізгі үш қасиетті* – қайрат, жүрек, ақылды атап көрсетеді. Адам алдына қойған мақсатқа жету үшін қайрат керек. Сонымен қоса, дұрыс және әділдіктің тура жолынан таймау үшін де қажет. Жақсы мен жаманды, пайда мен зиянның аражігін ажыратуда ақыл керек. Ал жүрек барлық эмоциялар мен сезімдердің бастауы. «Толық адам» бойындағы қайрат рационалды, ал ақыл мен жүрек бірегей.

Абай көп қолданатын «жүрек» сөзінің астарында барлық нәрсенің эмоциялық ізі жатыр. Эмоция адам мен қоршаған орта байланысының кепілдігі ретінде қабылданады. Махаббат пен әділеттік «жүрек» метафорасынан бөлек қабылдана алмайды, «толық адамды» осы екі түсініксіз елестету мүмкін емес.

Басқа адамдардың қиындығы мен жоқшылығына немқұрайлық танытпау, жақсы әрекеттер жасау – жүректі тәрбиелеудің үдерісі. «Кішіпейіл бол, басқа адамдарды бауырыңдай көріп, өзіңе не тілесең де, оларға да соны тіле. Жүректі дұрыс жолға салу үшін осылай тәрбиелеу керек».

Ақын үшін жүрек адамның ең терең рухани механизмі іспеттес. Адам рухы жүрекпен байланысты болғандықтан, ар, кішіпейілдік, аяушылық, діндарлық, жомарттық секілді барлық адами эмоцияның бастауы. Жүректі, ақыл мен күшті тыңдамау, бақыт пен жамандық әкелуі мүмкін:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек».

Дана Абай он төртінші қара сөзінде: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Рақымшылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтықта – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады», – деген.

Адамның әлемді дұрыс тануы жүрекке байланысты: «Мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдайтағала қалпыңа әрдайым қарайды».

Ғалымның ойынша «толық» және «кемелденген» адам бойында мынадай ерекшеліктер болу керек: рухани кемелдікке

ұмтылу, материалдық құндылықтарды жаратпау, әділетті болу, жүрек пен ақылды бірге ұстау, шындықты сүю, өтірікті жек көру, намысы мен арының болуы. Осыдан келе, махаббат «кемелденген адам» болмысының мәні: «мейірбандылық, әртүрлі істе баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек – бұлар жүрек ісі».

Адамның ары мен махаббатын бұзбау үшін не істеу керек? Абай айтқандай, менменшілдік, құмарлық, қызғанушылық, тәкаппарлық, өтірік, ашкөздік, жеккөрушілік, т.б. қасиеттер адамды бұзады. Сонымен қоса, өсек, өтірік, мақтаншақтық, ысырапшылдық, әрекетсіз секілді белгілерден де қашық болған жөн. Рухани кемелдікке жету үшін шындықты айту, еңбекқорлық, жомарттық, сабырлық, әділдік, жақсылық, қарапайымдылық сияқты әрекеттерді жасау керек.

Рухани кемелденген адам білімнің табысқа жетуін түсінеді. Ойшыл айтқандай: «Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек, әр нәрсеге өзіндей баға бермек».

Ойшыл әрбір адамның ойына жүгіне отырып, қазіргі қоғамның кемшілігін көрсетеді. «Философиялық-энциклопедиялық сөздікке» сәйкес гуманизм – адамды тұлға ретінде қадірлейтін; бостандық, бақыт, даму еркіндігін бағалайтын; адам игілігін әлеуметтік институт бағасының критерийі деп есептейтін қабілеттерді көрсететететін; теңдік пен әділдікті адамдар арасындағы қарым-қатынас нормасы ретінде көретін көзқарастың тарихи өзгеру жүйесі. Яғни Абай философиясы түркі тілді ойлардың мәдени дәстүрімен исламдық көзқараста дамыған гуманистік философия.

Абай үшін адамгершілік – шынайы адами тұлғаның альфасы мен омегасы. Абайдың адамгершілігі шынайылық алып тасталынбаған, керісінше, білім берудің жаңа түрі мен әрбір адамның рухани дамуын, әлеуметтік идеалға қол жеткізудің жолдарын көрсетеді. Адам ақылды теориялық тұрғыдан емес, өмір тәжірибесінде қолданса, ақылды болады: «Осылай ақылдың арқасында жаманнан жиренсең, өзіңді адам деп есептеуіңе болады».

Абай өлеңдерінде қазақ мәдениетінің ұлттық қаймағы мен қазақ қоғамының өмір сүру образын сомдайды. Абайдың «адам бол» императиві шығармашылықтың өнебойынан көрінеді.

Осылайша ақын өзін-өзі тануға әлеуметтік пен белсенділіктің жаңа лебін берді. Ойшыл үшін «толық адам» Жаратушымен, Құдаймен үндестік тауып, қоғамды жақсы жаққа бұруды көздейді.

Абайдың ойы бойынша, қазақ даласында білім беру мен тәрбиелеудің жаңа түрі арқылы «толық адамдардан» құрылған жаңа қоғам пайда болады. Қазақ қоғамы «толық адамдар» арқасында түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Өкінішке орай, бұл жоба Абай заманында іске аспады. Адамгершіліктің құлдырауы, ауқаттылардың билігі, парақорлық, өтірік секілді қазіргі замандағы кесірлердің арқасында Абайдың идеясы бағаланбай, іске аспай қалды. Бірақ әлі күнге шейін ақынның, біз ұмытып жүрген, жүректің түбінде жатқан адамгершілікке, жақсылық жасайтын жанның негізгі рухани потенциалына назар аударуы, естіген әрбір адамды ар-ұжданға шақыруы қазақ даласында кең таралып кетті.

Бүгінгі таңда әрісі әл-Фарабилерден басталған «Кемел адам» концепциясын қазақы болмыспен қоса асқан шеберлікпен қалыптастыра білген данышпан Абайдың «Толық адам» тұжырымын ел болып қолға алу кезек күттірмейтін мәселе ғой деп ойлаймыз. «Жасанды интеллект» заманы босағадан енгелі тұрған ақпараттық ғасырда Абайдың әр сөзі жаңарып, замана диірменінен сау шығып отыра бермек.

Сөз соңында айтарымыз, Әл-Фараби, Абай бастаған қазақ даласындағы тарихи дәстүрлі ілімдердің мазмұнын ашып, қоғамға кеңінен насихаттауымыз керек. Ұлы ойшылдар сабақтастығы ғасырдан ғасырға сабақтастықтың салтын бұзбай жалғаса бермек.

И. ЖЕМЕНЕЙ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
«Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ШАЙЫРЛАРЫ

Бұл мақала Абайдың құрмет тұтқан шығыс шайырларын таныстырады. Абай 1858 жылы небәрі он үш жасында:

«Мендей шайырдың жанайқайына жәрдем бер» деп атаған жеті ақын: Физули, Шәмси, Сәйқали, Науаи түркінің әлемге танымал төрт ақыны және Сағди, Фирдауси, Хафиз парсы тіліндегі әлем әдебиетінің гауһарлары саналатын ақындар еді.

Абай ерте есейген. Жасөспірім шағында жеті ақынның дүниетанымының бір бағыты Абайдың таным жиегімен шектесіп жатыр. Мәселен, Әбілқасым Фирдауси, Әлішер Науаидың «елдік» идеясы Абайдың дүниетанымының мәйегінде түйісіп тұр.

Фирдауси (980-1040) арабтың саяси-мәдени шабуылынан Иран елі парсы тілінен айырылып қалу қаупін бастан өткізіп жатқан кезеңде өмірінің барлық саналы жылын «Шаһнама» дастанын жырлап, парсылардың ұлттық саяси санасының оянуына сеп болды. Фирдауси:

Отыз жыл тауқымет шегіп, ана тілімді тірілттім,
Сол арқылы парсыларды өз тіліне жүгінттім.
Замананың желі менен бораны да жоя алмас,
Әсем, зәулім сарайды мен сөзбен салып құбылттым, –

деп халқының елдік санасын оятып, арманына жетіп дүниеден өтті.

Әлішер Науаи (1441-1501) түркілер парсы тілі әдебиетінің ықпалында жүрген заманда шығармаларының бәрін түркі тілінде жазып, түркілік сананы оятты. Ол «Сөздер соты» (محاكمه اللغتين) кітабын арнайы парсы тіліне қарсы жазып, сонда түркі тілінің үстем болғанын айғақтап шықты. Науаидың парсы тілінде жырлаған жалғыз өлең жинағы бар.

1465 жылы құрылған Қазақ хандығы 1847 жылы соңғы ханы Кенесары ханның шейіт болуымен «қазақ» атауы ұлтының қозғаушы күші әлсіреп, күйреу шағына таяп қалғанда Абай: «Біріңді, қазақ, бірің дос, Көрмесең істің бәрі бос», – деп

қазақтың ұлттық санасын оятты.

Түрлі тарихи кезеңдерде Фирдауси, Науаи, Абай елдік рухты шығармасына өзек етіп, рухани жаңаруға жол ашты.

Мұхаммед Сүлейменұлы Физули Бағдади (1494-1556) өмірінің басым бөлігін Бағдатта өткізіп, сонда қайтыс болып, жерленді.

Физули – лирик ақын. Өлеңдерін араб, түркі, парсы тілдерінде ислам қағидасы бойынша жырлаған. Физулидің арғы тегі оғыздың жиырма екі тайпасының бірі – Байаттан шыққан. Ол Түркияның әйгілі сопы ақыны Жүніс Әмреден (1238-1320) кейін сопылық сарында жырлаған ең көрнекті ақын ретінде танылады.

Физулиді мәшһүр еткен өзінің ана тілі – түркі тіліндегі өлеңдері болатын. Түркі тілінде жырлаған шығармалары тез арада жұртына кең тарап, ақынның атын кең-байтақ түркі даласына паш етті. Оның түркі тіліндегі еңбектері төмендегідей:

- «Өлеңдер жинағы»
- «Есірткі және ішімдік». Ақынның түркі өлеңдері табиғатына сай буын өлшемімен жырланады. Әйткенмен Физули «Есірткі және ішімдік» шығармасын арудтік feilâtün mefâilün feilün (فعلاتن – تفاعيلن – فعيلن) өлшемінде жырлаған. 444 бәйіттен тұрады.

Біреулер: «Есірткі мен ішімдікті жай оқырмандардың көңілін көтеру үшін қолданған», – десе, екінші біреулер: «Шарап және апиынның ләззатын сездіру үшін жазылған шығарма», – дегенді айтады. Тағы біреулер: «Бұл шығарма сопылық сипатта жырланған», – дейді.

- «Ләйлі-Мәжнүн» – Шығыс халықтары арасында көне заманнан кең тараған ғашықтық дастан. Онда VII–VIII ғасырлар аралығында өмір сүрген араб ақыны Каис ибн Муадтың махаббаты жырланады. «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын кейін жүйеге түсіріп, алғаш тұтас бір поэмаға айналдырған – Низами Гәнжәуи (1141-1209). Ол мұны өзінің атақты «Бестік» жыр-дастандарының қатарына қосып, әдеби ортаға таныстырды. Низамидің «Бестік» атты дастандары: 1) «Сырлар қазынасы»; 2) «Хұсрау-Шырын»; 3) «Ләйлі-Мәжнүн»; 4) «Жеті ару»; 5) «Ескендірнама». Кейін Низами Гәнжәуиге еліктеп Хұсрау Дehләви (1253-1325), Әбдірahман Жәми (1414-1492), Әлішер Науаи (1441-1501), Мұхаммед Физули сынды ақындар «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын парсы-түркі тілдерінде жырлап шықты.

Мұхаммед Физули «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын түркі тілінде жырлап, түркі әдебиетіне жаңа леп әкелді. Шәкәрім «Ләйлі-Мәжнүн» шығармасының оқиғасын Физулиден алғаны анық.

- «Жұмбақтар трактаты» (معمیات رسالهٔ) – бұл шығармаға қарағанда Физули сөз жасыруға да ден қойып, парсы-түркі тілдерінде еңбектер жазған.

- «Қырық хадис». Әдеби шығармалар қатарына енді.

- Физулидің «Су қасидасы» атты поэмасы отыз екі бәйіттен тұрады. Поэманың тақырыбы – әзірет Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) туралы мадақ.

- «Әли диуаны» – әзірет Әліге арнаған жыр жинағы.

- «Шағымнама» шығармасы ақынның өмірден көрген теперішіне арналған.

Физули еңбектері Түркия, Әзірбайжан, Иран және тағы басқа елдерде жарық көрген.

Мұхаммед ибн Әли ибн Мәлікдад Тәбризи (1185-1247) Шәмс Тәбризи лақап атымен мәшһүр болған. Тәбризде 1185 жылы туған. 1247 жылы Иранның Батыс Әзірбайжан провинциясы Хұй қаласында өмірден озды. Ол бұл дүниені жалған деп түсінді, оған иланбады, мәңгілік құдірет, жарылқаушы бір Аллаға иланып, соған сыйынды. Иман – рухани кемелдікке жетелей алатын жалғыз жол.

Шәмс аса білімді, көп оқыған ғұлама екендігін өскен қоғамдық ортасы жақсы біліп, үлкен құрметпен қараған болса да, ол өзі қарапайым өмір кешіп, айналасындағы адамдармен тең қарым-қатынастан айнымады. Ата-анасы оған мейірімді болуды үйретті. Олар Шәмсті аялап, оқытып, қажетті білім әперді. Шәмс өзінің «Мақалат» атты кітабында әке-шешесі туралы: «Ата-анамның мені ерекелеткені, бәлкім, кемшін тұсы болар», – дей отырып, әкесі жайында: «Әкем өте жақсы кісі болды. Бірақ балаға деген сүйіспеншіліктен аулақ, менің халімнен бейхабарлау еді. Менің ынтызар көңілім одан үркіп тұратын. Неге екенін қайдам, оның ілтипатты сөзі де маған соққы беріп, үйден қуып жатқандай сезілетін», – деп жазған. Әке мейірінің шегі шаңырақ шеңберінен асатынын сезген бала Шәмс білім алуда шек жоқ екенін ерте сезінген.

Ол «Шабыттың жаңғыруы» кітабында: «Әйелге махаббат, Тәңірге махаббат түптің түбінде бір нүктеде тоғысады», – дей

отырып, «Бар етудің мәйегі, болмыстың да ақиқаты – Хақ тағала», – дейді. Сондықтан: «Адам ең соңында Тәңірден өзге хақ жоқ екендігіне көз жеткізеді», – деп түйіндейді.

Шәмс өзінің «Мақалат» атты еңбегінде Шаһабеддиенмен көзқарасы қарама-қайшы болса да, оның достық пен таза көңіліне бас иген. Сондықтан ол: «Көңілді кәпір әр кез Шаһабтай болмақ, бірақ Шаһаб күпір айтса да мөлдіреген пәк рух болатын», – дейді. Саяхаттауды сүйетін Шәмс үнемі қозғалыста болып, бір өлкеден екінші бір өлкеге сапар шегіп, білім қуып, Хақтың махаббатына бөленумен болған. Сол себепті жолаушылар оған «ұшқан құс» деп ат қойған. «Өмірдің мәні – ғашықтық, Тәңірге махаббат» деген Шәмс өзінің ғашық жүрегін сезе алатын жарға мұқтаж болды. Сол үшін де шарқ ұрып, жан-жаққа сапар шегіп жүрді. Ең соңында мақсатқа жеткендей Конияда аялдады.

Шәмс талай жерді шарлап, өмірге деген жалынды махаббатымен 6 желтоқсан 1244 жылы Жалаледдин Мәулана Румиге (1207-1273) жолықты. Бұл кезде Мәулана Руми Конияның төрт медресесінде фиқһ пәнінен дәріс оқып, сабақ беріп жүрген өте сыйлы ұстаз болатын. Тіпті оның дәрісіне қаланың танымал ғалым ғұламалары да қатысып, жанында жүретін. Осындай абырой-беделге ие бола тұра, Мәулана Шәмспен тұңғыш кездескен сәттен жоғалтқанын тапқандай оған назары ауып, барлық уақыты мен көңілін Шәмске арнап күн кеше бастады. Мәуланаңың Шәмске осыншама ықыласының ауғанын көрген шәкірттері, дос-жарандары, оны ұстаз санайтын небір қадірлі жас ғалымдар бұл әрекетіне теріс баға беріп, қарсылық білдірді. Мәуланаңың Шәмске ынта-ықыласы артқан сайын Кония жұртшылығының қызғанышы күшейіп, онымен жауласты. Ақыры Шәмс қаланы тастап, басқа жаққа кетуге мәжбүр етті. Көпшіліктің қарсылығына төтеп бере алмаған ол он алты жылдан кейін, яғни 1265 жылдың 22 наурыз айында үн-түнсіз, ешкімге хабар бермей Кониядан кетіп қалды. Мәулана бұған қатты қайғырды. Арада ұзақ уақыт өткеннен кейін Шәмстен оған хат-хабар келді. Онда оның Шам елінде жүргенін жазыпты. Мәулана тез арада ұлы Сұлтан Вәледтің жанына жиырма шақты адам қосып, Шәмсті Шамнан алып келуге жіберді. Сөйтіп, Шәмс 1266 жылы сән-салтанатпен Конияға қайта оралды. Мәулана бастаған топ оны үлкен қуанышпен қарсы алды. Шәмс жүрегінде орын

алған Тәңірге деген шексіз махаббатының шуағы мен сәулесін өз шығармасына арқау ететін шәкіртіне тапсырғанына сеніп, өмір сапарының соңғы аялдамасына жақын келгенін сезді. Өйткені Мәулана Шәмспен танысқаннан кейін «Тәбриздік Шәмс» және әйгілі «Мәснәви» шығармаларын жазды. Онда – Хаққа қауышу, ақиқатты тану, адамның адам болудағы мұраты тек жаратушы бір Аллаға сүйсініп өмір сүргенде ғана мән-мағынаға ие бола алатынын ұққандай еді.

Сәйқали (1730-1798) есімі негізінде «Шейхәлі» болған. «Сәйқали» Хисари және Сабыри лақап аттарымен де танымал. «Ибраһи қиссалары», «Рангнамаи имам Мұхаммед Қанафиа», «Ахтамнама» «Шәйіттер бағы» сынды діни-дидактикалық еңбектері бар. Оларда шығысқа танылған жеке сюжеттер қысқа баяндалған. Ғазал, мұхаммас, мұсаддас, мұсамма және мәснәвилерінде замананың әділетсіздік пен қаталдығына шағымданған. Адамдық құндылық пен оның сүйіспеншілігін ұлықтаған. Сәйқали шығармасында махаббатқа толы хикаясы – «Баһрам мен Гүландам» дастаны өзгеше мәнге ие.

Сағди Ширази (1210-1292) сопылық ілімін Бағдаттағы «Низамие» оқу орнында сұнни шафи мәзһәбты ұстанған Шаһабеддин Әбуһәфс Омар ибн Мұхаммед Сohревәрди (1145-1234) мектебінен алды. Ол сопылық ілімі адам жүрегінің таза, сенімінің Тәңіріне шынайы болуына септігін тигізетініне иланса да, өзі сопылық ағымының ешбіріне тәуелді болмады. Өйткені көптеген сопының дәрістерін тыңдап, әйгілі сопылардың әңгімедүкен құрған отырыстарында көп болып, өзінің сопылық жөніндегі білімін айтарлықтай жетілдірді. Бағдатта он жылдай үлкен ұстаздардан білім мен тәлім-тәрбие алған соң ұзақ жыл hижаз, Сирия, Ливан, Рұм елдеріне сапар жасады. Бұл елдерде түрлі кәсіп иелерімен әңгімелесіп, өмір-тіршілікті әр қырынан байқап, қоғамдық психологияның өзгешеліктеріне зер салып, өзіне үлкен ой түйді. Бірқатар тұжырым жасады.

Сағди – Шығыс Түркістандағы Қашғар, Үндістандағы Сұманат ғазауатына қатысып, ғазауаттарда пұттарды қиратқан оқиғаларға куә болған саяхатшы.

Сағдидың бүкіл адамзатқа арналған мына өлең шумағы:

Адам баласы – бір дененің мүшесі,
Жаратылыста бір мәйектен тегі де.

Қайран заман ауырта қалса, бір мүшесін,
Өзге мүшелерінде тыным қалмас анығы.
Сен өзгенің дертіне бейқам болсаң,
Адам атауына лайық боп қалмассың.

Абай да Сағди сияқты адамды сүйген:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй, ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті,
Осы үш сүю болады имани гүл.

Хафиз Ширази (1315-1390) Шираз қаласында туды, сонда қайтыс болып жерленді. Абай мен оның бауыры Шәкәрім Хафиз Ширазиге өзгеше ілтипатпен қараған. Өйткені Хафиз әдебиет-танушы қауым тарапынан «ғайып тілі», «құпиялардың баяндау-шысы», «сопылардың тілі», «әулиелердің жыршысы» атанып кеткен. Себебі ол адам болмысының жұмбақ болып келе жатқан жасырын, сырлы дүниесіне сүңгі алған шығыс ақындарының ең соңғы және шыңына жете алған өкілі саналады. Абай: «Жүрегімнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла», – деген сыр-құпиясы Хафиз дүниесімен үндесіп жатқандай сыңай танытады. Абайдан тәлім алған Шәкәрім Хафиз жайлы сөз қылған. Онда: «Баяғыда парсы жұртында әрі білгіш, әрі сопы, әрі ақын Хожа Хафиз деген кісі болған. Иманына қазақтың талапты жастарын таныс қылмақ үшін төменгі жырын қазақ тіліне аудардым», – депті.

Хафиз бен Абайдың рухани үндесуі ғашық жүрек, терең ақыл болып саналады.

Абай:

Жүректің көзі ашылса,
Хақтың түсер сәулесі,
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі.
Наданның көңілін басып тұр
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бір-ақ шаруасы, –

деп жырлаған бұл шумақ Хафиздың дүниетанымын қорыта айтып бергендей көрінеді.

А. ІСІМАҚОВА,
Назарбаев университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы

АБАЙ (ЫБЫРАҺИМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫ: ДЕКОЛОНИЯЛЫҚ ДИСКУРС

Хронология. Туған жері: Семей уезі, Жидебай. Арғын, тобықты руынан. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы; анасы Ұлжан Асан; жұбайы: Ділдә, Шүкіман (Әйгерім), Еркежан. Бәйбішесі Ділдәдан: Ақылбай, Хакімбай, Әбдрахман, Мағауия, Күлбадан, Райхан; Әйгерімнен: Тұрағұл, Мекаил, Ізқайіл, Кенже. Абай 7 ұл, 3 қыз сүйген. Келіндей алған Оспанның жесірі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ. Абай әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашып, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет Риза мешіт медреседе оқиды. Бұл медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дін сабағы жүргізілген. Абай осы кезде өз бетімен араб, иран, шағатай тілінде жазылған ертегі, дастан, қиссаларын оқып: Низами, Науаи, Сағди, Қожа Хафиз, Физули сияқты шығыс классикасымен танысады. Медресенің үшінші жылы Абай Семейдегі Приходская школаға қосымша оқуға түсіп, орыс тілін меңгереді. Ә. Бөкейхан жазғандай Абай оқуды осымен аяқтайды.

Абай 13 жасынан әкесінің қасында жүріп ел ісіне араласады. Патшаның отарлауындағы қазақтың әлеуметтік кіріптар зардаптарын көреді. Әділ басшы болсам деген үмітпен Абай сайлауға түсіп, 1976–1978 жылы Қоңыр көкше еліне болыс болады. Қолдан келгенше әділ істер атқарады. Империялық биліктің заңсыз әрекеттеріне қарсы тұрған Абайдың үстінен ресми билік өкілдері оязға арызданады. Абай жерімді тартып алды деген жалған арыз бойынша сот 10 жылға созылған, ақыры Е. Михаэлистің көмегімен аяқсыз қалған. П.В. Маковецкий бұл істі жалған жала деп дәлелдеп 1884 жылы 27 тамызда қысқартып тастады.

Абай 1870 жылдары Семейге айдауға келген патшаға қарсы шыққан демократ Н.И. Долгополов, А.А. Леонтьев, Михаэлистермен араласады. 1884 жылы жасы қырыққа келген Абай Михаэлистің ұсынысымен Семей облысы Статистика комитетінің толық мүшесі болып сайланады. 1875 жылы Қоңыр көкше

еліндегі өткен сайлауда жеңіп шығып, 1878 жылға дейін болыс болады. Осы кезде түрлі әкімшілік құқықтық реформаларға араласады. Болыстықтан бас тартып, ресми биліктен аулақ болады.

1885 жылы мамыр айында Шар өзені бойындағы Қарамола деген жерде Семейдің генерал губернаторы Цеклинскидің басқаруымен Семей губерниясына қарайтын 5 уездің 100-ден астам би-болыстардың бас қосқан төтенше съезіне қатысады. Осы сьезде төбе би болып сайланған Абайға «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» әзірлеу тапсырылады. Абай бастаған комиссия 93 баптан тұратын ережені 3 күн, 3 түнде дайындап шығады. Бұл патша өкіметінің халықты қанаушылығына, зорлық-зомбылығына қарсы негізделген заңын жоққа шығаратын құжат еді. Ұрлық, қылмыс пен әйел құқығын қорғаған баптары заманауи болды.

Абайдың абыройы артқан бұл съезден кейін 1890 жылы дұшпандары Жиренше қыстауының Ши деген жерінде ақынға қарсы әрекеттер ұйымдастырған. 1891 жылдан бастап Абайдың басына ауыртпалық түседі. Осы жылы Оразбай бастаған дау 1897 жылға дейін созылады. Бұл шиеленістің аяғы 1898 жылғы Мұқыр сайлауындағы жанжалға соқтырады. Абай бұл жанжалдың себебі туралы, өзінің ақ екендігін Сенатқа хатында барынша айғақты деректермен дәлелдеп берген.

Осы жылы ақынның жанашыр інісі Оспан қайтыс болады. Одан кейін орысша әскери білім алған, үміт күткен ұлы Әбдрахман аурудан қайтыс болады. Көп ұзамай ақынның тірегі сүйікті ұлы Мағауия да қайтыс болады. Ә. Бөкейхан жазғандай Мағауия қазасынан кейін қырық күннен кейін, Абай өзі өтеді бұл дүниден. Ақын Шыңғыстау ығындағы Жидебайда, Оспанның жанында жерленген. Қазір бұл жерде Абай мен Шәкәрімге салынған қос мұнаралы кешенді мазар тұр.

Абай ақындығын 10 жасында «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» өлеңінен бастағаны анықталған. Ең көп жазылған уақыты 1880-1897 жылдар болып саналады. Абай өлеңдерін әркімнің атымен таратқан. Көкбай атынан жарияланған ақын өлеңдерін «жинауды» шәкірттеріне 1896 жылы ескерткен. Қара сөзбен жазылған ғақлия өсиеттері 1890-1898 жылдар аралығында жазылғаны айқындалған.

Қазақ жері XIX ғасырдың 2 жартысында толығымен патшалық

Ресейдің отарлауына түскен. А. Егеубаев жазғандай, колониялық қыспақ қазақ жеріне толық орнықты: елдің әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі, экономикасы кіртартпалы жағдайға кірді. Колониялық әкімшілік ел билігін басқаруды генерал губернатордың қолына берген. Қазақты басқару әскери және азаматтық негізде енді әскери губернатордың ғана иелігіне көшті.

Осы кезде жарияланған Дала комиссиясы атты жоба қазақты отарлау жүйесі одан сайын үдетілді: енді Түркстан мен Орта Азияны толық отарлау науқанын жеделдету қолға алынды. Ресей патшасы саясатының ендігі мақсаты: «Қазақстанды патшалық биліктің Орта Азия аумағына одан әрі дендеп еніп, ортаазиялық нарықтық кеңістікті әрі оның бай табиғи және минералды ресурстарын басып алуды одан әрі пәрменді жүргізетін базалық лагеріне айналдыру» патша билігінің басты саясатына айналды. 1867 жылы жарияланған Уақытша ереже бойынша «Временное положение» қазақтың жері толық ресейдікі болып танылды [1, 447].

Қоғамдық қатынастар, заттық, рухани мәдениет түбегейлі өзгеріске ұшырады. Дәстүрлі ауыл мектебі мен жаңа медреселердің ашылуына қатаң тыйым салынды, тек орыс тіліне қызмет ететін тілмаштар мен ұсақ кеңсе қызметкерін дайындайтын орыс мектептері ғана ашылатын болды. Патша билігі осы саяси шарамен қазақтың оқу ағарту, азаматтық құқығын толық шектеді. Осы кезден бастап Ресейден ағылған ориенталистер мен қара шекпенділердің көшуі белсенді түрде іске асырылды.

«Бұған дейін аға сұлтан болған хан тұқымы төрелер осыдан бастап биліктен шеттетіліп, ел ішіндегі абыройлы бай шонжарлар да жойылып, оларға қарайған қазақты қарсы қою саясаты іске асты. Бұлардың орнына қара қазақтан шыққан орыс патшасының сойылын соғатын патша кіргізген болыстық жүйенің өкілдері: старшын, ауылнай, тілмаш шенеуіктер ел билеуге кірісті [2, 180].

Болыстықты өз басынан кешкен Абай осы кезді өлеңінде былай деп сипаттаған: «Военный қызмет іздеме, Оқалы киім киюге. Бос мақтанға салынып, Бекер көкірек керуге. Қызмет қылма оязға, Жанбай жатып сөнуге. Қалай сабыр қыласың, Жазықсыз күнде сөнуге? Өнерсіздің қылығы, Тура сөзін айта алмай, Қит етуге бата алмай, Қорлықпенен шіруге; Аз ақшаға

жалданып, Өнбес іске алданып, Жол таба алмай жүруге». Аталған басылымның бас редакторы М.О. Әуезов бұл туралы жазған 1925, 1927 жылдары жарияланған Қазақ әдебиеті тарихы кітабына совет билігі қатаң тыйым салған болатын. Қазақты толық отарлаған колониялық кезеңдегі әдебиетті М.О. Әуезов «Зар заман» деп атаған Шортанбай ақынның сөзімен.

Деколониялық сарынның Зар заман ақындары патшаның отарлау езгісіне түскен қазақтың азаматтық құқығы тапталып, қалай зар илегенін жырлаған еді.

М.О. Әуезов жазғандай, Зар заман ақындарынан бата алған Абай «зар илеуді тоқтатып, басқа жол іздеді» [3]. Патша билігінің жаппай отарлауын советтік тоталитарлық режим енді таптық жүйе арқылы күшейтті. Зар заман ақындарының шығармалары әдебиет емес деп танылды. Батыстағы Исатай, Махамбет бастаған, Кенесары, Наурызбайдың антиколониялық көтерілісін жырлаған ақындардың сөзі фольклор, яғни тарихи негізді емес деп әдебиеттен шеттетілді. Кенесары Наурызбай сұлтандардың он жылдық деколониялық соғысына басынан аяғына дейін қатысқан Нысанбай мен Досқожа жыраулардың тарихи жыры тек Тәуелсіздік кезде ғана толық қайта жарияланды.

Патша кезінен басталған Алаш абайтануы күні бүгін толық ескерілмей келеді. 1918 жылы Ж. Аймауытұлымен бірге Екеу деген бүркеншік есіммен жазылған абайтанулық мақала авторы М.О. Әуезов Алаш абайтану түгілі өзінің әр ауызша айтылған сөзі үшін партия жиналысына салынып жауапқа тартылатын болған. Ж. Аймауытұлы мен М. Әуезов Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлының абайтанулық ұстанымдарын әдебиеттанулық тұрғыда толықтырған еді. Аталған еңбекте Абай сөзінің дискурстық негізі аналитикалық ретте талданған [4]. Алаш абайтануы авторларымен бірген репрессияға ұшырап, тек 1991 жылы ғылыми айналымға қайта оралды. 1934 жылы түрмеден шыққан М.О. Әуезовке ғана Алаш кезінде жазылған бүкіл мұрасынан бас тарқызып, тірі қалып, ғылымға оралуына рұқсат етілді. Әуезов тек 1941 жылы Абайға қайта оралды. Советтік кездегі абайтану: М.О. Әуезов, Қ. Мұхамедхан, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, М.С. Сильченко. Б. Кенжебаев, Т. Тәжібаев, З. Ахметов, Х. Сүйіншалиев, М. Мырзахметов еңбектерінде жалғасты: белгілі соцреалистік шеңберде.

Абайдың деколониялық сыни дискурсы Алаш ғалымдары үшін басты ұстаным болған: «Не күн туды басыңа, күні-түні жай таппай»; «Бейнет көрмей дәулет жоқ»; (Сап-сап көңілім, сап көңілім); «Болмасаң да, ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз» (Ғылым таппай мақтанба); «Адам деген даңқым бар, Адам қылмас халқым бар, Өтірік пен өсекке – бәйге атындай аңқылдар, Тұла бойым шіміренді» («Келдік талай жерге енді»); «Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың» («Қалың елім қазағым, қайран жұртым») өлеңдері Абайдың 40 жас шамасында жазылған. Өзі болыс болып, болыстық жүйені отарлаушы патшаның ғана мүддесін қорғайтынына көзі жеткен Абай болыстықтан бас тартады: «Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға. Шелтірейіп орысың, Шенді шекпен жапқанға. Күнде жақсы бола ма, Бір қылығы жаққанға, Оқалы тон бола ма, Ар-ұятын сатқанға. Күлмең қағып қасқайып, Салынып ап мақтанға. Таң қаламын қампайып, Жоқты-барды шатқанға». Тағы бірде: «Болыс болдым мінекей, Бар малымды шығындап. Түйеде қом, атта май, Қалмады елге тығындап» [5]. Заманындағы колониялық ахуалды бұдан артық ақын Абай қалай жеткізер еді?

Абайдың 176 өлеңі мен 45 қара сөзінің 99 %-ы деколониялық құса мен наламен жазылғаны әлі арнайы қарастырылмаған.

XV ғасырда Асан қайғы бастап берген отаншалдық мемлекетшілдік дискурсты Абай отарлау кезінде жаңаша көтерді. Шернияз, Мұрат Мөңке, Дулат, Махамбет, Шортанбайлар отарланған кездегі жер мен ел, дін мен діл, тарих пен тіл деп зар илеген уайымдары Абай кезінде бұдан да кері кетті: қазақты «қырғыз қайсақ» деп атаған Ресейдің толық боданы болғандықтан енді қазақ болудан, жер мен дінінен айырылып қара шекпендер дендеген бұратана кем құлдыққа түсті.

Абай енді «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, Адамның баласы – бауырың!» заманның бұл кесірі туралы: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі», – дегенмен ғана өзін жұбатады. Абайдың деколониялық ойы: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолын», Есім ханның «Ескі жолын», Әз Тәуке ханның «Құлтөбенің басында күнде кеңес болғанда», «Жеті жарғысын» білмек керек. Һәм, ол ескі сөздердің қайсысы ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды

толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ.

Абайдың қарасөздеріндегі сыни дискурсты А. Егеубаев Жүсіп Баласағұнның Құтты білігімен үндестігін анықтап, [6, 62]. Ғақлияның деколониялығы туралы былай деген: «Абай ұлтын ұйытып, көкірек көзін ашып, оң-солын айырып, замана сұмдығына ұрынбайтын сергек, қабілетті де бірлікті мемлекетке, қуатты елге айналдырар жол іздейді. Қандай кәсіпті ұстанып, қандай істі таңдау ләзім (Бірінші сөз); өзге жұрттан қалыспай «өнер тауып, мал тауып, шаруа қып» зор болмақтың жөні кәні (Екінші сөз); бір-біріне қаскүнем болудан арылып, билікті түзеп, ел басқаруды оңдамақ жол қандай (Үшінші сөз); қулық саумай, иттікке салынбай еңбекпен мал тауып, еңбек сауып, қара жер құнарын ембекке қалай ұйыған жөн (Төртінші сөз); іздеген еліміз қандай ел (Бесінші сөз); аңсаған тірлігіміз қай тірлік? (Алтыншы сөз); хайуандай қор болмай білгеннің ісін істеп, көргендінің тірлігін қайтсек кешер екенбіз (Жетінші сөз); ақылды ұғар, насихатты тыңдар ел бар ма? (Сегізінші сөз); қазақ іші өлген, сырты сау қуыс кеуделіктен қайтсе құтылады? (Тоғызыншы сөз)» деген елдік, ұлттық мүдделі сауалдарға жауап іздейді, ой қосып, көңіл жүгіртеді. Еңбек, имандылық, ақыл, қайрат, жүрек тазалығы секілді адамшылық қасиеттің категорияларына назар бұрады: Ұлт бірлігі, Ұлттың құты мен берекесі туралы түйінді өзекті сөз» [6, 58]. А. Егеубаев байқағандай, Абайдың қара сөзі әділ биліктің меңзеуімен жазылған. Бұл – анық деколониялық ұстаным.

Біздің ойымызша, Абай: қазақ патша құлдығынан қалай құтылады, не істеу керек деген катехизистік пікірін бізге әр сөзімен аманат еткен. Абайдың бұл деколониялық дискурсы әуелі Алаш абайтануын анықтап берді.

Абай отыз сегізінші сөзінде шоқындыруға қарсы мағлұмат ғылыми негізде берген. М.О. Әуезов пен Қ. Мұхамедхан жазғандай, отыз сегізінші сөзді қарасөздердің ішінде жасырып қою, осы сөздегі Абайдың шоқындыруға қарсы басты ислами ұстанымында болған: «Алланың өзі де рас, Сөзі де рас», «Шын илан да, таза ойла бір иманды», «Әуелі аят, хадис сөздің басы» осы бағытта жазылған.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген бір сөйлемінен

Абайдың құлдыққа түскен елінің мұңын, зарын, құсалық уайымын көреміз. «Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі май, бірі қан боп енді екі ұртың; Бет бергенге шырайың сондай жақсы, Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?» – деген бұл сөздер орыс билігіне қызмет етіп, өз жұртын тоздырған болыс, ұсақ шенеуік пен тілмаштарға қаратып айтылған. Бүкіл қазаққа емес!

Абайдың келесі сөздері өзі бастан кешкен болыстарды бір-бірімен қырқыстырып қойған патша саясатының сыны: «Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінекей, бұзған жоқ па елдің сиқын? Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың?». Осы ретте Абайдың деколониялық дискурсы анық тұспалдаусыз берілген. Қазіргі қазақ бұл сөздерге намыстанып, Абай өз елін сынады деп түсінуде. Бұл – Абайдың сөзі күні бүгін деколониялық тарихи контексте зерттелмегендіктің зардабы. «Бірі май, бірі қан боп енді екі ұртың»: қазақты біріне-бірін қарсы қойған отарлаған билік, би-болыстар мен ұсақ шенеуіктерге өз жағдайын ғана жасауға күн туғанға мәз болғандарға қаратып айтылған сөз! Өз халқын зар илетіп қанап отарлау саясатын іске асырғанындарды Абай былай меңзеген: «Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың», «Сапырылды байлығың, баққан жылқың». «Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ, сапырылды байлығың, баққан жылқың. Баста ми, қолда малға талас қылған, Күш сынасқан күндестік бұзды ау шырқың». «Әркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек» [5], – деп колониялық қорлық пен құлдықты анық сипаттаған Абай, заман илемек үшін әрекет жасау керектігін де айтқан.

«Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» деген Абай «Осыны оқып ойлай бер, болсаң зерек, Еңбекті сат, ар сатып неге керек? Үш ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Абай «көкірегі сезімді», «көңілі ояу», «Ішінде кімнің оты бар, Қар жауса да сөнер ме?» деп өз оқырманына арнап сөйлейді.

Алаш саяси элитасы «Оян, Қазақ!» деген деколониялық ұранды Абайдың осы сөздерінен өздеріне аманат етіп, басшылыққа алған. «Интернатта оқып жүр» өлеңінде Абай патшаның озбыр саясатына уланатындарға былайша есткерткен: «Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң арқалан, Сен де бір

кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан!». Бірақ қай жағдайда да «Пайданы көрсең бас ұрып, Мақтанды іздеп қайғы алма. Мініңді ұрлап жасырып, Майданға түспей, бәйге алма». «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ», – дегенді ескертіп, «Көкірегі сезімді, көңілі ояу» замандастырына сөзін арнаған.

Қазақ хандығы кезінен жыраулардың ақыл сөзімен басталған қазақ әдебиеті колониялық отарлаудың қыспағы түскен зар заман ақындары кезінен өтіп, Абайға келіп тірелді деп жазған М.О. Әуезов Қазақ әдебиеті тарихы кітабының соңында (1927). М. Әуезовтің бұл ғылыми зерттеуіне 1934 жылдан 1991 жылға дейін ресми тыйым салынған. Бұл зерттеудің соңғы сөйлемдерінде: «Біз енді Абай сөзінен қазақтың бастан кешкен тарихы мен заманының қасыретін көреміз» делінген. Алаш ғалымдары ату жазасына ұшырап, М.О. Әуезов өзі де сотталып, Әдебиет тарихы, Қилы заман, Хан Кене драмасынан бас тартып тірі қалып, тек 1941 жылы ғана Абай туралы жазуған мүмкіндігі туды. Абайтану қашан басталды деген сауалға біз тек 1988 жылдан ғана бастап шынайы мағлұмат алдық.

Ресей патшасының бодандығы 1731 жылдан бастап, оның мұрагері советтік пролетариаттық билігі де 1923 жылға дейін қазақты «қырғыз кайсаки» деп атап келді. Қазақ өз тарихи атауынан айырылып, тарихы, жері, тілі, діні, ділі жоқ ресейдің шетіндегі бодан бұратана жұрт болып саналды.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан Алтын Орда, Ақ орда болғанын өз әкесінен білсе де, өзі Абылайханның немересі болғанын айта алмай, XV-XVIII ғасырларда Қазақ хандығы мемлекеті болғанын да меңзей алмай, патша боданы ретінде әр сөзін тежеп, цензураны ескере отырып қана жазуға мәжбүр болған. Патшаның отарлау кезінде «просветители» деп Шоқан Уәлихан мен Ыбырай Алтынсарыұлы аталып, бұл қатарға Абайды Алаш ғалымдары қосқан.

Ыбырай Алтынсарыұлы ресей патшасына қызмет ететін орыс тілді аудармашылар дайындайтын орыс мектебін бітіріп, кейін орыс-қазақ мектебін ашуға мүмкіндік алды. Ыбырай Ресей ориенталистерімен жағаласып жүріп Шоқан бастаған қазақты шоқындыруға қолынан келгенше қарсы тұрып Шариат уль Ислам оқулығын жазып мектепке енгізуге тырысты. Бұл екеуінің де просветители деп аталуы: қазақтың өз жері, тарихы, мемлекеті,

тілі, ғылымы, жазуы жоқ деген бодандығы меңзелген.

Орыс патшасының қазақты отарлауы шыңына жеткен кезде, Абай зар заман ақындарының зар илеуін тоқтатып, басқа жол ашты. Абайдың әр сөзі анық деколониялық дискурста жазылды. Т. Жұртбай анықтағандай, Абай Семейге қазақты шоқындыруға келген архимандрит епископпен ашық алаңға шығып, дебаттық тұрғыда айтысып, қазақты шоқындыру мүмкін еместігін жұрт алдында дәлелдеген. Сондықтан да Абайды патша билігі алдыңғы екеуінен де қауіпті деп санап, қолжазбасына дейін өртеген [7].

М.О. Әуезовтің 1923 жылы Смағұл Сәдуақасұлының сауалнамасына берген жауабында Абайдың сөзіне Ресей патшасы неге шүйліккені анық жазылған. 1907 жылы әке-анасыз жетім қалған 10 жасар М.О. Әуезовке Семейдегі сүзек карантині кезінде үйде отырған немересіне атасы Әуез Абайдың өлеңдерін Мүрсейіт молда көшірген дәптерді 5 рубльге сатып алып жаттатқаны айтылған. Бала Мұқтардың жазуынша, Абайдың «Қыс», «Аттың сыны» өлеңдері жаттауға аса қиын түскен. Қазақты шоқындыру белсенділеткен кезде Әуез сияқты қазақтың зиялылары өз ұрпағы келешекте шоқынып кетпес үшін Абайды жаттатуды жалғыз амал деп санаған. Абайдың сөзін көшірген Мүрсейіттің бірнеше дәптері күні бүгін осылай сақталған. Абайдың қолжазбалары неге сақталмаған деген сөздерге, колониялық құлдық көрмеген, еуропоцентристік сауалдарға жауап беретін деректің біреуі осы.

Абайды әуелі қазақтың өзіне, кейінірек билеуші билікке танытқан кімдер? Алаш абайтануына совет кезінде неге тыйым салынды? Абайды феодалшыл, ескішіл деп кінәлаған патша билігінің ұстанымын пролетариаттық советтік билік қалай жалғастырды? Таптық тоталитарлық жүйеге де Абай тар келді. Советтік билік кедей, атеистік, сауатсыздар билігі болғандықтан Абайдың ұлттық құндылықты ұстанған айдентикалық деколониялық дискурсы қажет емес болды. Совет кезіндегі абайтану Алаш абайтануына тыйым салып, Абайды феодалшыл, қазақты тек сынаумен ғана шектелген біреу етіп көрсетті. Абайдың әр сөзі деколониялық дискурста екені тек 1988 жылы Алаш абайтануы қазіргі ғылыми айналымға қайта оралғаннан кейін ғана орныға бастады. Өкінішке орай, Абайдың соңғы толық жинағында да Алаш абайтануы тағы да ескерусіз қалды.

Әдеби мұраның игерілуін Шоқан мен Ыбырай білім, ілім беру, ағартушылық, тәрбиелік бағытқа бағындырса, Абай басқаша жол ашты: Әл-Фараби бастаған адамдықтың ислами қағидалары асыл сөзде заманауи болуын анық көрсетті.

Абай өзіне дейінгі қазақ әдебиеттануында бұрын-соңды болмаған әдеби-эстетикалық жаңалық ашты: сөздің саяси әлеуметтік қызметін жаңғыртты. Әл-Фараби дәстүрін жалғастырған Абай әдеби сөзді заманауи білімге, ғылымға бағындырды. Көркемсөздің қызметін, оның асыл сөздік күш қуатын заманауи етті: отарлауды сынау арқылы. Сөздің дұрыс және орынды қолданылуын талап етті. Ең бастысы, Абай классикалық шығыс не орыс әдебиетін ғана үлгі етіп шектеуден бас тартып, қазақтың қарасөзіне саяси әлеуметтік мән мен мағына берді. Абай осылайша қазақ әдебиетінің басқалармен қатар тұратын дәрежесін орнықтырды. Өзі осыған сай шығармалар жазып, өлеңдерінде әдебиеттің қызметін танытатын оның теориясын да қазақша анықтап берді: «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы!» Көркемсөздің қазақ тіліндегі қуатын да айғақтаған Абай. Осымен қатар Абай асыл сөзге Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Қашқарилерден келе жатқан ғибраттық мағына қажет екенін әр сөзімен дәлелдеп шықты.

Тұңғыш абайтанушы кім деген сауалға да жауапты Алаш ғалымдары берді. Әлихан Бөкейхан 1905 жылы Абайдың қайтыс болғанына 1 жыл толуына қатысты Семейде шығатын генерал губернатордың Семипалатинский листок басылымында Абай Кунанбаев атты мақала жариялады. Бұл мақалада тұңғыш рет Абайдың ата тегі, нағашы тегі, оның негізгі шығармаларына аналитикалық талдау жасалды. Абай Семей кітапханасынан қандай кітап алып оқығаны туралы да нақты мағлұмат осы ретте берілді.

Бұл мақала Семейдің «Семипалатинский листок» газетінде 1905 жылы қараша айында жарияланды. Абайға арналған мүнәһиб мақаласын Ә. Бөкейхан орыс тілінде жазған: орыс қоғамына таныту үшін. Басты мақсат – ақын шығармашылығын көпшілікке, басқа жұртқа насихат үшін. «Абай скончался на 60-м году своей жизни. Он родился в год змеи в 1845 году и умер в год зайца в 1904 году» [8, 126]. Зерттеуші ақынның шын есімі Ибраһим – Авраам екенін айтып, шешесі Ұлжан қойған Абай

есімі ел ішінде мойындалғанын нақтылаған. Абайдың руы тобықты екені, бабасы батыр және би Ырғызбай екені, атасы Өскембайдың да әділ би болғаны айтылады. «Абай по отцу происходил из поколения известных вожаков и биев рода Тобықты. Прадед поэта тобықтинский бий и батыр Ырғызбай, названный по названию реки Иргиз Тургайской области, где он родился в 50 годах 19 века, в числе немногих вожаков его привел род Тобықты их Туркестана в Чингисские горы, представляющие превосходные пастбища. Дед Абая Ускенбай стяжал в родной степи славу справедливого бия; к нему обращались киргизы отдаленных родов, предлагая разрешить их споры. Отец Абая Ускенбай имел огромное влияние и на киргиз чужих родов, что подтвердилось избранием Кунанбая в старшие султаны Каркаралинского округа, когда должность их была монополизирована родовитыми султанами. Кунанбай под конец жизни сьездил в Мекку и, вернувшись оттуда, удалился от мирских дел, что еще больше сделало популярным имя Кунанбая» [9, 307]. Әлихан Бөкейхан Әкесі Құнанбайдың Қарқаралы аға сұлтаны болғаны, оның басқа рулар ішіндегі абыройы мойындалғанын еске салады. Меккеге барғаннан кейін Құнанбай қажы атағына сай өмір кешкені; Абайдың анасы Ұлжан атақты Бошан Бертіс бидің, атақты төбе би Қазыбек бидің ұрпағы екені де тегін емес екені айтылған.

Абайдың қандай ресми білімі болды? деген сауалға осы мақалада тұңғыш рет нақты мәлімет берілген. Он жастан он екіге дейін Абай ауылда оқып, 12 жаста Семейдегі Ахмет-Риза молданың медресесіне түскен. Онда жүріп орыс мектебінде 3 айдай оқып, 14 жасында білімді доғарған: 4 жыл медресе, 3 ай орыс мектебі, 15 жасында әкесіне көмекші болған.

Әлихан Бөкейхан Абайдың деколониялық дискурсын осы ретте түсіндірген: «Абай, вернувшись в степь, и несмотря на свои 15 лет, сделался одним их помощников своего отца, игравшего роль влиятельного вожака киргизских родов, ведших борьбу за политическое первенство с султанскими родами, которым устав 1822 года о сибирских киргизах предоставил монополию правителей Киргизской степи». Жиырма жасында атақты шешен атанған Абай елге белгілі болды. Шоқындыруға қарсы ислами білімін араб, парсы, түркі тілдерін меңгеру арқылы жетілдірді.

Осы тілдегі кітаптарды оқып, Абай молда дәрежесіндегі мұсылмандық білім алған. 14 жасынан өлең жазған Абай бұған аса мән бермеген. Дала тектілері үшін әнші, ақын болу ұятты саналып, олар ортасынан бірде-бір «бақсы», ақын шықпағанын мақтан еткен. Абай кейін осындай абыройдан айырылған ақындарды өлеңді ақша, күн көріске жұмсағандары үшін оларды сынап өлең жазған [8, 308]. «Несмотря на свои юношеские годы, Абай занял выдающееся место среди деятелей того времени; ему степь проорочила судьбу знаменитого бия, не понимая, что время биев прошло безвозвратно. К 20 годам своей жизни Абай стяжал славу первого оратора «шешен», первого знатока народной жизни, ее юридических обычаев, знал на память многочисленные решения разнообразных дел знаменитыми биями Киргизской степи и, благодаря своим стараниям знать и необычайной своей памяти, представлял собой ходячий сборник народных преданий, пословиц, сказок и афоризмов, созданных мудрецами Киргизской степи. Нет сомнений в том, что Абай в старое время оправдал бы пророчество родной степи: сделался бы бием, право судить которого создавалось не формальным избранием, а признанием его таланта, как устанавливается слава писателя и артиста» [9, 308].

Әлихан бастаған Алаш ғалымдары Абай сөзін жаңа ұлттық әдебиеттің басы деп санаған. Сондықтан олар Абай сөзін жинап, халыққа танытып, таратуды өздеріне парыз санаған. Осы зерттеуінде Ә. Бөкейхан Абай лирикасын еуропалық ақындардың өлеңдерімен салыстырып талдап, олармен тең дәрежеде болу себебін де айтқан.

Қарқаралы петициясын ұйымдастырғаны үшін түрмеге қамалған Ә. Бөкейхан түрмеде отырып Абай өлеңдерін жүйелеп баспаға дайындаған. Көп ұзамай 1909 Абайдың тұңғыш кітабын Санкт Петербордан шығуына бас болып, алғы сөзін Кәкітай Ысқақұлы атынан кітапқа енгізген. Абайтанушы Ә. Бөкейхан орыстілді ортаға Абайды былай танытқан: «Абай, как это покажут его стихи, представлял недюжинную поэтическую силу и составляет гордость казахского народа. Еще не было казахского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай. Чудные его стихи, посвященные временам года (весна, лето, осень, зима) сделали бы честь знаменитым поэтам Европы» [9,

63].

Ә. Бөкейхан «Мұсылман сиезі» мақаласында талқыланған саяси мәселелерді әдеби мысалмен тұжырымдаған: М. Дулатұлының Бақытсыз Жамал сюжетін шариғат пен адал сезімінің арақатынасын Абай өлеңдерімен нақтылап келтірген. Сол кездегі ресми құжаттар орысша не татарша жазылатынына қарсы болған Ә. Бөкейхан қазақ тілін қорғап шыққан: «Осылардай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған бес миллион қазақтың тілі қалайша жоқ болады. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Тарғыннан һәм өзгелерден көрініп тұр ғой?!».

Абайдың шоқындыруға қарсы деколониялық дискурсы туралы: «Новое время, характерное успехами и упрочением в степи ислама, обратило внимание Абая на знания, заключающиеся в книгах на арабском, персидском и тюркском языках. Благодаря досугу и способности, он самоучкой достиг того, что выучился арабскому и персидскому языкам, на которых свободно читал, и приобрел имя знатока священных книг. Муллы – хаджи, про которых степь сложила поговорку; «аңқау елге – арамза молда» (наивному народу и стяжатель священник), боялись встречи и разговоров с Абаем, который разоблачал их духовную нищету. Здесь следует отметить отношение Абая к обрядностям ислама. Он, бичуя в своих стихах ханжество и лицемерие мулл. Этим поступком Абай критикует соблюдавших только внешние обряды: поголовно соблюдающих посты, особенно 30 дневный рамазан и исполняющие пятикратную в сутки молитву. К 30 годам своей жизни Абай приобрел громкую известность влиятельного киргиза, табун которого объезжали конокрады, с которым богатые киргизы других родов искали родства и дружбы и вражды с которым избегали соседи. Абай во всеоружии своего таланта и знаний ушел в борьбу киргизских партий и играл в ней первую скрипку. Абай был самородок, вынесенный судьбой в безвременье его родины, не в чем, как в борьбе партий, было ему проявить свои силы» [9, 308].

Әлихан Абай ауылына қатысып тұрған. Шәкәрім екеуі бөле болған. Отарлаған патша билігі өздерін сынаған Зар заман ақындарынан басталған ақын сөзі шариғатқа қарсы дегенді де пайдаланғанын осы ретте келтірген: «С 14 лет Абай сочинял

сатирические стихотворения; они заучивались молодежью; автор не придавал им никакого значения. Вероятно, он стыдился унизить себя званием «акына» (певца), которого степная аристократия презирает. Киргизские султаны гордились, тем, что из них не вышло ни одного «бақсы» (колдун), ни одного акына. Впоследствии вступив на путь писательства, Абай клеймил киргизских акын за то, что они искусство превратили в средство выпрашивать у богатых деньги, и выделил себя от ремесленников «акынов»: «Мақтау өлең айтыпты һәркімге арнап. Әр елден өлеңменен қайыр тілеп, Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап». Осы өлеңнің орысша мағынасы берілген [8, 101].

1880 жылы Абай Семейге саяси қуғындалған Гросс пен Михаэлиспен танысады, бұлар арқылы орыс әдебиетін меңгереді. Бұлардан өз халқын крепостнойлық құлдықта ұстаған патшаға қарсы шыққан орыс зиялыларымен пікірлес болған. Ә. Бөкейхан Абайдың оқыған кітаптар тізімін де тұңғыш рет атап берген: Спенсердің «Тәжірибелері», Льюистің «Позитивтік философиясы», Дрепер «Еуропаның ақыл-ойының дамуы»; И.Г. Чернышевскийдің «Современниктегі» мақалалары, Лермонтов, Пушкин, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писарев мақалаларындағы патша билігіне қарсы шыққан заман сынын назарда ұстағаны айтылған. Әлихан Бөкейхан Абайдың Лермонтовқа көзқарасы туралы: «Особенно Абай полюбил сочинения Лермонтова, из которых любил делать переводы; между прочим Абай перевел превосходными киргискими стихами Думу, Кинжал, Парус, Молитву и др. Абай перевел много басен Крылова, находя, что для киргиза наиболее понятны басни и полезные нравоучения. Абаем переведен на киргизский язык Евгений Онегин; особенной в степи популярностью пользуется Письмо Татьяны, для которого тот же переводчик сочинил мотив. В 1899 году в Коканской волости киргизский певец Адылхан предложил нам послушать Письмо Татьяны под аккомпонемент его скрипки. На наше удивление, откуда он знает Письмо Татьяны, Адылхан не без гордости указав на себя, пояснил, что у русских был такой же, как он певец акын Пушкин, который воспел, как Татьяна сұлу полюбила джигита Онегина, которому и написала письмо. В тот же вечер Адылхан, знающий много оригинальных стихов Абая,

спел нам несколько переводов из Лермонтова, пояснив при этом, что Лермонтов был недоволен жизнью, а Пушкин относиля к ней как мудрец. Впоследствии автору этих строк пришлось убедиться в том, что в Кригизской степи в разных уездах акыны знали и распевали на домбре переводы Абая из Пушкина и Лермонтова. Абай был поклонником Л.Н. Толстого и Салтыкова. Учащимся в русских школах киргизским детям посвятил особое стихотворение, в котором, бичуя злой сатирой стремление киргизских детей быть взяточником писарем, подпольным адвокатом, полицейским чиновником, предлагает им почитать Л.Н. Толстого, Щедрина и стремиться быть такими, какими были они. Абай пожалел, что ему самому не удалось учиться в молодости, что выразил следующим четверостишием: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім. Ер жеткен соң түспеді уысыма, Қолымды мезгілінен кеш сермедім». Бұл өлеңнің де мағынасы орысша аударылған. «Желая наверстать упущенное, о чем так жалел Абай, он стал учить своих детей в русских школах, при этом хлопотал об их образовании, не имея никаких утилитарных видов, как это преследовали другие киргизы, отдавая детей в русскую школу. Этот взгляд на образование своих сыновей Абай выразил в следующих словах: «Адамның бір қызығы бала деген. Баланы оқытуды жек көрмедім. Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» [9, 309].

Осы ретте ақын қазақтың оқығандарының патша билігіне құл болмауын көздегені меңзелген. Орыстың демократтық бағыттағы революцияшыл зиялыларымен кезінде Шоқан Уәлиханов та арласқаны белгілі. Қазақтың бодандыққа түскен кездегі діні мен ділінен айрылуына көзі жеткен Абай, елінің келешегі үшін осылай қасірет шеккен.

Ә. Бөкейхан Абайды ұрпағына заманауи білім беру үлгісін көрсеткен тұңғыш қазақ деп жазған. Оның Әбдірахманды Тюменьдегі училищеге, одан Петербордағы технологиялық институтқа, кейін Михайловскідегі артиллериялық училищеде оқытқанын, бірақ Әбдірахман науқастан 1895 жылы қайтыс болғанын да баяндаған.

Әлихан Бөкейхан Абай өз өлеңдерін жинамаған себебі туралы: «Абай отдал свой досуг чтению и сочинению стихов, которых к сожалению, не собирал. Каждое стихотворение, сказанное или

написанное Абаем по случаю, на первом попавшемся лоскутке бумаги, разбиралось молодежью и заучивалось. Стихи Абая, особенно сатирические, заучивались во всех концах Киргизской степи. В сознании своего таланта Абай свысока относился к своим сородичам, по адресу которых писал: «Жан көрінбес көзіме, Арғын, найман жиылса Таңырқаған сөзіме, Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне» [9, 310].

Әлихан Бөкейхан Абайдың соңғы жылдары қоғамдық жұмыстан аулақ болғанын айтады: «Өзімде басқа шауып, төске өрледім; Қазаққа қарасөзге дес бермедім; Еңбегімді білерлік еш адам жоқ, Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім». Әлихан Бөкейхан бұл өлеңнің де орысша мағынасын берген.

1904 жылы 14 майда Абайдың сүйікті ұлы Мағауия қайтыс болады. Қатты қайғырған Абай елмен араласуды доғарып, сөзден де тыйылады. Мағауияның қырқынан кейін өзі де бұл өмірден өткені осы ретте жазылған. «Оригинальные сочинения Абая и его переводы из Пушкина (отрывок из Евгения Онегина), Лермонтова, Крылова собраны его сыном Турагулом и в непродолжительном времени будут изданы Семипалатинским Подотделом Императорского Россиского Географического Общества под редакцией А.Н. Букейхана. Абай, как это покажут его стихи, представлял недюжинную поэтическую силу и составляет гордость киргизского народа, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай. Чудные стихи его, посвященные четырем временам года (весна, лето, осень, зима) сделали бы честь знаменитым поэтам Европы» [9, 310].

Ә. Бөкейхан Абайдың шығармашылығын еуропалық ақындар дәрежесіне көтеріп, мұндай қазақ ақыны бұрын болмағанын ескертеді. Екі мүшел жас айырмашылығы бар Ә. Бөкейхан Абайдың шығармаларының тұңғыш жинағын Кәкітай, Тұрағұлмен бірге алғашқы шығарушысы болғаны да осы мақаладан белгілі болады [9, 310].

«Жаңа кітаптар» атты мақаласында Ә. Бөкейхан Е.П. Михаэлиске арналған кітапты сөз етеді. Е.П. Михаэлистің көмегімен Абай орыстың классикалық әдебиетімен танысқаны айтылған. Орыс ғалымының Алтай, Тарбағатай таулары туралы мақалалары, ғылымға қосқан нақты үлесі сөз болған. Осы мақаланың соңында төмендегідей өлең жолдары берілген:

Уай! Сен денеде аз күн қонақ.
Заман жоқ тұруға, өмір шолақ.
Жас мезгіл екі айналмас, мойнын бұрмас.
Жұмыс ет – оқтай зырлап, қардай борап.

Қыр баласы деген бүркеншік есіммен жарияланған Әлихан Бөкейханның абайтанулық зерттеуі ақын Сәбит Дөнентаевтың осы сөздерімен тәмамдалған.

Бұл сөздерде Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш саяси элитасының сол кездегі тар заманның ғылымы, тарихы ұлттың асыл сөзінде бейнеленгенін, сондықтан әдебиетті ұлттық тұрғыда танытуға да ие болуы қажет екені анық меңзелген.

Тәуелсіздік кезде Алаш партиясының саяси көшбасшысы, тұңғыш абайтанушы Ә. Бөкейханның деколониялық ұстанымы Абайдың отарлауға қарсы сөздерін анықтап беруімен де айқындалғанын білуіміз аса қажет [9, 311].

Әдебиеттер:

1. История Казахстана в 5 томах Том 3. – Алматы, 2000. – 447 б.
2. Қазақ әдебиеті тарихы. 2 том, 1 кітап. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1961. – 180 б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
4. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5 том. – Алматы: Ғылым, 1999. – 434 б.
5. Абай. 2 томдық шығармалар жинағы. 1-том. 1986. – 296 б.; Абай 2 томдық шығармалар жинағы. 2-том. – 1986. – 336 б.
6. Егеубаев А. 19 ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті: Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 5 том 19 ғасырдың екінші жартысы (1850-1900). – Алматы: Ақпарат, 2006. – 555 б.
7. Жұртбай Т. Ол боламын демеңдер...Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер. – Астана: Алашорда Қоғамдық қоры, 2021. – 584 б.
8. Ісімақова А.С. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
9. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы,1996. – 479 б.

Т. ТҰЯҚБАЙ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының профессоры м.а.

АБАЙ – ГЁТЕ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС САРЫНДАРЫ

Абайдың дүниетанымы мен өсу кезеңдерін талдай келе Мұхтар Әуезов: «Өз айтуынша, отыздың ішінен бастап... қырыққа таман келген уақытта бұрынғы дүниенің асты үстіне шығып өзгерді. «Күншығысым – күнбатыс, күнбатысым – күншығыс болып кетті», – дейді» [1, 289], – деп жазады. Сонымен қатар хакім Абайдың «исләмшілдік, схоластикалық тұсаулардан», сопылық көзқарастан ерте арылып, дүниені танып-білудің батыстық та, шығыстық та үлгісіне құлап түспей, өзіндік жолын таба алғанын да атап көрсетеді.

Абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы да «Абай дүниетанымында ұлттық, шығыстық жағы басым» екенін айта келіп, қазіргі кездегі «қоғамдық ғылымдар саласы еуроцентристік, кеңестік, затшылдық модельдің ырқынан шыға алмай» тұйыққа тірелгенін, бұл дағдарыстан шығу үшін түбегейлі түрде ескірген стереотиптік танымдардан бас тартуға үндейтінін айтады [2, 596]. Оның осындай тұжырымды толғамының үдесінен шығу үшін қазіргі зерттеушілер жауыр болған жалаң идея, жалпылама пікірлерден гөрі жалқы жағдаят пен нақты мәселеге, оқшау ойға ойыса бастағандай.

Осы мақаланың тақырыбына орайлас Гётенің «Қыс пен Темір» өлеңі мен Абайдың «Қыс» және басқа да өлеңдерін салыстыра қарап, шағын интерпретациялық талдау жасамақпыз. Ол үшін алдымен екі ақынның батыс-шығыс тақырыбын қалай қаузағаны туралы басқа зерттеушілер не дейді екен, соны да бір шолып көрелік.

Гётетанушы ғалым А.В. Михайлов Гётенің «Батыс-шығыс диуаны» кітабының академиялық басылымына арнайы жазған зерттеу мақалалары мен түсініктемелерінде асыл мұрат, мәңгілік махаббат идеясы жолында отқа түсуден тайынбайтын көбелек образының немесе белгілі бір тарихи тұлғалар бейнесінің дәстүрлі мәдениет тілінде, әсіресе шығыс әдебиетінде жиі

кездесетінін мысалға келтіреді. Сондай-ақ ол өзі де аудармашы болғандықтан, Гётенің осы кітабын көптеген орыс ақындарының түрліше аударуы себебін шығарманың аса терең философиялық мағынасынан, күрделі формасынан туындаған деп түсіндіреді [3, 728-731, 748].

Герольд Бельгер екі ақынның қыс туралы өлеңдерін салыстырып қарамаса да, жалпы түрде Абайдың әрбір өлеңі «бір кітаптың жүгін» арқалап тұратынын айта келіп: «Немесе «Тоты құс түсті көбелекті» еске түсірейікші. Соңғы төрт жолда қаншама мағына, қаншама философиялық ой, түйін жатыр», – деп атап көрсетеді, өлеңнің соңғы, үшінші шумағын мысалға келтіреді [4, 175]. Екі ақынның шығармаларында, бәлкім, мұндай ұқсастықтар, ортақ образдар, символдық мағыналар жиі ұшырасатындықтан, оларға жеке-жеке тоқталып жатуды мақсат тұтпаған да болар.

Өзбек ғалымы А. Саидовтың пікірінше, Гёте Германияда туып, өз шығармаларын сонда жазса да, рухани жағынан Шығыс ақыны болып саналады. Оның шығармаларының маңызы мен мәні, ондағы сезім, көңіл-күй ауаны шығыс адамына тән қасиеттерімен ерекше көзге түседі. Сондай-ақ зерттеушінің пайымдауынша, орта ғасырдағы Шығыс поэзиясындағы сопылық идея Гётенің «Батыс-шығыс жинағын» (*«Өлесің де, қайта пайда боласың!»*) тұтасымен қамтиды.

Сопылық идеяға байланыстыра отырып, көбелек образы туралы осылайша жалпылама пікір білдіргенімен, оның жазуынша, әлем поэзиясының барлық жеті жұлдызы да – Шығыс ақындары. Шығыс әлемінің осы жеті жұлдызы ішінен Сағди, Хафиз және Науаи үшеуін бөлек атап көрсетіп, Гёте өзін олардың тырнағына да татымайды дейді [5].

Зерттеуші И. Лагутинаның пікірінше, Гете осы кітабының кейінгі толықтырылған басылымында әрбір жекелеген сөз түгілі, тіпті, тыныс белгілеріне, мәселен, тырнақшаға дейін де үлкен мән берген: егер әдетте мәтінде тырнақша «бөгде» сөздің авторын, дәйексөзді беру үшін қолданылса, ал Гёте, керісінше, өз сөздерін, ойларын «өз даусы ретінде» тырнақшамен береді немесе дәйексөз бен өз сөзін мидай араластырып жібереді. Ал көбелек немесе қыс туралы өлеңдерінде өзінің субъективтік (батыстық) танымын қоса бергенімен, онда шығыстық образ менмұндалап айқын

көрініп тұр [6, 192].

Жалпы алғанда, осы қысқаша шолудың өзінен-ақ неміс ақыны мен қазақ ақынының символдық образдар немесе белгілі бір тарихи тұлғалар туралы өлеңдерінің жиі аталып, көбірек талқыға түскенін байқаймыз. Әйтсе де әр ақынның шығармасы негізінен өзінің туған топырағында кеңінен таралып, жеке-дара жеткілікті талданғанымен, олардың нақты бір туындысы, атап айтқанда, қыс туралы өлеңдері бір-бірімен салыстырыла зерттеліп көрмеген екен. Оның басты себептерінің бірі екі алыптың өмір сүрген дәуірлерінің әрқалай, яғни екеуінің жас айырмашылықтарының шамасы жүз жылдай уақытты алып жатса, екіншіден, қазіргі кездің өзінде де екі ел арасындағы әдеби-мәдени байланыстардың қарқын алып кете алмай жатқандығынан болса керек. Оның үстіне Гёте көзінің тірісінде-ақ әлем әдебиетінен ойып тұрып өз орнын алған болса, Абайдың шығармалары өзі қайтыс болғаннан кейін бес жылдан соң ғана жарық көргені белгілі.

Бұдан басқа да сан алуан объективті себептердің бірі: екі елдің тарихи қоғамдық-әлеуметтік даму сатылары да феодалдық-патриархалдық бір деңгейде болғанымен, қоғамдық ой-сана дәрежелері бірдей емес-ті. Германияда Гёте тұрған Саксен-Веймар герцогтығы өз алдына ергежейлі мемлекет болса да, онда ой еркіндігі, атап айтқанда, немістің классикалық философиясы өзінің шарықтап даму шегіне жеткен шақта Абай елінде жоғары қоғамдық ой-сананың орнына қауымдық-рулық жікшілдіктің, «бақастықтың», «алты бақан алауыздықтың» өршіп тұрған кезеңі болатын. Осындай мезгіл жағынан да, мекен тұрғысынан да алып қарағанда замандары бір-бірімен мүлде үндеспейтіндей, үйлеспейтіндей көрінетін екі ақынды олардың шығармаларындағы өзара ұқсастықтар мен ерекшеліктер, символдық ортақ образдар мен тарихи тұлға тағдырлары табыстыратынына таңғалмасқа шараң жоқ. Әдебиет пен мәдениеттегі мұндай құбылысты «данышпандар диахрониясы» десе керек-ті.

Шынында да Гётенің осы «Жинағына» енген «Хикметнама. Нақыл сөздер кітабындағы» («Hikmet-Nameh. Buch der Sprüche»):

Мойындаңдар! Шығыстың ақындары
Батыстағы бізден зор, ақылды әрі.
Біз теңесер жердің бір ұяттығы:
Жек көруде өзіміз сияқтыны! –

дейтін өлең жолдары оның шығыс ақындарын қаншалықты мойындап, көкке көтере мадақтайтынын көрсетеді [7, 129].

Абайдың да балалық шағында өлең жазуға деген талпыныстарынан шығыстың жеті жұлдызы атанған классик ақындарының:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз бу һәммәси
Мәдәт бер, я, шағири, фәриад! –

деп, аттарын атап, олардың аруағын шақыратыны оқырман қауымға етене таныс [8, 25].

Гетенің он екі кітаптан тұратын «Батыс-шығыс жинағының» тақырыптық тұтас архитектоникасын тұжырымдап таратып, атап айтар болсақ, ол негізінен былай: Махаббат – «Ғашықнама» кітабында, Шарап – «Сақинама», Зұлымдық – «Ренішнама» және Батырлық – «Темірнама» кітаптарында жырланады. Дей тұрсақ та, осы темірқазық төрт тақырып қалған сегіз кітапты да көктей өтіп, «айналасын теп-тегіс жұмыр келтіріп» (Абай), тұтас жинақты жұтындырып тұр.

Гётенің мүлде ұйқассыз жазылған (қазақшаға аударғанда ұйқастыруға тура келген) «Қыс пен Темір» өлеңі екі жолдан тұрады. Әйтсе де, осы туындының авторлық ремарка түрінде берілген бастапқы екі шумағын (8 жолын) есептемегенде Қыстың Темірге айтқан сөзі (монологы) тұп-тура 24 жолды құрайды [7, 143].

Енді интерпретациялық салыстырмалы талдау жасау үшін алдымен екі ақынның аталған өлеңдерінің мәтінімен толық танысалық:

Гёте	Абай
Қыс пен Темір*	**Қыс**
Осылайша оларды енді өзінің	Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Қаһарына алды лезде қыс орап.	Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Түрлі желдер ызғарымен төзімін	Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Сынағандай, тұс-тұсынан қысар-ақ.	Басқан ізі сықырлап, келіп қалды.
Қыс боранға құдіретті күш берді,	
Ызғар шашты құдды өзі бір құдай	Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,

боп.
Төмен Темір қамалына түсті енді,
Сес көрсете айқайлады былай деп:
«Ақырын жүр, ей, бақытсыз, о, сорлы!
Өзгер сен де, жауыздықтың патшасы;
Пәк жүректер жанбас отқа есерлік,
Өртенер тек қатігездік бақшасы.
Құдай атқан перілердің бірісің!
Сен – кәрі шал! Мен де – соның бірімін!
Қатырамыз жер бетінің тірісін,
Һәм жерді де бірі ғой деп тірінің.
Марс**! Ол – сен! Мен – Сатурн***, ең жалғыз,
Қоғамдағы ең қатыгез жұлдыздар!
Мұз қатырып, кісі өлтірер жалмауыз,
Менің ауам – ең бір суық түнгі ызғар.
Менің ауам – суығырақ сенен де,
Саф самалдай жан сарайын тазартпақ.
Жабайы әскер қинап жатыр әлемде,
Құдайына сенгендерді азаптап;
Мүмкін, егер қалса құдай қош көре,
Табылады одан-дағы жаман не:
Құдай куә! Сыйламаймынештеңе!
Құдай білер, ұсынамын саған не?
Құдай куә! Өлердей бұл суықтан,
Пеште жанған оттың шоғы – елес-дүр,
Желтоқсанның жалыны да жылытқан,
О, кәрі шал, қорғамайды сені ешкім!» [7, 143].

Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.

Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы
Бет қарауға шыдамай теріс айналды.

Қар тепкенге қажымас қайран жылқы,
Титығы құруына аз-ақ қалды.
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, қор қылма итке малды.

Соныға малды жайып, күзетіңдер,
Үйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!
Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,
Құр жібер мына антұрған кәрі шалды [8, 109].

Абайдың бастан-аяқ бір желілі ұйқаспен жазылған «Қыс» өлеңі де 24 жолдан тұрады. Абай шығармаларында Темірдің есімі екі-ақ рет аталады: оның бірі – баласы «Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы» деген өлеңінде: «Зекет жиып, егін сап, Тойдырған ғаріп, жатақты. Ескендір, Темір, Шыңғыстай Мұсылманда атақты» делінсе [8, 273-274], екіншісі «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» атты еңбегінде: «Әмір Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен бір туысқан екі бауыры болған» деп келеді [9, 138].

Хакім Абай «қыс» деген сөзді өз еңбектерінде жалпы алғанда 12 рет қолданған [10, 353]. Қарастырылып отырған екі өлеңде кілт сөздер ретінде: Winter – қыс, Greis – кәрі (шал, құда) екі ақынның да мәтіндерінде екі реттен қайталанады. Әйтсе де, мәселе кілт сөздердің қаншалықты жиі қайталануында ғана емес, бұл – екі өлең ұқсастықтарын салыстырғанда бірден көзге түсетін сыртқы белгілері ғана. Екі туындыға өзек болған кейіпкерлердің мезгілдік және мекендік ортасы әртүрлі болғанымен, оларды байланыстырып тұрған ортақ мәселе біреу-ақ. Екі өлеңнің ішкі жасырын мазмұны мен олардың жазылу тарихына терең бойлап қарағанда ғана мұның «құпиясы» ашыла түседі:

Гётенің кейіпкерлерін «Қыс пен Темір» деп есептесек, Абайдың кейіпкерлерін шартты түрде «Қыс пен Халық» деп атауға болар еді.

Йена қаласында 1814 жылдың 11-12 желтоқсанында жазған осы өлеңіне Гёте В. Джонсонның «Азия поэзиясы туралы алты кітапқа түсіндірмелерінде» келтірілген деректерді арқау етіп алғаны белгілі. Онда 1404–1405 жылдары Ақсақ Темірдің теріскей Қытайға жасаған жорығы жайында баяндалған. Гётенің осы өлеңін оқыған Сульпица Буассере өзінің күнделігіне былай деп жазған екен: «Темірдің қысқы жорығы – Наполеонның Мәскеуге жорығымен параллель. Әскери кеңес. Қыс бұл арада дара кейіпкер ретінде Марс құдайға қарсы шығып отыр. Қарғыс па, әлде даңқ па; мықты, құдіретті» [3, 748]. Гётенің астарлы өлеңі өз заманымен орайласып тұрғаны айдан анық.

Кейбір гётетанушылардың еңбектерінде бір-біріне қарама-қайшы пікірлер де ұшырасып қалып жатады. Мәтінтану теориясы бойынша көп мағыналы сөздерді интерпретациялық талдау тәсілі – қалыпты құбылыс. Әйтсе де мәнмәтін негізінен мәтіннен туындайтыны айдан анық. Ал астарлы ойдың қалыбы – мәнмәтін. Мәселен, «Қыс пен Темір» өлеңінің алғашқы нұсқасында тырнақшаға алынбаған, кейінгі нұсқасында «Ақырын жүр, ей, бақытсыз, о, сорлы!» деген жолдан бастап аяғына дейін тырнақшада берілген сөздерді Гётенің дәйексөз ретінде алғаны белгілі [7, 142-143]. Наполеонның абыройы асқақтап тұрғанда Германияда болған кезінде Гёте оның қабылдауында болғаны, жеңімпаз императордың әйгілі ақынды қызметке шақырғаны мәлім. Гёте ұсынылған қызметтен бас тартқан. Өлеңнің бір құпия

сыры осында жатыр.

Осы өлең қазақ оқырманына ұғынықты болу үшін мәтін астына мынадай сілтеме түсіндірмелер берілген:

*Темірлан (1336-1405) – екінші моғол хандығының негізін салушы, ол аяусыз, қатігез жорықтар жасап, Персия, Ресей, Үндістан, Шам және Кіші Азияны жаулап алған. Гёте Наполеонды Темірмен қатар қойған.

**Римдіктердің соғыс құдайы, планета

***Римдіктердің құдайы. Бұл жерде: планетаға жамандық әкелетін қасиет беріліп тұр.

Екі ақынның өзара салыстырылып отырған өлеңдерінде бас кейіпкерлері Қыс болып көрінгенімен, Гетенің астарлы ойының өзегі – Ақсақ Темір (Наполеон), ал Абайдың айтпағы – қаһарлы қыстың құрсауында қалған қарапайым Халық екенін көзіқарақты оқырманның өзі танып алар. Оның үстіне Бородино шайқасында масқара болып жеңілген Наполеонды Сенаға дейін өкшелей қууға да, жарты жаһанды жаулап алған Ақсақ Темірдің бетін қайтаруға да қаһарлы Қыстың ғана емес, қазақ баласының да қаншалықты қатысы бар екенін Абай жақсы білген. Қалай десек те, «соқыр, мылқау, танымас тірі жанды», құдайдай «кәрі құда» – Қыстың титықтаған мал түгілі, екі жақты езгіге түсіп отырған жарлы-жақыбай, жалшы-малшыға да жайлы болмай тұрғанын классикалық үлгіде суреттеп берген, батыс пен шығыстың тізгінін тең ұстаған Абайдың жайы қазақ оқырманына етене жақын. Сондай-ақ Гётенің мысалға келтірілген осы бір өлеңімен Абайдың басқа да бірқатар шығармасы идеялары жағынан өзара өзектесіп, үндесіп отырады.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Шығармалар. Он екі томдық. Он екінші том. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1969. – 536 б.

2. Мырзахметұлы М. Абайдың шығыстық әлемі. – Халықаралық Түркі академиясы, 2020. – 680 б.

3. Гёте. Западно-восточный диван. – М.: Наука, 1988. – 896 с.

4. Герольд Б. Мұнар тау (Әңгімелер, эссе, толғаулар, жазбалар) – Алматы: Өлке, 2006. – 304 б.

5. Саидов А. «Шарққа хижрат эрур вожиб...» // «Узбекистон адабиёти ва санъати» газетаси. 2009 йил 31-сони.

6. Лагутина И.Н. «Западно-восточный диван» Гёте: опыт интерпретации // Достоевский и мировая культура. – 2019. – №1(5). – С. 189–217.

7. Goethe/Гёте. West-oestlicher Divan / Батыс-шығыс жинағы (неміс және қазақ тілдерінде). Неміс тілінен аударған Төре Рахман. – Нұр-Сұлтан: Фолиант,

2019.
8. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы, 2020.
9. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Екінші том. Поэмалар, қара сөздер мен хаттар, музыкалық шығармалар. – Алматы, 2020.
10. Абай тілі сөздігі. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2011. – 616 б.

Р. ӘБДІҚҰЛОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

АБАЙ, МОНТЕНЬ, КОНФУЦИЙ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Абай ілімі ол туып-өскен қазақ жұртының ғана емес, бүгінде барша адамзаттың игілігіне айналып отырғаны ақиқат. Абай шығармашылығын, дүниетанымын сөз еткенде, оның шығыс, орыс, батыс әдебиеттерімен сабақтастығын қарастыру артық болмас. Десек те, бұл алдағы уақытта кең ауқымды зерттеулерді қажет ететін мәселе болса керек. Ұлы Абай Толстой, Пушкин, Достоевкий ғана емес, ежелгі ойшылдар Сократ, Платон, Аристотель, Фарабидің, Хафиз, Физули, Науаи, Жәми, Баласағұни секілді түркі ойшылдарының, батыста Байрон, Гете, Шекспир, Монтень, Спенсер, Спиноза секілді ғұламалардың көркем қазынасынан ғана емес, өзі туып-өскен топырағында тамыр тартқан ұлттық әдебиетіміздің ежелгі жауһарларының қайнарынан қанып ішіп, өз ұлтын ғана емес, бүкіл адамзатты өркениетке, рухани кең өріске бастайтын асыл ойларын, данышпандық қағидаларын, поэтикалық құндылықтары өлшеусіз бай туындыларын туғызды. Ол – бүгінгі әлемдік деңгейде танылған Абай шығармашылығы, Абай ілімі.

Ұлы ақын, ойшыл дана, философ Абайдың дүниетанымы өзінен әлдеқайда алыс замандарда, кейінгі өрлеу дәуірінде өмір сүрген француздың ұлы ойшылы Мишель Монтеньнің дүниетанымымен, ресейлік ғалым-қытайтанушы П.С. Поповтың деректері бойынша б.з.д. 551 жылы туған Конфуцийдің дүниетанымымен сабақтасып жататындығын пайымдауға болады [1, 206].

Осы тұрғыдан қарағанда, адамзаттың асқан дана ойшылдары Абай, Монтень, Конфуций нанымы-сенімі әртүрлі халықтың өкілі болса да, бір-бірінен алшақ заманда, географиялық ендікте, саяси құрылымы әртүрлі қоғамда өмір сүрсе де олардың жалпы адамзаттың болмыс-бітімі, мінез-құлқы, тәрбиесі, адамгершілігі, адам мен қоғам, ел билеу, ғылым мен білім мәселелері, адам мен табиғат, жан мен тән, тіршілік жайы туралы даналық танымы, ой-

толғамдары, афоризмдері мен сыршыл кісілік сезімдері де ұштасып жатқанына көз жеткізуге болады. Өйткені адамзаттық мәселелер – адамзат данагөйлерінің баршасына ортақ. Олардың қайсысы да прогрессшіл даналық ілімдерімен, асқан ағартушылық, қоғамдық-әлеуметтік қызметтерімен өз заманына өзгеріс, адамзатқа бақыт әкелген, ғасырларда бір туатын данышпандар еді.

Ұлы Абайдың мұрасы, даналық ілімі – бүгінде әлемдік деңгейдегі руханият қазынасы. Қазақ даласында қараңғылықтың қаймағы бұзылмаған заманда өмір сүрген Шоқан, Ыбырай сынды Абай да өз халқының көзін ашып, көңілін оятуды, жастарды білім алуға, ғылым іздеуге баулуды мақсат еткені белгілі. Сондықтан оның шығармашылық мұрасының басты мұраты да – гуманизм, адамзат қоғамын ізгілендіру. Абай осы жолда барын салды, жан аямай күресті, «соқтықпалы, соқпақсыз» тағдыр жолында қияпат қарсылықтарға тап болып, «іші у мен зарға толып», азап шеге, қайғы жұта жүріп, өз ұлтын ғана емес, жалпы адамзатты жарқын болашаққа бастар, өмірлік рухани азық болар, адасқанда ақыл айтып, тарыққанда кеңес берер мәңгілік жанашырың, досыңа айналар асыл мұраларын қалдырғаны анық. Абайдың сол асыл қазыналарының бір тобы – қарасөздері. Біз осыған дейінгі зерттеу мақаламызда абайтану ғылымында жинақталған А. Байтұрсыновтың, М. Әуезовтің, Х. Сүйіншәлиевтің, Р. Сыздықованың, Ж. Дәдебаевтың және басқа да зерттеу еңбектердегі Абайдың қарасөздерінің жанрын білу, түсіну, бағалау парадигмаларын салыстыра қарастырып, жаңашыл пайымдарын саралап, Абайдың қарасөздерін жанрлық тұрақты белгілеріне қарай ғылыми негіздеп, текаралық түрге – эссе жанрына жатқызуды ұсынған болатынбыз. Дегенмен Абайдың қарасөздерін заманауи ғылым жетістіктер тұрғысынан әлі де жете білу, терең түсіну, жаңаша бағалаудың маңыздылығын жоққа шығаруға болмайды. Абай Құнанбайұлының қарасөздерінде авторлық субъективизмнің, лиризмнің, публицистикалық сарынның орын алуы, әр сөзінің тақырыбы әралуан, баяндау еркіндігі болғанмен, композициялық-стильдік тұтастығы, жанрлар синтезінен бас құрайтындығы оның эссе жанрына тән сипатын танытады.

Француз философы Мишель Монтеньнің «Тәжірибелер» («Опыты») деп аталатын көркем-философиялық прозасы да

Абайдың «Бірінші сөзі» іспетті оқырманға қайырылудан, субъективті, еркін баяндаудан басталады. Көрнекті әдебиет-танушы Е. Аманшаев Абай мен Монтеньнің өз замандастарының мұң-мүддесін жүректерімен сезініп, мехнат тартқанын баяндай келіп: «Абай Құнанбаевтың қарасөздері мен Мишель Монтеньнің «Тәжірибелері» – сыртқы типологиялық ұқсастығында ғана емес, адам өмірі, тұрмысы, Құдай туралы танымы, уақыт туралы толғауларының ішкі лексикалық-семантикалық мән-мағынасы мен философиялық пайым-түсініктерінің тонның ішкі бауындай жақындығында», – деп жазады. Абайдың Монтеньді орыс, батыс жазушы, философтарының еңбектері арқылы танығанын пайым-дайды. Монтень эссесінің Абайға ықпалы болғандығын, қазақ топырағында Абайдың қарасөздері эссе жанрының бастауы болғандығын айқындайды [2].

Мишель Монтеньнің «Тәжірибелер» эссесінің «Педант туралы» деген бөлімінің негізгі кейіпкері – педант. Ұлы философ педантты, әумесер (шут) немесе оқымыстысымақ бейнесінде әр қырынан қарастырып, оның әрекеттерін көптеген ұқсас құбылысқа теңейді, сынға алады. М. Монтеньше, білімді болудың өз жүйесі бар. Дана халқымыз «көтере алмайтын шоқпарды беліңе байлама» дейді емес пе? Егер түрлі ақпараттардан, рухани қазыналардан жинап-тернеген біліміңді жаныңның жылуымен өз көкейіңде қорытып, өз түйініңді шығара алмасаң, ондай білімнен не пайда? Қазақтың би-шешендері де: «Ғылым ақылды адамды дана қылады, шала ақылды адамды ақылды етеді, ақылсыз адамды жынды қалады» деген екен. М. Монтень де оқу-біліммен шама-шарқына қарамай тым көп әуреленген педанттың әрекетін суды көп құйғаннан солып қалған гүлге, майды көп құйғаннан сөніп қалған шамға теңейді. Француз ойшылы өзінің жерлестерін Абайша сын найзасымен түйреп, «ғылым бастан ұрып, есінен тандырған педант ерлерді» өзінің жерлестері жұмсақ қана «кітап жаттағыштар» («окниженные») деп атағанын әжуалайды [3, 6]. М. Монтень кітаптан алған білімін ернінің ұшында ұстап, айтып шыққан сәтінде желге ұшыратынын, өз ойымен дамыта алмайтын көрсоқыр педантты аузына дән тістеп алып, балапанының аузына апаратын құсқа ұқсатады [3, 10] немесе сол педанттың маңызданған түрмен: «Цицерон солай депті», «Платонның адамгершілік туралы ілімі мынадай» деген жаттанды сөзін

тотықұс та айта алады деп шамырқанады, адамның бөгде біреудің ғылымымен емес, өзінің даналығымен ғана дана болатынын тұжырымдайды [3, 11-12]. Көрнекті абайтанушы Т. Жұртбай да Абайдың өз заманында жыраудың орнын тілемсек өлеңшілердің ауыстырғанына күйінгенін, «күрмеуге келмеген қысқа жіптің ұшына кендір байлап жіберген» өлеңшіден гөрі ерлік дастанын жырлаған ақынды жоғары қойғандығын, Абайдың да мақтау өлең айтқан өлеңшілерді Монтеньше тотықұсқа ұқсатқанын байыптайды [4]. Абай өз заманында әлемдік мәдениеттің жауһарларын игерген, санасымен саралап, өз халқының пайдасына жарарын өз рухына сіңіріп, шығармаларында қайта түлетіп, түрлентті. «Қалың елі, қазағы» ортасында Абай білім-ғылым үйренуді насихаттап қоймай, өз халқының дәстүрлі мәдениетін толық игерген ақын шешендігімен де, әділ билігімен де әлеуметтік қайшылықтар мен келеңсіздіктерді болдырмауға барынша күш салды. Халықты экономикалық-рухани мешеуліктен құтқаруға шығармашылығын ғана қару етпеген, жан-тәнімен арпалысқа түскен ақын «мыңмен жалғыз алысты». М. Монтень жазу-сызуға, мәдениетке қолы ерте жеткен елдегі «кітапкеміргіш», оқымысты-сымақ-педанттардың ғана емес, француз қауымының өміріндегі басқа да келеңсіздіктерге жаны ауырса, Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде оқу-білімсіз елдегі көзсіз наданның әрекеттеріне күйініп, рухани мүгедек жанның барша сыпатын асқан шеберлікпен жайып салады:

«Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды,
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз» [5, 88].

Ақын «Сегіз аяқ» өлеңінде: «Ұятсыз, арсыз салтынан, Қалғып кетер артынан» наданның динамикалық портретін психологиялық детальдармен бейнелеп, шенейді де, наданның қамсыз, ойсыз қалпына жаны ашып, жөнге салуды үміт етіп: «Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей», – деп ақыл-кеңес береді [5, 88]. Бірақ ақын «көп наданнан түңілгенін», «Баяғы жартас-бір

жартас, Қаңқ етер түкті байқамас» екенін терең ұғып, «Сөзімді ұғар елім жоқ, Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым тап шыным!» [5, 92] – деп күйінеді.

М. Монтень өз қоғамының даму ерекшеліктеріне қарай, билік қызметшілеріне білім ғана емес, ақылдың да қажеттігін айта отырып, ақылды адамға білімнің де соншалықты бағалы еместігін пайымдайды. Құдайдан әділдік күту үшін сот орындары қызметкерлерінде білім мен ақыл, ар-ұят болғанын қалайды. Алайда мәселе мұнда да емес, білім адам жанына құр ілініп тұрмауға тиіс, алған білім адамның жан дүниесіне нәр беруі қажет, егер одан адам жаны өзгермейтін және өз табиғатын жетілдірмейтін болса, сөз жоқ, оның бәріне қолды бір сілтеген жөн дей келіп: «Білім – екі жүзі де өткір қару, егер оны ұстаған қол байқамаса, әлсіз, жаман болса, иесін жарақаттайды», – деп жазады (аударған – біз) « [3, 17-18]. Ойшыл философ өз заманында Францияда ғылым үйрену тікелей пайда табуды көздегенін жасырмайды. Алайда пайда табудан гөрі табиғатынан жан-дүниесімен ғылымға беріліп, игілікті іспен айналысатын аздаған тұлға болатындығын байыптайды [3, 19]. Ал Абай: «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге. Военный қызмет іздеме, Оқалы киім киюге», – деп насихат шашады [5, 59]. Абайдың: «Пайда ойлама, ар ойла», – деген даналық сөзі афоризмге айналды. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңіндегі «Бес асыл істің», «Адамның бес дұшпанының» философиялық мән-мағынасы көрнекті абайтанушы Ж. Дәдебаевтың герменевтикалық талдауында адам баласының болмысымен тұтастықта ашылады [6, 142-193]. Абай: «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» [5, 61], «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек... Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» [5, 95], – десе, Монтень педантизм, еңбекқорлық пен тоғышарлық, ғылымның пайдасы мен зияны, ақыл мен білім, жақсылық пен жамандық, бала тәрбиесі жайлы өз пайымдарын өзге халықтардың Платон, ежелгі Аристон, Ксенофонт, Сократ сынды ойшылдарының тәжірибелерімен, көзқарастарымен ұштастырады. М. Монтень ғылыммен айналысу шын мәнінде адам жанын шынықтырып, берік етуден гөрі оны нәзіктікке, жұмсақтыққа баулитынын пайымдайды.

Ғылымға емес, қаруға құмар болған Түрік империясының, скифтер мен парсылардың, Темірланның әлемдегі ең зор мемлекет және ең жабайы және надан халықтар болғанын, Римнің де білімге қолы жеткенге дейін әлдеқайда зор болғанын жасырмайды [3, 24]. М. Монтеньнің бұл пікірін еуроцентристік көзқарасқа қаншама бұрғанымызбен, жалпы шығыс жұртын былай қойғанда, өз ұлтымыздың жат жұрттыққа бодан болуы, ұлт зиялыларының қызыл қырғынға ұшырауы, ұлт-азаттық күрес, ашаршылық, түрлі әлеуметтік-саяси, экономикалық апаттар мен дағдарыстар ғылым мен білім, руханият саласының тоқырауына әкелгені белгілі. Жалпы, осындай тарихи тағдырлы ұлтымыздың ғылым-білімінің кешеуілдеп дамығанын жоққа шығара алмаймыз. Француз ойшылы да ақиқаттан тая алмайды. М. Монтень эссесінің «Бала тәрбиесі» аталатын бөлімінде баладан ғалым өсіру емес, баладан азамат тәрбиелеу қажеттігін, балаға білімді пайда үшін емес, оның өзін сенімді сезініп, жан дүниесін көркейтіп, байытуы үшін беру қажеттігін тұжырымдайды [3, 33]. Абайдың «Он тоғызыншы сөзінде»: «Бала ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады...», – деп ойын сабақтайды [7, 105-106]. Абай баланың дүниеге келген сәтінен санасы қалыптаса бастаған кезге дейінгі мінез құбылыстарын талқылайды. Аз сөзге көп мағына сыйғызады, тыңдаушысына сауал тастайды. Ұлы ақын Абай «Оныншы сөзінде» қазақ тұрмысындағы ата-ананың баласымен қарым-қатынасындағы кемшіліктерін бетіне баса өткір сынай келіп: «Бұл – құдайдан тілеген емес. Бұл абыройын, арын сатып, адам жаулағандық, тіленшілік. Хош, сөйтіп жүріп-ақ мал таптың, байыдың. Сол малды сарп қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз ақирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж, ешбір ғибадат орнына бармайды..», – деп өз заманының адамдарын міней сөйлейді, «сен», «сендер» деп жақын бауырымен сөйлескендей, жаны күйіп қайрылады, тыңдаушысына ұғынықты тілмен сөйлейді, дүниеқоңыздық пен ғылымның аражігін ашып, тыңдаушысының санасына сәуле түсірмекті мақсат етеді, құдайдан бала сұраудың, оны өсіріп-тәрбиелеудің түпкі мәнін

тұжырымдайды [7, 98-99]. Осы орайда, Абай мен Монтеньнің эсселерінде баланың өсіп-жетілуінің психофизиологиялық ерекшеліктері ғана талқыланып қоймай, баланың рухани жетілуінің, жақсылыққа бейімделуінің, ғылым-өнер үйренуінің сырлары өмір ортасы, ата-ана үлгісі, ұстаз біліктілігімен сабақтастырыла түсіндіріледі. Абай баланың ұстазы туралы айтқанда, сол замандағы дүмше молданы: «Кітапты молда теріс оқыр, Дағарадай боп сәлдесі, Малқұмар көңілі – бек соқыр, Бүркіттен кем бе жем жесі?» [5, 127] – деп сынға алса, М. Монтень өзіндік ойы жоқ, плагиатшыл оқытушыны әжуа етеді.

Ал қытай данышпаны Конфуций ілімді үйренуде үздіксіз еңбек нәтижеге жеткізетінін пайымдайды. Абай: «Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс көнсеңіз», – деп еңбектеніп, жалықпай үйреніп, талап қылуды насихат етеді [5, 60].

Ежелгі замандағы қытай философы Конфуцийдің «Суждений и беседы» аталатын әдеби жәдігеріне Конфуций ілімінің негізгі қағидалары топтасқан. Конфуцийдің философиялық қағидаттары оның шәкірттерімен диалогы түрінде беріледі. Ежелгі естеліктер бойынша, Конфуцийдің үш мың шәкірті болғанмен, олардың жетпіс екісі ғана ұстазы оқытқан алты пәнді толық игереді. Жастар тәрбиесіне келгенде, қытай философы да М. Монтенмен де, Абаймен де үндестік табатыны белгілі. Жастардың ата-анасын, үйден тыс жерде үлкендерді құрметтеуі, Абайша айтқанда, «ақырын жүріп, анық басуы» және шыншыл болуы, бәріне сүйіспеншілікпен қарап, адамгершіл адамдарға жақын жүруді өсиет етеді [1, 10]. Конфуций шәкіртіне: «Адамдар сені білмейді деп емес, сен адамдарды білмейтініңді уайымда», – дейді және философ: «Ойсыз білімнен пайда жоқ, білімсіз ой да қауіпті (аударған – біз)», – деп тағылым береді. Ежелгі деректер бойынша, Конфуций сөзін жастардан бастауы Қытайда ересектерге он бес жаста ұлы ілімді – этико-философиялық қағидаттарды үйретуге кіріскен. Конфуций жақсы адамның ілім үйренуге ұмтылып, бар ниеті соған ауғанда тамақ ішу мен жан рахатын ойлауға да уақыты болмайтындығын тұжырымдайды [1, 10].

Конфуцийдің гуманистік ойлары Абайдың, Монтеньнің философиялық көзқарастарымен сәйкеседі. Абай «Жиырма екінші сөзінде» қулық-сұмдыққа бой алдырған бай, болыс,

мырза, билерді әшкерелейді: «...Енді қалды қу мен сұм, олар өзі де қуартпай, суалтпай тыныштық көрер емес», – десе [7, 107], Конфуций қу кісінің сөзінен де, тұрпатынан да жақсылықты тану сирек» [1, 6], – деп түйеді. Конфуцийдің нағыз ердің партияның мүддесін емес, жалпы жұрттың қамын ойлайтындығын, керісінше, ез адамның жалпы жұрттың қамын емес, партияның мүддесін күйттейтінін сабақтаған ойы [1, 17] да Абайдың «атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген қағидасымен түйіседі. Конфуций: «Жақсы мінез жақсылықты толық иегеріп, жеке адамның табиғаты жақсы және жаман әдеттерді сіңіруі оның қалыбына байланысты, жамандыққа бой ұрса, жақсылығын жоғалтады, есерсоқ жақсылыққа бет бұрса, оны игереді», – дейді [1, 171]. Конфуцийдің бұл толғамы Абайдың «Отыз жетінші сөзіндегі: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – дейді [7, 123]. Конфуций жас кезінде күнкөріс қамымен қарапайым еңбекпен айналысып, жиырма екі жасында ұстаз атанады, айналасына ежелгі салт-рәсімді, даналық тәлімдерін оқып үйренгісі келетін мол шәкірттер жиналады. Бай шәкірттерінің ықпалымен саяхатқа аттанып, өзінің білім үйренсем деген арманына қол жеткізеді. Саяхат Конфуцийдің халық дәстүрі, тіл тарихы, ежелгі даналық туралы білуге құштар ақыл-санасын байыта түседі. Ел билеудегі көрегендігімен танылған Конфуций қаладағы Дун-пин аймағын билеуге де тағайындалады. Ол өзінің ел билеудегі әділ жолымен өзге билеушілерге үлгі болып, қылмыстық істер министрі деген жоғары лауазымға ылайықты деп танылады. Өзінің әдебімен, білгірлігімен ци билеушісін ұялтып, Лу княздығына кесіп алынған жерін қайтартады. Конфуцийдің ел билеудегі әділетті жолы билеушілерге ұнамайды. Конфуций әділетті билеушіні темірқазық жұлдызына теңейді [1, 171]. Философтың сөздеріне комментарий беруші аудармашы П.С. Попов Конфуций қайырымды ел билеушіні символмен бейнелегенін, халық ондай билеушіні адамгершілігі кемел тұлға ретінде танығанын және ондай билеушінің ешбір қиындықсыз өз міндеттерін ықыласпен орындайтынын, сондықтан бұндайда билеушіге атқаратын іс те қалмайтындығын түсіндіреді. Конфуций: «Егер халықты заң құралдарымен билеп және тәртіпті жазалау арқылы қолдайтын болса, халық одан бас сауғалайды;

егер оны ізгілік жолымен басқарып, тәртіпті ғұрып жолымен қолдайтын болса, онда халықта ар-ұят сезімі болады және олар түзелетін болады (аударған – біз)», – дейді [1, 171]. Жалпы, Конфуцийдің құқықтық көзқарасына түсіндірме беруші қытай зерттеушісінің пікірінше, заң тәртіп орнату құралы, ал жазалау қосалқы құрал болғанын пайымдайды [1, 13]. Абайдың «Қырық үшінші сөзі», «Тоғызыншы сөзі», «Он төртінші сөзі», «Жиырма үшінші сөзі», «Жиырма алтыншы сөзі» қазақтың ел билеу тәртібіндегі жолсыздықты, ел билеушілердің әділетсіздігін, жағымсыз мінез-құлықтарын «ащы сия, улы тілмен» осып, әжуа еткен сын сөздері де батыс, шығыс ойшылдарының толғамдарымен астасады.

Әр заманда өмір сүрген Конфуций, Монтень, Абайдың дінге көзқарастарын салыстырып қарасақ, Конфуций Аспанның адамға табиғаттың жақсылығын сыйлағанын және өзгермес заңдылықтар сыйлағанын, ол заңдылықтар мен ережелерді шығарушы данышпандар немесе әулиелер екенін, өйткені олар Аспан сыйлаған жақсы қасиетті таза күйінде сақтағанын пайымдайды. Конфуций құрбандық шалуға қандай құрметпен қарағанын жеткізеді және одан рухтар және о дүние жайын сұрағанда, оны көрмегенін білдіреді. Бұл – данагөй тұлғаның шыншылдығы. Ал М. Монтень құдайдың өзі кемел және кемелдіктен де жоғары екенін, ол өз ішінде одан әрі ұлғая да, өсе де алмайтынын, бірақ оның аты мадақ пен алғыс арқылы ұлықталатынын, барлық мадақ пен құрмет тек оған, Құдайға ғана ылайықты екенін пайымдағанмен, діни соғыстар кезіндегі жеңістер мен жеңілістерді құдайдың жазғаны деп қабылдаудың ылайықсыздығын, сондықтан құдайдың маңдайға жазғанына асқан зерделілікпен қарауды ұйғарады [1, 112; 163]. Абай «Жиырма сегізінші сөзінде: «...Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, бірақ ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бірақ бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ», – деп тыңдаушысына риторикалық сауалмен қайырыла келіп, жақсылық, жамандықтың бәрі құдайдың ісі деп қарауды ақылға салуды аңғартады [7, 115]. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас», – деп толғаған ақын: «...Махаббатпен

жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті, Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті. Осы үш сүю болады имани гүл...» [5, 56-57], – деп Жаратқанды қастер тұтуы да М. Монтеньнің, Конфуцийдің діни көзқарастарымен үндеседі.

Жалпы, өз ұлтының дәстүрлі мәдениетінен, Толстой, Пушкин, Байрон, Шекспир, Гете, Фараби, Хафиз, Физули, Науаи, Жәми, Баласағұни секілді түркі ойшылдарының көркем қазынасынан нәр алған ұлы ақын Абайдың адам табиғаты, өмір-тіршілігінің заңдылықтары, адам мінез-құлқының құбылыстары мен сырлары, ел мен билік жайы, ғылым, білім, адамгершілік, жақсылық пен жамандық, ақиқат, әділет жолы, ізгілік, имандылық іспетті өз заманының күрделі де күрмеулі мәселелерін толғаған өлеңдері мен қазақ топырағындағы эссе жанрының бастауы саналатын – қарасөздеріндегі философиялық тұжырымдары мен бүгінде афоризмге айналған кісілік кодексін құрайтын қағидаттары, ақыл-кеңестері ұлы тұлғаның дүниетанымдық ерекшеліктерінен туындағанын байыптауға болады. Абай Құнанбайұлы дүниетанымының француз философы Мишель Монтеньнің, қытай философы Конфуцийдің дүниетанымымен сабақтастығының сыры – үшеуі де ең алдымен, өз халқының ұлы перзенті, екіншіден – бүгінмен өлшегенде үшеуі де әлемге танылған ұлы тұлғалар, үшіншіден – бұл данышпандар бір-бірінен алшақ әрқилы заманда өмір сүрсе де, адамзаттық мәселелер хақындағы даналық ой-толғамдарының, дүниетанымдық көзқарастарының сабақтастастығын пайымдауға болады. Дегенмен Абай мұрасын бұл бағытта тану, білу, бағалау әлі де жетілдіруді қажет етеді. Қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл философы Абай – бүгінде адамзаттың Абайы атанды. Абайдың шығармашылығы – ұлттық көркем қазынамызды ғана емес, әлемдік әдебиет пен өнер қазынасын байытуда. Сондықтан өз заманында қай халықтың да ұлы тұлға, даналарымен ой жарыстыра алған ұлы Абайдың «жұмбағын» шешу оңай болмаса керек.

Әдебиеттер:

1. Конфуций. Суждения и беседы / Пер. С кит. П.С. Попова. – СПб.: Издательский Дом «Азбука-Классика», 2008. – 224 с.

2. Аманшаев Е. Абай және Монтень. https://qazaqadebieti.kz/26671/ermek-amanshaev-abaj-zh-ne-monten

3. Монтень М. Опыты: Судьбы и нравы / Пер. С фр. А. Бобовича, Н. Рыковой. – СПб.: Издательский Дом «Азбука-классика», 2007. – 288 с.

4. Жұртбай Т. «Өңкей жалған мақтанмен, шынның бетін бояды»: (Абай және жалған намыс, орынсыз мақтан мәселесі). https://adebiportal.kz/kz/news/view/onkei-zalgan-maqtanmen-synnyn-betin-boiady-abai-zane-zalgan-namys-orynsyz-maqtan-maselesi__13689

5. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1. Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 296 б.

6. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологизмі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 238 б.

7. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.

Л.Ж. МҰСАЛЫ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Г. ЫБЫРАЙҚЫЗЫ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының аға оқытушысы

АБАЙДЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ІЛІМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

Қазақ руханиятының даму тарихында адам болмысы, оның қоғамдағы орны туралы терең пайымдар қалдырған ойшылдардың ішінде Абай Құнанбайұлының орны ерекше. Ойшылдың шығармашылық мұрасы – ұлттың рухани кеңістігін түбегейлі өзгерткен құбылыс. Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыру үдерісінде Абай ілімінің маңызы ешқашан кеміген емес, қайта керісінше, уақыт өткен сайын артып келеді. Ел Президенті Қ. Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында айтылғандай, Абай сөзі – «ұлттың мәдени капиталы», ұлттық өркениеттің рухани тірегі [1].

Хакім мұрасының терең мағыналық қабатын кәсіби деңгейде зерделеген көрнекті абайтанушы, академик Зәки Ахметов Абай поэзиясының табиғатына тән ойшылдық сипат пен рухани мазмұнға арнайы тоқталады. Ғалымның пайымдауынша, «Абайдың шығармашылық тапқырлығы» – дәстүрлі ақындық өнер шеңберінен асып, адамның рухани болмысын, адамгершілік ізденістерін, танымдық қабілеттерін терең талдайтын «көркемдік бітімі жағынан мүлтіксіз, жаңаша сипатты дүние» [2, 149]. Зәки Ахметов Абай поэзиясындағы ойшылдық сарынын оның көркемдік әлемінің ішкі өзегіне балайды: ақын сөзінің поэтикалық қуаты ойшылдық рефлексиямен ұштасып, көркем бейнелерді терең дүниетанымдық идеялармен сабақтастырады. Осы арқылы Абай қазақ әдебиетіндегі эстетикалық жаңашылдықты ғана емес, ұлттық дүниетанымдық ой дамуының жаңа сапалық деңгейін қалыптастырған тұлға ретінде көрінеді. Осы ғылыми тұжырымдар Абай поэзиясының ішкі концептуалдық құрылымы тек көркемдік мәнімен шектелмей, адамзаттық таным мен руханият

мәселелерін қамтитын кең ауқымды интеллектуалдық жүйе екенін айқындайды. «Абай өз шығармашылығында сол дәуірдегі әлеуметтік өмірге, қоғамдық қатынастарға терең, жан-жақты талдау жасайды. Заманның беті, ел жайы, халық тағдыры туралы ой толғап, әртүрлі топтардың іс-әрекетін, мінез-құлқын сипаттап береді. Осындай өлеңдерде ойшылдық сарын да, кеңірек алып қарағанда терең философиялық мән-мағына бар деп санау орынды» [2, 142-143].

Абай дүниетанымы – антропологиялық мәні терең өрілген, адам болмысының көпқырлы табиғатын зерделеуге бағытталған рухани жүйе. Антропологияға тән тақырыптардың ешбірі оның назарынан тыс қалған емес. Ойшыл адам табиғатының тылсым сырларын, оның табиғатпен және әлеуметтік ортамен өзара үйлесімділігін, адамды хайуан әлемінен даралайтын болмыстық негіздерді, сондай-ақ тұлғаның өмірлік бағдарлары мен құндылық мұраттарын жан-жақты, жүйелі тұрғыда қарастырады.

Абай поэзиясы мен қарасөздері – адам болмысының ішкі құрылымын, рухани-адамгершілік категорияларын, адамның өзін-өзі тану және кемелдену жолындағы психологиялық үдерістерді терең саралаған бірегей туындылар.

Ойшылдың антропологиялық рефлексиясы тек жеке адамның болмысы ғана емес, ұлттық мінез бен мәдени дүниетанымды түсіндіру тұрғысынан да құнды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев «Абайдың антропологизмі» еңбегінде Абайдың адам туралы ілімі ұлттық дүниетанымнан бастау алып, жалпыадамзатқа ортақ рухани өлшеммен сабақтасатыны, жеке адамды ғана емес, бүкіл заманның рухани ахуалын түзеуге бағытталғаны туралы тұжырымдайды. «Абай – адамның мінезін, заманның бетін өз жүйесін түзген ілімінің ұлттық және жалпы адамзаттық рухани құндылықтарға негізделген қағидаларына сай түземекші болған адам» [3, 10].

Жастайынан елдің іргелі мәселелерін шешуге араласып, оның табиғатын ерте ұғынған Абай өз халқының психологиялық, мәдени, әлеуметтік қырларын зерделі байқаумен таниды. Сондықтан оның шығармаларындағы ұлттық болмысты талдау – жай көркем сипаттау емес, күрделі мәдени-дүниетанымдық интерпретация.

Табиғатты суреттеу тәсілінде де Абайдың ойлау жүйесі антропологиялық қырынан көрінеді: ол табиғат құбылыстарына жан бітіріп, оларға адамдық сипат дарытады, сөйтіп, табиғат пен адамды біртұтас поэтикалық-дүниетанымдық кеңістікте біріктіреді. Табиғат тілі арқылы адамның ішкі әлемін, рухани толғанысын, тіршілік салтын, ұлттық мінез бен дүниетаным ерекшеліктерін ашады. Бұл тәсіл Абайдың поэтикалық ойлауының тереңдігін ғана емес, адам мен табиғатты біртұтас рухани парадигма ретінде қарастыра алған шығармашылық кемеңгерлігін айғақтайды.

Абайдың дүниетанымындағы өзекті мәселе – адамның рухани болмысы. Оның пайымдауынша, қоғамдағы қатынастың бәрінің бастауы да, түпкі тұғыры да – адам. Қоғамдық мінез жеке тұлға мінезінен бастау алатындықтан, адамдағы өзгеріс қоғамдағы өзгерістің негізгі шарты. Осы тұрғыдан алғанда, Абай адам табиғатының тереңдігін, оның ішкі қайшылықтарын, рухани мүмкіндіктері мен әлеуетіне айрықша ден қойып зерделейді. Хакімнің адам жөніндегі ойларында ислам руханиятындағы «толық адам» концепциясы мен шығыс гуманизмінің рухы бар. Алайда Абай бұл идеяны қазақ қоғамының нақты жағдайына үйлестіріп, жаңа деңгейге көтерді. Оның «толық адам» туралы тұжырымы – адамды рухани кемелдіктің ең жоғарғы деңгейіне жеткізуге бағытталған жүйе.

Абай адам табиғатының екі жақты сипатын терең талдайды. Оның жетінші қара сөзінде келтірілген «тән құмары» мен «жан құмары» туралы ойлары адам ішіндегі екі түрлі бастаудың мәңгілік күресін бейнелейді [4, 91]. Тән құмары – өмірдің қажетті шарты. Ал жан құмары – рухани ізденіс, білімге, танымға, ақиқатқа ұмтылыс. Абай үшін осы екі күштің қайсысы басым болатыны адамның келешегін айқындайды. Егер адам тән талабына ғана ерсе, ол рухани азады, ал жан құмары үстемдік алса, ол жақсылықтың жолына түседі. Бұл түсінік хакімнің адам болмысына қатысты антропологиялық ілімінің өзегін құрайды.

Алланың адамзатқа деген мейірімі – Абай дүниетанымындағы іргелі антропологиялық категориялардың бірі. Ойшыл өзінің қарасөздерінің ең күрделі әрі салмақты дүниетанымдық ойларға негізделген отыз сегізінші қарасөзінде осы мәселені арнайы қозғайды. Бұл сөзінде Абай Алланың махаббатын жаратылыс пен

адам табиғатының мәндік бірлігі тұрғысынан түсіндіре отырып, жаратушы мен жаратылыс арасындағы рухани байланысқа терең талдау жасайды. Абайдың пайымдауынша, Алланың адам баласына деген мейірімі – универсал құбылыс. Жаратушының рақымды сипаты адамға ақыл, қайрат, жүрек сияқты рухани қабілеттерді сыйлау арқылы көрініс тауып, адамның кемелдікке ұмтылуына мүмкіндік береді. Осылайша, Абай Алла мейірімін адам табиғатының адамгершілік-рухани бағдарын айқындайтын негіз ретінде түсіндіріп, отыз сегізінші сөзде адамның жаратылыспен байланысын, оның жауапкершілігін және рухани кемелдену мүмкіндігін терең зерделейді. Мұның өзі Абайдың ойлау жүйесінің күрделілігін әрі адамгершілік құндылықтарға негізделген антропологиялық концепциясының тұтастығын көрсетеді.

Абай бұл туралы отыз сегізінші сөзінде былай дейді: «Ғақлия дәлелім құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісібірлән жаратқан, онан басқа, бірінен-бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ғақылды инсанды (адамды) жаратыпты.

Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан.

Адам баласынан махшарда сұрау беретұғын қылып жаратқандығында һәм ғадаләт, һәм махаббат бар» [5, 68].

Абай адам мен хайуан табиғатының мәндік айырмашылықтарын өзінің жетінші қарасөзінде айрықша жүйелі талдап көрсетеді. Бұл туындысында хакім адам болмысының интеллектуалдық және рухани қабілеттер арқылы ерекшеленетінін, ал жануарлар әлемінің әрекеті инстинкт шеңберінен шықпайтынын дәлелді түрде түсіндіреді. Абайдың бұл пайымы – оның антропологиялық көзқарасындағы негізгі тұғырлардың бірі, адамды саналы, мақсатты, ізденімпаз субъект ретінде танытатын тұжырым. «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Әзелде Құдай тағала хайуан жанынан адам жанын ірі жаратқан,

сол әсерін көрсетіп жаратқаны» [4, 91].

Әрі қарай ғұлама-ойшыл адам табиғатының даму динамикасын талдай отырып, бала кезіндегі танымдық құштарлықтың ерекше күшті болатынын атап өтеді. Адам жас кезінде білмегенін сұрап, дүниені танып-білуге ұмтылатын табиғи қабілетке ие. Алайда Абайдың байқауынша, уақыт өте келе бұл табиғи ынта бәсеңдеп, адамның рухани сергектігі кеми бастайды; оның көңілі дүние сырын білуге суып, таным жолындағы белсенділігі төмендейді. Ойшыл мұның себебін адамның ішкі құрылымындағы тән мен жанның арақатынасымен байланыстырады. Тән өзінің құмарлығын алға шығарып, жанның талап-тілегін басып тастағанда, адам рухани биіктен алыстап, тек нәпсі талабына мойынсұнатын күйге түседі. Осылайша, Абай адам дамуының психологиялық қырын көрсете отырып, рухани кемелдікке жетудің басты шарты – жан құмарына бой ұрып, тән талаптарын шектей білу екенін ишаралайды.

«Адам баласы мен хайуан әуел бастан өзгеше. Абай адамды хайуанмен салыстырғаны шартты түсінік. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды, сондықтан оған біз надансың не ақылдысың деп ешнәрсе айта алмаймыз. Адам болса өзгеше, оның кеңістігі – шексіз, мүмкіншілігін біліп болмайсың. Себебі онда сана бар. Оның көрінісі жан құмары. Солай бола тұра адамдар жан азығын ойламай, құр білемізге салынып, надандықты білімдік деп өңештейді. Міне, бұл көкіректегі сәуленің жоқтығы деп Абай налыс білдіреді. Абайдың бұл сөзде айтпағы – жан құмарлығының тән құмарлығынан артықшылығы туралы ой» [6, 335].

Абайдың антропологиялық іліміндегі ең маңызды ұғымдардың бірі – мінез. Ол мінезді адамның адамгершілік болмысының көрінісі, жақсы мен жаманның, ізгілік пен зұлымдықтың өлшемі ретінде қарастырады. Жиырма сегізінші қарасөзіндегі: «Жақсылық, жамандықты жаратқан – Құдай, ләкин қылдырған Құдай емес» [5, 49], – деген ойы адамның әрбір ісіне жауапкершілікпен қарау керектігін меңзейді. Бұл түсінік адам әрекеттерінің нәтижесі тек өзіне тәуелді екенін, қоғамдағы кез келген өзгеріс адамның ішкі рухани сапасына байланысты екенін айқындайды.

Абайдың адамгершілік дүниетанымындағы ең терең мән –

ақыл, қайрат, жүректің үйлесімі. Он жетінші қара сөзінде «табанының топырағын көзге сүртерлік ең қасиетті адамның» кісілік келбетін ақыл, қайрат, жүрек үшкілінің «ала болмай» тең келуімен өлшейді [5, 30-31]. Нұрлы ақыл – танымды, пайымдауды, талапты, әділетті терең оймен бағалаудың тетігі. Ыстық қайрат – әрекетке жетелейтін ерік қуаты. Жылы жүрек – адамдықты танытатын мейірім, рақым, ізгілік өлшемі. Ол сезім мүшелері арқылы алынған ақпараттың ақыл сүзгісінен өтуін, жүрек арқылы бағалануын талап етеді. Көз, құлақ, мұрын, тіл, қол арқылы алынатын тәжірибелік білім – адамның әлемді танып-білуінің бастапқы сатысы. Алайда бұл білім мәндік пайымға ұласқанда ғана ақиқатқа жақындайды. Абай осы процесте мінездің рөлін ерекше атап өтеді: «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез» [5, 54], – деп, ізгілік іргетасы жоқ адамның білімі де баянсыз екенін көрсетеді. Бұл идея қазіргі заманғы білім берудегі гуманитарлық-прагматикалық сынмен үндес. Білімнің құндылығы оның адамды ізгілікке, жауапкершілікке алып келуінде.

Абайдың әлеуметтік-рухани ойлары қазақ қоғамының тарихи жағдайына негізделген. Ол қазақтың артта қалуының себептерін еріншектік, масылдық, көреалмаушылық, өсек пен өтірік сияқты теріс мінездерден көреді. Хакімнің «еңбек етсең ерінбей» немесе «тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық адамды аздыратыны» туралы ойлары еңбек мәдениетінің ұлттық моделін анықтайды [7]. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктер, жұмыссыздық, білімге қолжетімділіктің әркелкілігі Абай айтқан әлеуметтік жауапкершіліктің әлсіреуімен байланысты. Оның ойынша, қоғамның берекесі – оның мүшелерінің өзара жауапкершілігі мен бірлігіне тәуелді. «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген тұжырым – осы әлеуметтік этиканың түпқазығы.

Тәрбиелік құндылықтарды, «адам болу» ұстанымдарын жан-жақты, егжей-тегжейлі, терең талдау қазақ ойшылдарының ішінде Абайға тән сипат. Ол адамгершілік кемелдікке жеткізетін рухани-этикалық шарттарды жүйелі түрде қарастырып, жеке тұлғаның өзіндік қалыптасуы мен дамуын ұлттық дүниетанымның негізгі өзегіне айналдырды. Сондықтан да қазақ менталитетінің рухани негіздерін орнықтыруда Абайдың атқарған еңбегі теңдессіз, оның ой-пікірлері ұлттық этикалық сананың кемел-

денуіне шешуші үлес қосты. М. Әуезовтің пайымдауынша, Абайдың мұншалықты адамгершілік тәрбиеге үнемі оралып отыруы ойшылдың әлеуметтік және ұстаздық миссиясымен тығыз байланысты. Ғұлама жазушы Абайдың «ұстаздық, әлеуметтік талабының түп мақсаты жеке адамдарды жаманшылықтан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп, өзгертпек болады» [7, 172] деген мақсат-мұратын айрықша атап өтеді. Бұл тұжырым Абай дүниетанымының өзектілігін, оның тәрбиелік қағидаларының тек жеке адамға ғана емес, тұтас қоғамның жаңғыруына бағытталғанын айқын көрсетеді. Осылайша, Абай адамгершілік ілімін ұлттық рухани мәдениеттің негізіне айналдырып, қазақ қоғамының бағдарын айқындаған бірегей кемеңгер ретінде танылады.

Абайдың антропологиялық ілімі XXI ғасырдағы рухани дағдарыс жағдайында өзінің әмбебап күшін айқын көрсетіп отыр. Қазіргі әлемдегі технологиялық үдерістер, цифрлық мәдениет, оны тұтыну этикасы адамның рухани болмысын әлсіретіп, оның ішкі мәдениетіне қауіп төндіруде. Осындай жағдайда Абай көрсеткен адамдық бағдарлар: мінезді түзеу, ақыл мен жүректі үйлестіру, қайратты әрекет ету, еңбек пен білімге адалдық, қоғамға жауапкершілік, бәрі – түптеп келгенде, ұлттық мәдени иммунитетті қалыптастырудың негізгі шарты. Оның «Адам бол!» қағидасы – қазіргі қоғамның рухани тұрақтылығын қамтамасыз ететін рухани бағдар.

Жастар тәрбиесінде Абай мұрасы ерекше мәнге ие. Бүгінгі жас буынның ақпарат тасқынына, жаңа медиа ықпалына бейімделу үдерісінде Абайдың антропологиялық идеялары – рухани тірек. Оқушылар мен студенттердің адамгершілік тәрбиесінде Абай мұрасының орны орасан. Ойшылдың антропологиялық ілімі – тұлғаның ішкі мәдениетін қалыптастырудың, өзін-өзі танудың, қоғаммен үйлесім табудың басты негізі.

Түйіндей келгенде, Абайдың антропологиялық ілімі қазақ руханиятының шыңы ғана емес, бүгінгі қоғамның рухани кемелденуінің негізгі концептуалдық платформасы. Оның адам болып қалыптасуға негізделген жүйелі ойлары қазіргі заманның құндылықтық дағдарысына төтеп бере алатын күшке ие. Хакімнің «толық адам» тұжырымы – адамды рухани кемелдікке жеткізетін жол, қоғамды мәдени деңгейге көтеретін ілім. Абай

мұрасын қазіргі Қазақстанның рухани-әлеуметтік дамуына енгізу – ұлттық сананы жаңғыртудың, мәдени иммунитетті сақтаудың, адамдық болмысты үйлесімді қалыптастырудың басты бағыттарының бірі әрі бірегейі.

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ.-Ж. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 275 б.
3. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологизмі. – Алматы: Атамұра, 2024. – 320 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Оқу кітабы. «Тілдер және әдебиет» даярлау бағыты бойынша жоғары білім беру ұйымдарына пайдалануға арналған / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; жауапты ред., алғы сөзін жазған Д. Ысқақұлы; құраст.: Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 168 б.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Екінші том. Қара сөздер, Аудармалар. / құраст., алғы сөзін жазған, жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 196 б.
6. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
7. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1984. – 172 б.

Ж.Е. БАЛТОҒАЕВА,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

СӨЗ ПАТШАСЫ ТУРАЛЫ СЫНДАРЛЫ ОЙ

Қазақ әдебиетінің тарихына, егер ықшамдап айтсақ қазақ лирикасының табиғатына кім қалам тартпады немесе кімдер қалам тарта алды... деп бастайық сөзімізді. Әдетте, дәл осындай зерттеушілер бар, сөзді өз стилімен бастасаң өңін береді, жүрегінің кілті бұралып, оқырманға көңілін ашады. Биылғы жылы қазақ руханияты Абай жылын атап өтуде дейміз, әйтпесе бұл екеуі кей жағдайда егіз ұғымдай қабысып тұрады. Бұл тағы қазақ руханиятының басында Абай ақын тұр немесе екеуі бір дүние деген емес, рух деген бүтіннің шаңырағына берік қадалған басты бір тармағы, алдымен, айтылып соңына дейін белі қайыспай тұрар уығының бірі – ол Абай даналығы. Абай даналығы – білімінің тереңдігімен өзін философ ретінде танытқан бітімі бөлек қара сөздері, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамының адам тағдырына қатысты ойлы шешімдері мен заңын жүйелеген ережелері («Қарамолада жазылған ережелер»), ақыл-ойдың шыңына жеткізіп, әрбір жолына тіршілігінің тынысын зерлеген сөз патшалығы – өлеңдері, жалпы он үш жасында есін жиып, ел тағдырына көзі ашыла бастаған күресі мен қияметі – төзімді сынаған, құсасы мен қайғысы – жанды сыққан, сөйте жүріп білімін ғылымға ұштап, өзінен кейінгілерге адаспасын деп ғақлия жазып ілім еткен, «мыңмен жалғыз алысқан» туа біткен тағдырында еді.

Ұлт тарихының әр дәуірінің тұсында – уақытпен бірге жасасып келе жатқан, елім деп еңіреген құрыш жүрек даналар мен даралар бар. Олар алға қойған мақсат-мүдделерін халқының арманымен бір бүтіндей көрген. Халық арасына кең тараған Абай өлеңдерінің тағдыры немесе ұлттың алғаш шын қазынасына айналуы А. Байтұрсыновтың қолына жетуімен басталса, тарихтағы ұлы тұлғасы мен әдебиеттегі маңызы М. Әуезовтің арнайы зерттеулерінен басталды. Алғаш «Абай» монографиясын деректік негізде жинақтап, ақын қалам тартқан әр жанрдағы шығармаларын өз алдына тақырып ете талдап барып, өзінің

«Абай жолы» эпопеясына алғашқы дайындығын жасайды.

Жазушы еңбегінің құндылығы – ақын шығармашылығының елге таралу жайының үш жолын ашып көрсете отырып, соның ішінде біз қарыздар болу керек тұлғалардың есімі мен еңбегін саралап көрсетеді. Осылай Абай шығармашылығының тарихын жасай отырып, оның алдағы уақытта заманмен ілесіп іргетасының сөгілмеуін ойлап, өзінің талантты деген шәкірттеріне арнайы ғылыми зерттеу тақырып түрінде ұсына бастайды. «Бұл – маған қашаннан таныс тақырып. Бұл тақырыпты менің көз алдымда алғаш қозғаған, толғаған Мұхтар Әуезов» (З.Қ.). Халқына өзі аңсаған заманға ақын жетпесе де, өлеңі – екінші мәңгі үзілмес өмірімен жетті және ол заман озған сайын жаңаша қаралып, әлем тілдеріне аударылып жасай бермек. Кеңес тұсындағы жойылып кету қаупінен аман қалған мол мұра, соның ішінде «Абай лирикалары» ұлы жазушының тапсыруы және жетекшілігімен бір кездері З. Қабдоловтың университет бітірердегі диплом жұмысының тақырыбына айналады. Мақала да З. Қабдоловтың Абай лирикасы зерттеулері туралы болмақ. М. Әуезовтің сырлас досына айналған шәкірті – З. Қабдолов әдебиетіміздің тарихында «Сөз өнері», яғни әдебиеттану ғылымының «әдебиет теориясы» саласын зерттеген еңбегімен танымал зерттеуші – ғалым. З. Қабдоловтың көркем шығарма табиғатын тану арқылы теориялық құрылымын зерттеген бұл дара еңбегінің бастауы – ұстазы секілді Абай шығармашылығын бастап зерттеген тырнақалды жұмысында деп қарастыруға болады. Себебі ғалымның Абай лирикасына жай ғана тақырып деп қарамай, өзгеше мән бергені, кейіннен қайта қарастырып, кеңес тұсындағы «әдебиет пен әдебиеттанудың» жай-күйін түсіндіруінен көрінеді: «...бұл еңбек жазылған кездегі әдебиет пен әдебиеттанудың хал-күйі, жай-жағдайы жұртқа мәлім: өзгесін өз алдына қойғанда, «әдебиеттің таптығы», «әдебиеттің партиялылығы» деген ұғымдардың қасаң қағидаға, қатал заңға айналып, күллі эстетикалық әлемнің әуе-райын белгілеп тұрған шақ. Бұл шақта маркстік-лениндік идеологияның ықпалымен тіпті Әуезовтің өзі Абай лирикасынан бәрінен бұрын таптық сыр мен сипат іздейтін», – дей келіп, ғалым өзінің сол уақытта жазылған алғашқы еңбегін «жаңғырған талап, жаңаша ойлау» тұрғысынан қайта өңдеуді жөн санаған. Сөз басын

А. Байтұрсыновтың: «Қазақта Абайға дейін мұндай ақын болған жоқ», – деген пікірімен бастап, «...бұл да аз, қазақта Абайдан кейін де мұндай ақын болған жоқ және болмайды да... Оның қайталанбас біртуарлығы осы арада жатыр», – деп жалғастырады. Зерттеуші бұдан әрі Абай ақындығын «бір халықтың ұлттық мәдениетінің мәңгілік мерейі», – деп танып, мақаланың негізгі мақсаты ақын поэзиясын сөз етеді. Абай поэзиясында ғалым сипаттағандай шыныменде «сала-сала... жалпы лирика деген ұғымға тән қасиеттің... бәрі түгел, тұтас жатыр», айталық, ой мен мұңды жұптаған тіршілік тынысынан сыр тартқан – табиғат лирикасы, сезім мен сағыныштың көз жасын төккен – махаббат лирикасы, көңілдегі кірбіңді тұрмыстың тауқыметімен астарлаған – әлеуметтік лирикасы, жаратылыс табиғаты мен дүние тұрақсыздығынан күңіренген философиялық лирика және өз тұсындағы қоғамының міні мен жалпы халқын тәрбиелеу мақсатындағы жеңіл юмордан ащы сарказмға дейін ұлғайған сатиралық лирика. Жалпы лирика табиғатын сөз еткен ғалым, оны сөз өнерінің үш тегінің бірі ретінде қарастыра келіп, теориялық анықтамадан гөрі, өз байыбына салып жалпыға таныс тілмен түсіндіреді. «Лирика – ақынның бір сәтте жалт еткен нұрлы ойы, жарқ етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесі».

З. Қабдолов ақын поэзиясын саяси-әлеуметтік мәні зор азаматтық лирикасынан бастайды. Бұл да болса зерттеушінің ақын шығармашылығының әлеуметтік және жалпы халықтық маңызын танытудағы, тіпті шын мәнінде де ең басты және жанды тұсына ден қоюдан бастағанын танытады. Ғалым дұрыс байыптағандай, Абай өзі тіршілік еткен қоғамның барлық ісіне араласып қана қоймай, содан дүниетанымдық ой түйіндеп, әлеуметтік көзқарасын қалыптастырады. Қоғамын таныған ақын өз дәуірін қатал сынайды да, оның дүйім қазаққа танымал «Болыс болдым мінекей» т.б. өлеңдеріндегі «заманға күйлеген жаманның» халқын аздырған екі жүзді мінез-құлықтары – көлеңкесі мен күнгейі қатар жүрер барлық қоғамның сипатынан сыр тартатыны сөзсіз. Ақын «саяси сипаттағы» (З.Қ.) сатиралық өлеңдерінде болыс-билердің құлқынына қор болған халқының басты трагедиясы надандық пен қараңғылықтан алып шығар сара жолды: ғылым, өнер және еңбекті нұсқайды.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын...
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Бүгінгі кемелденген замандағы қазақ халқының тұрмыс-жайы мен қоғамының жан-жақты дамыған заманында да, алдыңғы қатарлы дамыған елдердің жетістігіне қол жеткізу үшін ғылым, өнер және еңбексүйгіштікті ұрпақ бойына негізгі қасиет етіп егуіміз керек. Абай Құнанбаевтың әлеуметтік лирикасының негізгі идеясы – қазақ қоғамын өркениетті елдің прогресшіл ортасына талпындыру болса, уақыт бір орнында тұрмайды, бүгінгі күні ақынның бұл мұраты – өзі армандағандай зиялы ұрпағымен ғарышқа қарыштап келеді.

Әйтсе де, бұл – ізгі мақсат пен биік арман жолындағы ұлт қадамы тоқтамауы керек. З. Қабдоловтың ақын поэзиясының негізгі идеясын түсіндіруде тағы бір ерекшелігі – әдетте аса бір әлеуметтік, тіпті саяси салмағы бар деп қарала бермейтін «Күз» өлеңімен сипаттауы. Мысалы,

...Бай ұлына жалшы ұлы жалыныпты,
Ағып жүріп, ойнатар көздің жасын

немесе

Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ,
Аңдастырған екеуін құдайым-ай!

Ақынның осы жолдарының астарында өз тұсындағы қазақтың тұрмыс-тіршілігінің суреті салынған. Қоғам жанашырына айналған Абай даналығы кейде, «осы жолда қолдау таппай, мынадай өкінішке келеді. Бұл ащы шындықта айрықша мағына бар» (З.Қ.):

Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым, тап шыным!

Сөз патшасы туралы сындарлы ой айта білу де – сын. Қазақ ғылымында зерттеушілер мектебін салған, сөз өнерінің табиғатын зерттеген, стилі ерекше сұлу – Зейнолла Қабдолов

қаламынан туындаған ғылыми еңбектер ой мен толғанысқа құрылып, шеберлік пен суреткерлікті танытатыны хақ. Егер зерттеушінің өз сөзімен дәлелдер болсақ, мысалы, ол ақындықтың қуатын оқырманның әсерін баяндау арқылы жеткізеді: «Талантты ақын өз лирикасында жарқ етіп, терең ойы мен сезгіш жанының жалпы жұртқа бұрын белгісіз, беймәлім түкпірін кенет жарқырата ашады... дәл осы арада, ақынның сырлы да нұрлы сезімі аумай-төкпей оқырманға көшеді. Оқырман да аумаған ақынша күй кешеді». Абай поэзиясына осыншама көрік берер сұлу да сындарлы сөз идеясына бір қарасаң, орыс ақындарын көп оқып, өз бетімен аударуы көркемдік жағынан әсер бергенін жоққа шығара алмаймыз.

Мысалы, Лермонтовтан «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің көңіл-күйі ақынның «Көлеңке басын ұзартып», «Көк ала бұлт сөгіліп», «Күлімсіреп аспан тұр» өлеңдеріне берілген. Абай аудармаларын жаңарып, қайта туған туындылар деп тануымыз керек. Ақын лирикаларындағы сезіммен бейнеленген көңіл-күй формалары – теңдесіз суреттеулер. Мысалы:

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса;
Күнді уақыт қызартып,
Көк жиектен асырса.
...Күңгірт көңілім сырласар,
Сұрғылт тартқан бейуаққа.
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп, әр жаққа,
...Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта,
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта...

.... Күлімсіреп аспан тұр,
Жерге ойлатып әрнені;
Бір себепсіз қайғы құр,
Баса ма екен пендені?

Ақынның сөзбен салған қапысыз суреттеулері туралы З. Қабдолов былай дейді: «Осы үзіндідегі табиғатты дәл осы түрде сезіну Абайдан бұрын қазақта болған үлгі ме? Жоқ. Стихия мен адам көңілінің шарпысуын бұлайша суреттеу – тек Батыс Еуропа

әдебиетіндегі романтизм үлгісі. Ұлы ақынның сол классикалық әдебиеттен тауып, бойына сіңірген зор мәдениетінің айғағы» [1, 334].

Жалпы Зейнолла Қабдолов ұлы ақын шығармашылығына «Абай һәм Әуезов», «Абайдың лирикасы», «Абайдың бір өлеңі» тағы да басқа зерттеу еңбектер арнаған. Оның қазақ жазба әдебиетінің басы саналатын Абай Құнанбаев поэзиясының зерттеушісі ғана емес, ақын шығармашылығын өзіне рухани мектеп тұтқан оқырманына айналғаны, ғалымның әрбір даналық ойының қалпынан анық танылады. Бұл, әсіресе оның өз заманының рухани тұлғасының біріне айналған тұста, қазақ қоғамына қатысты «Парасат» журналына берген жауабынан көрінеді: «...мен қазаққа бәрінен бұрын парасат байлығын тілеймін. Ол үшін әр қазақ Абайды біліп, оның – «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңін ұғып, тереңіне бойлап-түсініп, Құранның сөзіндей жаттап, ...күнде таңертен ояна бере дұғадай қайталап, иманына айналдырса екен. Сонда ол өзіне… кереметтей кемел парасат дарытып, өзгелерді де парасатсыздықтан арылтуға қызмет етер еді. Парасат – қасиет, парасатсыздық – қасірет. Бүгінгі қазаққа керегі – қасірет емес (ол бір басына жетіп жатыр), қасиет!» [2, 230].

Бүгінгі күні қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев шығармашылығын мемлекет болып насихаттап және әлемге танытуға, данышпандығын дәріптеуге, ұғындыруға жұмылдырылған үлкен күш – ұлт руханиятын дамытуға деген махаббатпен парасаттылыққа ұмтылу. Абай аңсаған – кемел ұрпақ бейбіт еліміздің келешегі. Бұл рухани сабақтастық – Абай Құнанбаевты Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы арқылы әлемге танытуы, Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі арқылы Мұхтар Әуезовтің сырлы дүниесі мен жеке тағдыры туралы көркем естелігінің жазылуы.

З. Қабдоловтың Абай ақын туралы да, ұстазы З. Қабдолов туралы да зерттеулері бүгінгі күні қазақ әдебиетінің үлкен бір сағасына айналды.

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Менің Әуезовім (роман-эссе). – Алматы: Санат, 1997. – 336 б.

2. Қабдолов З. Шығармалары. Алтыншы том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. – 320 б.

С. БАХТИЯРОВА,
Қорқыт ата университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ

XIX ғасырдың аяғы – қазақ тарихындағы айтулы белес. Осы тұста Шоқанның қазақ қоғамын басқару ісін түрлендіру (реформалау) жөніндегі «қоғамдық даму» тұжырымдамасы талдап жасалды, Ыбырайдың табиғи даму заңын тұғыр еткен «Ағарту» концепциясы дүниеге келді және Абайдың «Адам» философиясы жасақталды. Абайдың өзіне дейінгі тұлғалардан және өзімен тұстас Дулат, Шәңгерейлерден басты ерекшелігі – Абайдағы зар Дулаттағыдай өткенді көксеуден, Шәңгерейдегідей өз жанының терең қатпарларына оңаша бойлап кетуден емес, адамнан басталады. Тұстастарының надандығын, күйкілігін, алауыздығын, ынтасыздығын, пәлекөрлығын, берекесіздігін мінеуден басталады. Пенденің құлқы түзеліп, көкірегіне ғылым, білім шам жаққанда ғана заман оңалмақ, қазақ теңелмек. Абай шығармашылығын әлеуметтік пафосын айқындаған – осы сенім ақын идеалындағы келешекте бой көрсетер жаңа тұрпатты қазақтың келбетін көзге елестету [1, 256]. Осынысымен Абай – қазақтың тарихи тағдырындағы екі сапалық кезеңнің арасындағы қылкөпірдей болған бейуақ, беймезгіл тұстың (безвременье) ақыны.

60-70 жылдары әдебиеттану ғылымы «стиль мен дәстүр» мәселесін анағұрлым тереңірек тексерді. Әрбір жаңашыл суреткер өзі өкілі болып саналатын ұлттың көркемдік дәстүріне арқа сүйейді, нәр алады деп есептеді олар. Ондай дәстүрлер суреткерге жекелеген шығарма, көркемдік бағыт түрінде кезігіп отырады. Әсіресе көркемдік бағыт құрамындағы стильдік дәстүрмен ұшырасып отырады. Дегенмен стильдің дербес сабақтастыққа ие бола алатын да қасиеті бар.

Жаңа стиль көктен түспейді. Жаңадан стиль жасақтайтын қайнар көздер қалай да бұрыннан қалыптасқан стильдік түр-пішімдерден бастау алмақ. Осылайша дәстүр мен жаңашылдықтың өзара ұштасу, үйлесу деңгей-дәрежесіне қарай жаңа стиль түзіледі.

Осы тұжырым қазақ әдебиетіндегі жаңа дәуірдің негізін

салушы Абай шығармашылығына толығынан сәйкес еді. Бұрын Абай өзіне дейінгі дәстүрден кімге сүйенді дегенде Дулатты ауызға алып келсек, соңғы уақытта бұл өредегі ізденіс аясы біршама кеңейді – Бұқар, Жанақ дәстүріне апарып тірей бастадық. Абайдың ақындық стилінің негізгі нышандары Абайға дейінгі әлгі ақындар шығармашылығында іштей пісіп, даярланғандығы айтыла бастады.

Әлеуметшілдік пафос жағынан Абайдағы басым әлеуметтік сарын Бұқар жыраудан мирас болып қалған маңызды қағида – халық бірлігі идеясынан бастау алып жатыр екен. М. Мағауин Бұқар мен Абайдың жаз көрінісін суреттеген «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек ....» және «Жаздыгүн шілде болғанда...» өлеңдерін өзара салыстыра келіп, Абайды айтпағанда, Бұқардың өзі әлгі өлеңімен қазіргі еуропалық түсініктегі поэзия деңгейіне, демек, Абай деңгейіне таман келгенің нанымды дәлелдейді [2, 174]. Немесе Абай мен Жанақ байланысын алайық. Жанақ «Моласындай бақсының тұрған оқшау, бара алмаймын бас қосқан болса жиын» десе, Абай: «Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым тап шыным!...». Сол секілді Жанақтағы: «Өлмек үшін туғанбыз, оны да аңда», – деген қатар Абайда: «Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ» пішінінде қайталанады. Сондай-ақ Жанақтағы төре тұқымының азуын тұспалдайтын «Шынар құлап, түбінде қалды шірік» деп келетін сөз орамындағы шірік Абайдың: «Бас-басына би болған өңкей қиқым», – деп басталатын белгілі шенеуіндегі қиқымның поэтикалық алғышарттары есебінде еленуге тұрарлық. Абайдағы «Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» дейтін тармақтың да тамыры Жанақта: «Бір ұрты май болғанда, бір ұрты қан, Екі мінез адам ғой түсі суық...» [3, 175].

Абай жаңа поэтикалық лұғат жасаса, оған бұл жағынан ең жақсы кеңесші – Дулат болғаны айқын. Мәселен, Дулатта: «Үй күшіктей үреді, Отының басын айналып...» Абайда: «Үйден үрген ит құсап...». Дулатта: «Әуелгі қазақ деген жұрт, Миығыңды көрсетпей, Ұстарасыз өскен мұрт...» Абайда: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың...». Дулатта: «Мөңіреп жұртқа ой қайтты, Бұзауы өлген сиырдай...» Абайда: «Адасқан күшік секілді, Ұлып жұртқа қайтқан ой...». Абайдың «Күлембайға», «Ойға түстім толғандым» өлеңдерінің де түп төркінін Дулаттан тауып аласыз.

Абай стилі өзіне дейінгі өлең өрімін, «құр тақпақ, бос мақалдауды» батыл терістеуден басталады да, жаңа өлең заңдарын алға жаюға ұласады («сөздің ұнасымы, жарасымы, тәттілігі, мағына түзулігі»). Бірақ ақын сол бойда мұндай жаңа сөзді ұғатын орта керек екенін («көкірек көзді») ескертеді. Сөйтіп, Абай стильдің кем-кетігін көріп қоймай, бұрынғы жанр заңдылықтарының да кемшілігін көрген. Бұл жағынан ол Пушкин секілді ілгері әдебиет өкілдерінен де озық кеткен. Сөйтіп, хакім ақын «Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау», – деп келетін белгілі өлеңінде қазақ ақындарының жеке басын емес, солар әуезе көрген жанрларды сынаған болып шығады. Толғаудың жанрлық талаптарынан туындайтын шектеулер ақынның тынысын тарылтқан, ол толғаудағы болмыстың бейнеленуі (рефлексия) ылғи объективті ақиқат бола бермейтінін, ақынды көбінесе субъективтілік ауылына апарып қоңсы қондыратынын жіті сезінген. Ал Абайдың творчестволық стильдік мақсаты мына төрт тармақта толық түйілген:

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Ал осы стильдік мақсатқа апаратын жол – өлең сөздің үйлесімді әрі дәл болып келуі. Абай үшін стильге бұлайша саналы пәтуамен қарау әйтеуір мақсат емес, қадірлеп, қастерлеп ұстауды керек ететін пәрменді құрал, себебі ақын үшін «өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы». Абай үшін жекелеген сөздердің маңыздылығынан өлеңдегі сөздің маңызы әлдеқайда артық.

Абай үшін шығарманың эстетикалық мәні қымбат. Осы тұрғыдан стильдік жағынан өлең өрімін келістіру алға шығады да, ол не жазса да жұп-жұмыр, шып-шымыр болып дөңгеленіп келеді. Өлеңді үйлесімді бір бүтінге айналдыратын эстетикалық-шығармашылық міндет – Абай шығармаларындағы стиль сыры осындай. Осы арқылы Абай қазақ әдебиетіндегі ұзақ даму кезеңін тәмамдайды да, оның жаңа атқарымдық қызметін бастайды. Сондықтан Абай шығармашылығына қатысты түрде «классикалық стиль» ұғымын қолданудың реті бар.

М. Әуезов айтқан Абай – сыншыл ақылдың ақыны деген баға бізде толық мойындалған. Егер адамзаттың ақыл-ойы аңғырт,

негізсіз реализмнен сыншыл реализмге қарай үдемелі даму қозғалысы болса, қазақ халқы да бұл дүниенің өгей баласы емес, ол да осы эволюцияны бастан өткерді. Абай – қазақтың осынау ақыл-ой дамуының кезеңдік айнасы, түйіні.

«Абай – ойшыл ақын. Өлеңін пікір кернеп тұр. Оның сезімі – ойшыл сезім. Оның ойы да сезімшіл ой. Сондықтан Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын ашып тұрады. Абай тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеу ырғағы, ұйқасы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады», – депті бұрынырақтың зерттеушісі [4, 18]. «Жаны ышқынған Абай: «Өлім барда қорлық жоқ», – дейді. Адам баласы о бастан тең: жаратушысының алдында тең, адамдығы тең. Пәни жалғандағы барша артықшылығынан өлім ажыратады. Күллі қорлық, мұқым азабынан өлім азат қылады. Өлім – о бастағы Теңдіктің қайта оралуы. Бәрі жалған, тек сол – шын. Туғаннан жер қойнына енгенше адам баласы анық танитын жалғыз ақиқат – сол. Жаратылысында мықты Абай, зор Абай әлсіз шағында, өмір күресінен қажып, беті қайтқан, тауы шағылған тұстан нақ сол айдай анық ақиқатты паналайды. Өлім – Абайға құтқарушы күш ретінде көрінеді. Анық мұсылман, анық ойшылдың мінез, танымы», – дейді бүгінгінің зерттеушісі [5, 77].

Жалпы Абай ғылым мен дінді, таным мен нанымды ешқашан қарама-қарсы қоймағаны мәлім, бұл жерде оның дүниені қабылдауы дуалистік емес, Абай үшін ғылым мен хақты танудың құралы. Осынысымен ақын – Батыс рационалистерінен гөрі Шығыс метафизиктерінен бір табан жақын тұрған ғақылдың да, бейғақылдың да иесі.

Олай болса, Абай стиліне «классикалық стиль» анықтамасын берген кезде бұл ұғымның әдебиеттегі бағыт түріндегі, жекелеген тұлға – суреткерлердің ренессанстық рөлі мәніндегі мағынасына қоса әдеби және дара стильдік типологиялық сипатын да ескеру ләзім. Мұндай көзқарас ақынның ұлттық әдебиеттегі, ой-санадағы орнын нақпа-нақ айқындауға көмектесумен қатар біз діттеп отырған XX ғасыр басындағы стильдік ізденістердің арнасы мен сипатын дәлірек түсінуімізге септеседі.

Қорыта келгенде, айтарымыз, ұлттық әдебиеттің ұзына бойы тарихын көктей шолып қарағанның өзінде қазақ әдебиетіне

қатысты түрде стильдік дәстүр және стильдік даму жөнінде толық сеніммен айтуға болады. Түркі әдебиетін тұтас алғанда, қазақ әдебиетін жеке алып қарағанда онда жалпы ауыз әдебиетіне тән, нормативтік эстетикадан жалпы тұрақтанған клишелерден тұратын әдеби канондарға қоса дара әдеби стиль қалыптастыру талабы үнемі бой көрсетіп отырады. Бұл алдымен көне түркі Орхон-Енесей бітіктеріндегі авторы айқын жазба ескерткіштерінен бастау алып, кейінірек XIV-XVIII ғасырларда жыраулар поэзиясындағы толғау жанрында айқынырақ танылды; XIX ғасырда әнші-ақындар шығармашылығында бой көрсетті; осы тұстағы зар заман ақындары жырларында өзгеше қырымен танылды; Шәңгерей жырларында сыршылдық кейіпте, Дулат поэзиясында әлеуметшілдік мұң-зар түрінде бедерленді; ақыры Абайдың дара ақындық стилі түрінде рәсімделді. Қазақ әдебиетінің тұтас бір дәуірі, сонымен қоса тұтас стильдік кезеңі осымен аяқталады да, әдебиетке жаңа дәуірді, жаңа стильдік кезеңді белгілеп берген «Абайдың классикалық стилі» деп атауға болатын кезең басталады.

Бұдан соңғы ұлттық стильдік-көркемдік ізденістер осы Абай дәстүрімен және XX ғасыр басындағы жаңа тарихи-қоғамдық ахуалмен, әсіресе орыс және әлем әдебиетіндегі даму процесімен тығыз сабақтас.

Әдебиеттер:

1. Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы, 1999. – 256 б.
2. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы, 1992. – 174 б.
3. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы, 2000. – 336 б.
4. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1986. – 18 б.
5. Ахметов З. Аламан артындағы біреуі мен. – Алматы, 1993. – 77 б.

Г. ГАБДКАРИМОВА,
«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі
И. НУРМОЛДИНА,
«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі
Н. УТЕМГАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доцент м.а., PhD

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «ЕВГЕНИЙ ОНЕГИН» ПОЭМАСЫН АУДАРУЫ

Пушкиннің атақты романы – «Евгений Онегинді» Абай бөлек-бөлек үзінділер түрінде аударады: «Онегиннің сипаты», «Татьянаның хаты», «Онегиннің ойы», «Онегиннің сөзі», «Онегиннің хаты», «Татьянаның сөзі», «Ленскийдің сөзі».

Әрине, мұнда Пушкин романының ерекше жайлары аударылмай сырт қалады. Абай ол романның ішінен тек Онегин – Татьяна арасында кезек ауысқан күшті махаббат күйлерін ғана сөз қылады. Көбінше, Абайдың аударуына хаттармен баян етілген роман қалыптанған тәрізді. Өз аудармасының соңында, Абай өз жанынан Онегинге ақырғы сөз береді. Бұл – Пушкинде жоқ еркін өзгерістің, Абайдың сөзінше дәлелденген ерекше бір түр.

Абайдың бұл аудармасында Пушкиннің мәтініне үнемі ұқсас келіп отырмайтын еркіндік те бар. Жеке алғанда, бірсыпыра бөлімдерде, Пушкинге көп жерлерінде Абай жақын келіп отырады. Кейбір жолдар мен Пушкин қолданған теңеулерді де Абай дәл, шебер аударып береді. Бірақ сонда да, бұл бөлімдердің өзінде де Абайдың өзінен қосылған жолдар, шумақтар, ой-сезімдер жиі ұшырайды. Бұл тұстарында Абай Пушкиннен аударма жасамай, оның орнына Абай Пушкиннің ізімен, жаңа жайларды жырлап кетеді.

Дәл осы жай туралы кеңірек ойланып қарасақ, Абайдың Пушкинді, оның кейіпкері Онегинді ұғынуы тіпті де ұшқары, үстірт емес, терең ұғыну екенін байқауға болады. Бұл жөнінде Белинскийдің Онегин басын талдап түсіндірген сын мақаласын

оқыған адам дауласпауға тиіс. Онегиндегі барлық сыртқы сипат, ішкі жаратылыс, оқшау мінез өзгерістердің баршасын Белинский өзгеше көрегендік, тапқыр сыншылдықпен түгел ашып береді. Сөйтеді де, оның мінезін өзі де түсінеді, жұртқа да түсіндіре отырып, көпшілік ойлаған үстірт кінә, айыптың көбінен Онегинді ақтап шығады, ішкі сырына келгенде, Белинский Онегиннің адамшылығын өз ортасындағы татымсыз өрнектердің бәрінен биік деп артық бағалайды.

Пушкиннің осы романындағы үлкен қасиетті сынағанда, ұлы сыншы: «Романда бір замандағы орыс қауымы берілген», – дейді, ол қауымды халықтық, адамгершілік жағынан жақсы қауым деп түсінеді және сол қауымның барлық тұлға бейнесі үш адамның басынан көрінген. Олар – Онегин, Татьяна және бұл екеуінен төменірек дәрежеде тұратын – Ленский. Анығында, Белинский-дің ұғындыруынша, Татьяна қаншалық орыс жанды болса, Онегин де сол сипаттың көбін сыртымен көрсетпесе де, ішінде сақтай білген адам болып шығады. Енді сол жайларды еске ала отырып, Абайдың Онегинді жақсы жігіт етіп шығаруына келсек, мұның екі түрлі орынды себебі болып шықты. *Біріншіден*, Абай Онегинді анық Белинскийдің бағасы бойынша түсініп отыр. *Екіншіден*, сондай Онегиннің адамгершілік, турашылық, әділ сыншылық қасиеттерін өзі де асыра жырлаумен «қазақтың жастары осындай жақсы жігітті үлгі етсін» деген оймен баяндады. Абай үшін оның заманында опасыз Онегинді әңгіме етудің қажеті аз болғандай. Өйткені қазақтағы жақсы қыздың әзіз жанын түсінбей, бағаламай жарақаттайтын опасыз жігіт ол күнде көп кездесер еді. Ондай опасыздың өкінішінен де үлгі шықпас еді. Шын опасыз жігіт өкінішімен де жарытпас еді.

Осылайша қарағандықтан, Абай Татьяна мен Онегиннің ішкі сезім сырларын ашқанда, өз қолынан келген ақындық, шеберлік, ізденушілік өнерінің бәрін жұмсайды. 1889 жылға дейін, Абайдың өзі жазған өлеңдерінде Татьянаның хатындай, немесе соңғы жауабындай және де Онегиннің «Құп білемін сізге жақпас» деген хатындай өлеңді ұшырата алмаймыз. Бұл өлеңдерде Абай бұрын қолданбаған тың түр табады. Онысы – шалыс ұйқасты қолдану. Ырғақ жағынан да Абай Пушкиннің қысқа жолдарына жақын отыруға тырысады.

Абай Татьянаның тілімен қазақ қызының жүрегіне қоса тіл бітіреді, Онегиннің ойлы-қырлы өкінішімен қазақтың саналы жігіт, жас буынын үлгілі сезімдерге тәрбиелейді. Бұл жерде Абайдың аударған Татьяна, Онегині Пушкин шығармасында болған үлкен бір қасиетті ашады. Татьяна Пушкиннің өзінде «орыс жанды» орыс қызы болумен бірге, адам баласының үлкен қасиет, зор сипаттарына ие болған жан еді.

Абай еңбегінде сол орыс топырағындағы адам қасиеттерін ашып, жер жүзілік географиялық ортаның бәрінде, бар адам баласының жас буындарының ортасында, өзінің мұңдасын, сырласын, үндес жандарын тапқанын көресің. Бұған Абай аудармасындағы ерекше ірі көркемдік пен ақындық шеберліктің өзгеше боп құрылған күйлі келісімдері себепші болып отыр.

Пушкинді дәл аударушылар бола берер, бірақ оның романының ішіндегі үлкен ой, сирек сезімдерді Абайша жеткізіп, көріктеп беру көп табыла бермес.

Романның соңғы, оныншы тарауында алғашқы 16 шумағының бастапқы жолдарының мәтіні мен XV-XII шумақтардың өңделмеген жазбасы келтірілген. Онда декабристердің алғашқы құпия қоғамдары туралы айтылады. Пушкиннің досы, ақын, декабрист Якубовичтің естелігінде Пушкиннің өздеріне айтқаны бойынша, Онегин декабристер көтерілісіне қатысып, декабрист А.А. Бестужев-Марлинский сияқты, 20 жылға каторга жазасына кесіліп, одан Кавказда, қатардағы жауынгер қызметінде, шайқаста оққа ұшып қаза болады екен.

Пушкиннің «Евгений Онегин» атты шығармасын Абай қазақ тіліне аударған кезде еркін аударма тәсілін қолданған. Сол себептен түпнұсқаның жалпы мазмұнын сақтанғанмен, өлең құрылысы өзгеріске ұшыраған. Кей тұста қазақ ұғымына өте жақындатып, ұлттық ерекшеліктерді ескермейтін тұстары да бар және де Абай «Евгений Онегинді» тұтастай алмай «Онегиннің сипаты», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Татьянаның сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Ленский сөзі», «Онегиннің өлердегі сөзі» деп аталатын үзінділерін ғана аударады. Аталған үзінділерден «Татьянаның Онегинге жазған хаты» аудармасына тоқталып кетсек

Түпнұсқа	Аударма

Я к вам пишу – чего же более? *Что я могу еще сказать?* *Теперь, я знаю, в вашей воле* *Меня презреньем наказать.*	*Амал жоқ, қайттім білдірмей,* *Япырмау, қайтіп айтамын?* *Қоймады дертің күйдірмей,* *Не салсаң да тартамын.*
Бұл өлең жолдарында Абай Татьянаның ішкі сезімін, сенімін өзгеше жеткізген, өлең шумақтарынан өкінішті, қайғы мен қасіретті күйді сезінгендей боласың.	
А.С. Пушкиннің үзіндісіне зер салып қарасақ, Татьянаның бақытсыз күйін көре отырып, оның хәлін бастан кешіреміз:	
Но вы, к моей несчастной доле *Хоть каплю жалости храня,* *Вы не оставите меня.*	Абай бұл шумақты былай аударады *Талайсыз, бақсыз мен сорлы* *Еріксіз аттап ұяттан,* *Қорлыққа көндім бұл құрлы,* *Байқалар халім бұл хаттан.*
Сначала я молчать хотела; *Поверьте: моего стыда* *Вы не узнали б никогда,* *Когда б надежду я имела* *Хоть редко, хоть в неделю раз* *В деревне нашей видеть вас*	деген шумақтардың аудармасы Абай еңбегінде былай болмақ: *Әлімше мен де ұялып,* *Білдірмен дедім өлсем де,* *Шыдар ем күйіп мен жанып,* *Айында бірер көрсем де.*
Абай өлеңдерінде Татьянаның бойындағы сезімі, ниетін, қайтпас қайсарлығы білінеді. А.С. Пушкиннің Татьянаның жағдайын суреттеудегі тәсілі ерекше (Татьяна бұл үзіндіде Онегиннің түр-сипатын баяндап отыр):	
Чтоб только слышать ваши речи, *Вам слово молвить, и потом* *Все думать, думать об одном* *И день и ночь до новой встречи.* *Но, говорят, вы нелюдим;* *В глуши, в деревне всё вам скучно,* *А мы… ничем мы не блестим,* *Хоть вам и рады простодушно.*	Бұл үзіндінің Абайдағы аудармасы сағынышқа, сезімге толы сенімге ауысқан. Өзгеше бір күйде жүргендігін аңғартады: *Болмады көріп қалуға,* *Есітіп біраз сөзіңді.* *Шыдар ем бір ай жатуға* *Ұзақ түн жұмбай көзімді.*
Зачем вы посетили нас? *В глуши забытого селенья* *Я никогда не знала б вас,* *Не знала б горького мученья.*	А.С. Пушкиннің түпнұсқасында Татьяна Онегиннің өзінің ауылына келгенде ұнатып қалғандығы, содан қиналып жүргендігі білінсе, Абай

	аудармасында Татьянаның еріксіз көнбіске айналғандығы анық ашылады: *Қызықтан қашып бұл жерге* *Көңіліңіз суып келіпсіз.* *Мәнісін сұрап білуге* *Тілдесе алмаймын еріксіз.*
Другой!.. Нет, никому на свете *Не отдала бы сердца я!* *То в вышнем суждено совете…* *То воля неба: я твоя.*	*Өзгеге ешбір дүниеден* *Еркімен тимес бұл жүрек.* *Әзелде тағдыр иеден,* *Қожам – сенсің, не керек, –* деп жүрегінің тек бір адамға тиесілі болғандығын және болатындығын айтады.
Вся жизнь моя была залогом *Свиданья верного с тобой;* *Я знаю, ты мне послан богом,* *До гроба ты хранитель мой…*	*Тіршілігім – құрбандық,* *Шыдамай сені көргенше.* *Тәңірімнен келген бұл жарлық,* *Ием – сенсің өлгенше.* А.С. Пушкиннің де, Абайдың да жазбаларында Татьяна Онегинді өмірінің сақтаушысы ретінде көреді. Оған деген сезімін, сөзінен таймайтындығын анық байқаймыз.
Ты в сновиденьях мне являлся, *Незримый, ты мне был уж мил,* *Твой чудный взгляд меня томил.*	*Әуелде кірдің түсіме,* *Ортақтасып өміріме.* *Толғау салып ішіме,* *Сол күнде-ақ жақтың көңліме.*
Осы бір өлең жолдарынан Татьяна тек қана өмірде көріп қана емес, сондай-ақ түсінде де Онегинді көріп, мазасызданғандығы жайлы баяндалады.	
В душе твой голос раздавался *Давно… нет, это был не сон!* *Ты чуть вошел, я вмиг узнала,* *Вся обомлела, запылала* *И в мыслях молвила: вот он!*	*Құдайдан болғай деп емі,* *Құдайыны мол бердім.* *Көрген жерде-ақ мен сені,* *«Осы екен ғой – сол», – дедім.* Аталған өлең жолдарында Татьяна Онегинді нағыз «өзінің адамы» екен деп ұғады.
Не правда ль? Я тебя слыхала: *Ты говорил со мной в тиши,*	*Жатқан сайын ұйқыға* *Дұға оқушы ем, шошынып.*

Когда я бедным помогала *Или молитвой услаждала*	*Ұнатып мені құлқыңа,* *Жүруші едің қосылып.* Бұл өлең жолдарында тек Татьянаның ғана емес, сонымен бірге Онегиннің де қызға сезімі болғандығын байқаймыз.
Не ты ли, милое виденье, *В прозрачной темноте мелькнул,* *Приникнул тихо к изголовью?* *Не ты ль, с отрадой и любовью,* *Слова надежды мне шепнул?* *Кто ты, мой ангел ли хранитель,* *Или коварный искуситель.*	*Шыныңды айт, кімсің тербеткен* *Иембісің сақтаушы?* *Әлде азғырып әуре еткен* *Жаумысың теуіп таптаушы?*
Я жду тебя: единым взором *Надежды сердца оживи* *Иль сон тяжелый перерви,* *Увы, заслуженным укором! –* дей келе, өзінің алдағы жолында одан жауап хат күтетіндігін айтып жеткізеді.	*Күтемін сізден қайта хат,* *Қуандырып дертім жаз.* *Ол болмаса, шыныңды айт,* *Кінә өзімде, өзіме аз.*
А.С. Пушкиннің аяқтауында: *Кончаю! Страшно перечесть…* *Стыдом и страхом замираю…* *Но мне порукой ваша честь,* *И смело ей себя вверяю…*	Абай өлең шумақтарын аяқтап келіп: *Өз хатыма өз көзім* *Ұялып, қорқып баға алмас.* *Кепілім менің – бір өзің,* *Бөтен жан тетік таба алмас.*
Жалпы алғанда, зейін салып қарап отырсақ, Абай өз аудармасында барынша қысқа әрі мәнді түрде аударған, соңында, арада бірнеше жыл өткеннен соң екеуі қайта кездескенде, өмірден өз орнын таба алмай торығып жүрген Онегин жоғалтып алған махаббатын қайта таппақ ниетін білдіреді, Татьяна оған басқа адамға жар болғанын айтып: «Қол-аяғым берік бекілді, Енді ненің орны бар?...» – деп, үзілді-кесілді жауап береді.	
Поверьте: моего стыда *Вы не узнали б никогда,* *Когда б надежду я имела* *Хоть редко, хоть в неделю раз* *В деревне нашей видеть вас,* *Чтоб только слышать ваши речи,*	*Әлімше мен де ұялып,* *Білдірмен дедім өлсем де.* *Шыдар ем күйіп, мен жанып,* *Айында бірер көрсем де.* *Болмады көріп қалуға,* *Есітіп біраз сөзіңді.*

Вам слово молвить, и потом *Все думать, думать об одном* *И день и ночь до новой встречи.*	*Шыдар ем бір ай жатуға,* *Ұзақ түн жұмбай көзімді.*
Осы бір шумақтардан екі ақынның өзіндік авторлық ерекшеліктерін байқай аламыз. Түпнұсқа мен аударманы салыстыратын болсақ, сөздердің мән-мағынасында аса бір айырмашылық байқай қоймаймыз. Дегенмен, жазу стильдерінде өзгешелік көрініс тапты десек қателеспейміз. Қазақ шығармаларының өзіндік нұсқаларына сәйкес, Абай тарапынан біз нені байқай аламыз? Мәселен, шамадан тыс әсірелеу яғни гипербола өте көп көрініс тапқан. «...Хоть редко, хоть в неделю раз» деген тармаққа көз жүгіртетін болсақ, бұл жерде аптаны негізге алып тұр. Ал «...Айында бірер көрсем де» айды негізге алуымен ерекшеленеді. Бұл гиперболаның тамаша үлгісі емей не? Апта мен айды бір арнада тоғыстыра біліп, оны оқырманға әсерлі әрі түсінікті етіп жеткізу автордың шеберлігі деп түсінемін. Алайда, барлық тұста екі нұсқа бір-бірімен тұспа-тұс келіп жатады деу де қате. Мағына бір болғанымен, жазу тәсілі алшақ болатын сәттер де жоқ емес.	
Зачем вы посетили нас? *В глуши забытого селенья* *Я никогда не знала б вас,* *Не знала б горького мученья.*	*Келмесең егер сен бізге,* *Сау болмас па ем, әлбетте?* *Болмасам ашына мен сізге,* *Түспес ем мұндай бейнетке.*
Оқырман мына жолдарды оқи отыра, ерекше эстетиканы сезінбеуі мүмкін емес дүние. Өзгеше атмосфера жатқаны сөзсіз... «Мученья» сөзімен «Бейнет» сөзін байланыстыра білу де асқан шеберлік. Себебі өзге ақын дәл осы сөзді «қиындық» деп беруі әбден мүмкін еді.	

Ұлы орыс халқының мәдениетін қасиеттеген, ұлы Пушкинді құрмет тұтқан Абай оның әдебиеттегі асыл мұраларының бірі – «Евгений Онегинді» де қасиеттеп, артықша сүйіспеншілікпен аударды. Пушкин мен Абай творчествосының, олардың ой-пікірінің үндестігінен орыс халқы мен қазақ халқы арасындағы өткен заманнан келе жатқан жақындықтың, достықтың желі ескендей болады. Бұл достық біздің советтік заманда халықтардың ұлы достығына айналып, жеңілмес қуатты күш болып, салтанат құрып отыр.

Келесі қызықты жайт – «Евгений Онегин» Абай аудармаларының қазақ өлеңіне әсері. Бұл мәселенің басқа қырларын айтпағанда, 1887-1888 жылдарға дейін Абай өлеңдері негізінен дәстүрлі қазақ өлшемдерімен жазылғанын, ал біздің

поэзиямызға Абай енгізген және туған жерге айналған айқас рифмдерді ол алғаш рет «Татьянаның Онегинге жазған хатында» пайдаланғанын атап өткен жөн. Кейінірек Абай өлеңдерге алты жолды (аабввб), «сегіздік» (аабввбгг) рифмаларын енгізген кезде, бұл «Онегин строфаның» әсерінен болған болуы мүмкін, өйткені Пушкин романы арқылы ақын сыртқы форманың мазмұнға қаншалықты әсер ететінін нақты сезініп, түсінді.

Зәки Ахметов ағамыз Пушкиннің қолжазбаларында «Зачем я пулей в грудь не ранен?» деген өлең бар, соны Онегиннің өлердегі сөзі деп пайымдауға болады дейді. Сондықтан осы екі ұлы ақынның үндестігін, Зәки Ахметовтің сөзімен айтсақ, ұлыны ұлы ғана ұғынады деп тұжырымдаймыз.

А.С. ШАЙМАНОВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология факультеті, шетел филологиясы
және аударма ісі кафедрасының
2-курс PhD докторанты,
гуманитарлық ғылымдар магистрі
Б.Д. ДАУТОВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Абай ғылыми-зерттеу институтының
аға оқытушысы, филология ғылымдарының магистрі

THE RENDERING OF IDIOMS IN ABAI'S «BOOK OF WORDS» THROUGH DIRECT AND INDIRECT TRANSLATION INTO RUSSIAN AND ENGLISH

Although previously overlooked or explored only superficially, indirect translation that is, translation carried out from or for another translation has recently emerged as a significant area of inquiry, offering broad potential for scholarly exploration. In the past few years, this topic has gained notable momentum, evidenced by the publication of special issues in leading journals such as Target, Translation Studies, and Perspectives, as well as by several encyclopedia entries, monographs, and research papers [1].

Nevertheless, despite this growing attention, research on indirect translation is still considered to be underdeveloped compared to related subfields that investigate similar phenomena, such as retranslation or self-translation. Against this background, the volume under review makes a valuable contribution to the existing scholarship. Authored by well-known specialists in the field, it adopts an accessible writing style and examines indirect translation across multiple contexts such as news translation, interpreting, and audiovisual translation from both theoretical and practical perspectives [2].

Idioms are linguistic expressions that encapsulate a culture's worldview, emotional sensibility, and stylistic richness features that are often difficult to convey across languages. Translating idiomatic expressions from Kazakh into English presents particular challenges because the two languages differ greatly in their metaphorical imagery, cultural associations, and figurative conventions [3].

In translation studies, this difficulty is often examined through the concepts of direct and indirect translation. Direct translation refers to rendering a text straight from the source language into the target language, while indirect translation involves an intermediate language or version translation «from or through» another translation. In the Kazakh-English context, Russian frequently functions as a mediating language, meaning that many English translations of Kazakh idioms are not translated directly from Kazakh, but rather indirectly through Russian equivalents. This layered process can significantly influence meaning, tone, and cultural resonance, especially when idiomatic expressions are involved.

Among various strategies used in idiom translation such as literal translation, equivalence, adaptation, and paraphrase the paraphrasing method often emerges as the most effective for achieving both clarity and naturalness in the target text. Paraphrase allows the translator to maintain the semantic core of an idiom while adapting its figurative content to the linguistic and cultural norms of the receiving language.

This article examines nine Kazakh idioms and their corresponding Russian and English translations to assess how both direct and indirect translation processes operate in practice. It evaluates how effectively the paraphrase strategy captures each idiom's intended meaning, stylistic force, and cultural nuance when transferred between linguistically and culturally distinct systems.

Table 1.

Ақылдан құр (lacking wisdom)	Отстраняется и от разума	Mindless

The Kazakh idiom Ақылдан құр literally translates as (deprived of wisdom) or (lacking sense) It describes a person who acts irrationally or thoughtlessly, implying both mental deficiency and moral weakness. The idiom carries a strong evaluative tone, typical of Kazakh moral discourse, where intellect (ақыл) is closely linked to ethical behavior and self-control [4].

The Russian version, Отстраняется и от разума (separated from reason), is a direct translation that maintains both the semantic core and metaphorical structure of the source expression. The image of being «distanced from reason» mirrors the Kazakh idiom's figurative

meaning and preserves its evaluative nuance. This suggests a close cultural and cognitive proximity between Kazakh and Russian, as both languages use metaphorical associations between mind and reason to convey human intellect. The Russian translation thus achieves semantic fidelity and stylistic resonance through metaphor preservation, representing an example of direct translation by paraphrase a rewording that retains imagery while adapting it to Russian syntax.

The English equivalent «Mindless» likely derives indirectly from the Russian version rather than directly from Kazakh. It represents a condensed paraphrase that communicates the idiom's basic meaning but omits its metaphorical depth. The English term expresses «lacking sense or thought», which aligns semantically with the source idiom, yet it transforms a vivid metaphor into a single lexical item.

This indirect translation demonstrates a shift from figurative imagery to lexical abstraction a common phenomenon in cross-cultural idiom translation when an intermediate language mediates the transfer. While Mindless is fluent and idiomatic in English, it loses the evaluative and moral tone present in both the Kazakh and Russian versions.

The idiom «Ақылдан құр» reveals how meaning transformation occurs through direct and indirect translation chains. While the Russian version retains the metaphorical worldview embedded in the original, the English version prioritizes linguistic economy and reader comprehension. This example highlights the dual role of paraphrase as both a preservative and reductive mechanism in idiom translation maintaining conceptual equivalence while adapting to the stylistic norms of the target language.

Table 2.

Басы бір ауырмай қалмаса керек	Ни о чем не задумается	Unlikely to give much though to

The idiom «Басы бір ауырмай қалмаса керек» literally means (his head never aches) a figurative way of saying that a person never troubles themselves with thinking or remains indifferent to reflection or concern. In Kazakh, the concept of the head (бас) symbolizes

mental effort and conscious responsibility, and the absence of «pain» metaphorically indicates carelessness or a lack of moral awareness [5].

This expression carries a mild ironic or critical tone, implying that the person avoids intellectual or emotional burden. As such, it embodies both cognitive and ethical evaluations typical of Kazakh idiomatic worldview.

The Russian version, «Ни о чем не задумается» (never thinks about anything) represents a direct translation by paraphrase. The translator omits the original metaphor of «headache» instead expressing the same meaning in natural Russian idiomatic form. This translation retains the idiom's semantic value a lack of reflection or concern but replaces the figurative image with a straightforward verbal expression. While the metaphorical vividness is reduced, the phrase feels entirely natural in Russian discourse, aligning with Russian colloquial patterns of describing thoughtlessness or apathy. Thus, the Russian version demonstrates direct paraphrase: the translator interprets the metaphor and restates its meaning clearly and idiomatically in the target language without loss of tone or pragmatic intent.

The English equivalent «*Unlikely to give much thought to*» likely results from **indirect translation**, derived from the Russian paraphrase rather than directly from the Kazakh idiom. It conveys the same general sense of **intellectual indifference** but, like the Russian version, omits the original metaphor of the «head» entirely. The phrase functions as a **neutral descriptive paraphrase**, replacing the vivid, figurative image of the source idiom with a stylistically restrained expression. While it maintains **semantic fidelity**, it lacks the **cultural color and evaluative tone** that characterize the Kazakh idiom. This kind of indirect translation through paraphrase demonstrates how idiomatic imagery tends to be **filtered or diluted** when transferred across multiple linguistic stages from a culturally rich idiom to an explanatory formulation.

The idiom «Басы бір ауырмай қалмаса керек» illustrates the gradual transformation of figurative imagery through direct and indirect translation. The Russian translation represents a direct paraphrase that prioritizes naturalness while keeping the idiom's pragmatic tone. The English translation, rendered indirectly, focuses on conceptual clarity at the expense of figurative richness. This

example highlights how paraphrase whether direct or indirect functions as a key mechanism in idiom translation, balancing semantic precision and linguistic fluency. It also reveals the cultural distance between Kazakh and English, where metaphorical imagery often gives way to abstract conceptualization in cross-linguistic mediation .

Table 3.

Жан шыдай ма екен? (Can the soul withstand it?)	Выдержит ли душа?	Can a soul bereft of?

The idiom «Жан шыдай ма екен?» literally means (Can the soul endure?) or (Can one's spirit bear it?) It expresses emotional tension, moral suffering, or spiritual endurance in the face of hardship. The key word жан (soul) carries deep philosophical and cultural significance in Kazakh, referring not only to life or spirit but also to one's inner moral essence [6].

The phrase is commonly used rhetorically to evoke sympathy, compassion, or emotional empathy questioning whether a human soul can endure extreme sorrow or moral strain. Thus, it is both a spiritual and emotional idiom, rich in cultural and poetic undertones. The Russian equivalent «Выдержит ли душа?» («Can the soul endure?») represents a direct translation that maintains the same metaphorical structure, lexical imagery, and emotional resonance as the original. Both Kazakh and Russian languages share a similar anthropocentric metaphorical system in which the soul (жан/душа) symbolizes a person's emotional and moral core. Consequently, the Russian translation requires minimal adaptation: it preserves both the literal question form and the emotional tone.

This makes «Выдержит ли душа?» a case of direct translation through equivalent idiom, where the translator reproduces the figurative meaning with nearly identical linguistic material. The result retains semantic accuracy, poetic style, and emotive depth.

The English rendering «Can a soul bereft of...?» reflects an indirect translation process. It appears to have been derived from the Russian version rather than directly from the Kazakh source. While the phrase begins similarly (Can a soul…) the English version deviates syntactically and semantically, leaving the expression incomplete. It seems to focus on the state of deprivation rather than on endurance

shifting the idiom's meaning from emotional resilience to existential loss.

This transformation suggests semantic divergence typical of indirect paraphrase, where part of the original meaning (endurance, emotional strength) is lost or reinterpreted during cross-linguistic transfer. The English version sounds poetic but ambiguous, lacking the rhetorical clarity and emotional precision of the original.

The idiom «Жан шыдай ма екен?» exemplifies how direct and indirect translation influence idiomatic meaning transfer. Through direct translation, Russian successfully replicates the idiom's emotional and metaphorical content, maintaining both semantic precision and stylistic naturalness. The English translation, however, illustrates the challenges of indirect paraphrase: while maintaining poetic resonance, it partially obscures the original meaning due to structural and conceptual shifts [7].

This case highlights a broader pattern observed in idiom translation across languages: direct translation between culturally proximate languages (Kazakh-Russian) tends to preserve imagery and tone, whereas indirect translation into culturally distant languages (Kazakh-Russian-English) often results in abstraction, reinterpretation, or loss of expressive depth.

Table 4.

Шығар есігін таба алмай (to find no way out).	Отчаявшись найти выход	To remain trapped in

The Kazakh idiom «Шығар есігін таба алмай» literally means (unable to find the door to get out) It is used metaphorically to describe a state of hopelessness or helplessness, when a person is trapped in an emotional, moral, or situational impasse. In Kazakh culture, the imagery of a door or exit (есік) symbolizes a path to resolution, freedom, or moral clarity. Thus, the idiom does not merely refer to physical entrapment but expresses psychological despair and moral confusion, often with a tone of empathy or dramatic tension. The phrase captures both mental paralysis and emotional exhaustion, making it a richly layered metaphor in the Kazakh linguistic worldview [8].

The Russian version «Отчаявшись найти выход» (desperate to find a way out) represents a direct translation through paraphrase. It retains the metaphorical image of searching for an exit, which exists in both Russian and Kazakh idiomatic repertoires, and conveys the same emotional state of desperation. The word выход (exit) precisely mirrors есік (door) as a metaphor for escape or solution, showing close conceptual and metaphorical equivalence between the two languages. The participial construction отчаявшись (having lost hope) strengthens the emotional tone, aligning perfectly with the Kazakh sense of despair. This version, therefore, exemplifies direct translation that combines semantic fidelity with emotive and stylistic preservation, demonstrating cultural proximity between the Kazakh and Russian conceptual systems.

The English version «To remain trapped in» reflects an indirect translation, likely derived from the Russian interpretation rather than the original Kazakh idiom. The phrase uses a different but semantically related metaphor entrapment rather than seeking an exit. Although the imagery changes, the underlying concept of hopeless confinement is preserved. The English paraphrase communicates the essential meaning (a lack of escape or resolution) but shifts the focus from action (searching for an exit) to state (being trapped). This transformation illustrates a characteristic feature of indirect paraphrase: while maintaining overall sense and emotional connotation, it modifies the metaphorical frame to align with English idiomatic norms. The result is stylistically natural but somewhat less dynamic than the original.

The idiom «Шығар есігін таба алмай» exemplifies how idiomatic imagery evolves through direct and indirect translation pathways. The Russian translation achieves near-equivalent fidelity by maintaining the original metaphor of «finding an exit», while the English version, translated indirectly, adapts the metaphor into «being trapped». This case underscores a key observation in idiom translation: direct translation between culturally related languages (Kazakh-Russian) often preserves metaphorical coherence, whereas indirect translation into culturally distant languages (Kazakh-Russian-English) tends to substitute or simplify metaphors for idiomatic naturalness. The paraphrase strategy thus becomes an essential tool for preserving meaning while negotiating cross-cultural and linguistic distance.

Table 5

Көкіректен, жүректен келмейді (not from the heart)	Не из груди, не из сердца	Neither from belly nor the heart

The Kazakh idiom «Көкіректен, жүректен келмейді» literally translates as (it does not come from the chest or the heart). It is used to describe insincerity, superficial emotion, or lack of genuine feeling in speech or action. In Kazakh culture, both көкірек (chest) and жүрек (heart) are traditional metaphors for the inner self, the seat of sincerity and moral truth [9].

Thus, the idiom conveys a moral judgment: what is being said or done is empty, forced, or devoid of genuine emotion. This expression embodies a deeply cultural notion of authenticity the idea that true words or feelings must come «from the heart», not just from the lips or intellect.

The Russian version, «Не из груди, не из сердца» (not from the chest, not from the heart), is a direct translation that almost literally reproduces the Kazakh idiom's structure and imagery. Both metaphors the chest and the heart are semantically and culturally compatible within Russian idiomatic expression, where сердце (heart) similarly symbolizes sincerity and emotion.

While the Russian translation maintains the literal image, it may sound slightly archaic or poetic, as Russian typically uses «не от сердца» (not from the heart) in modern usage. Nevertheless, the translation remains faithful to the semantic meaning and figurative form of the Kazakh original. It thus represents a case of direct translation by literal paraphrase, preserving both imagery and tone.

The English rendering, «Neither from belly nor the heart» demonstrates indirect translation, likely influenced by the Russian version rather than translated directly from Kazakh. The structure reproduces the Russian syntactic form, but the phrase from belly is unusual and non-idiomatic in English.

In English, sincerity is typically associated with the heart, while the belly (or chest) does not carry comparable emotional connotations. The inclusion of belly therefore represents a literal transfer of imagery from the intermediary language without full cultural adaptation. The result is semantically intelligible but stylistically awkward and

unnatural. This is a classic case of indirect literal paraphrasing, where meaning is retained but idiomatic fluency and cultural relevance are lost in the shift between languages.

Table 6.

Қулық саумақ (to live by trickery)	Кормиться хитростью	To live by cunning

The Kazakh idiom «Қулық саумақ» literally means (to milk trickery or to live by deceit). The verb cayy (to milk) is used metaphorically, implying extracting benefit or earning a living through dishonest or cunning means. The idiom describes someone who survives or profits by exploiting others through deceit or clever manipulation. This expression reflects a moral and ethical judgment, characterizing such behavior as unworthy or shameful. In Kazakh culture, idioms involving cayy (to milk) often connote exploitation the act of taking advantage of something or someone without honest effort. Thus, «Қулық саумақ» carries not just a descriptive meaning but also a moral condemnation [10-11].

The Russian equivalent «Кормиться хитростью» (to feed oneself by cunning) is a direct translation that closely reproduces both the metaphorical image and the moral implication of the original idiom. The Russian verb кормиться («to feed on» or «to live by») parallels the Kazakh cayy (to milk), as both verbs metaphorically describe sustenance gained from dubious means. Similarly, «хитрость» (cunning or trickery) reflects the same negative ethical evaluation. This translation thus represents direct paraphrase an idiomatic equivalence achieved by adapting lexical items to Russian while maintaining the original figurative concept. The imagery remains strong and natural in Russian, as the metaphor of «feeding on cunning» aligns well with Russian idiomatic expression.

The English phrase «To live by cunning» likely results from indirect translation through Russian. It captures the semantic essence of the original idiom sustaining oneself through trickery but the imagery is simplified and neutralized.

In English, «to live by cunning» sounds somewhat archaic and lacks the metaphorical vividness of the Kazakh and Russian versions. While cunning retains the sense of clever deceit, the verb live by

generalizes the metaphor of feeding or milking, removing the sense of exploitation or parasitism implied in the Kazakh idiom. Thus, this English rendering illustrates indirect paraphrasing, where meaning is preserved but metaphorical strength and moral tone are diminished in the process of adaptation to English idiomatic norms.

The idiom «Қулық саумақ» exemplifies the dynamic interplay between direct and indirect translation in idiomatic transfer. The Russian translation achieves metaphorical and moral equivalence through direct paraphrase, reflecting shared cultural imagery between Kazakh and Russian. The English translation, derived indirectly, exhibits semantic accuracy but reduced figurative impact.

This case demonstrates that while paraphrase effectively conveys the core meaning across languages, indirect translation can lead to metaphorical erosion, especially when idioms rely on culturally specific imagery. Successful idiom translation, therefore, depends not only on lexical accuracy but also on the translator's sensitivity to the cultural resonance and moral undertone embedded in figurative expressions.

References:

1. Andre J.S. (2020). Relay. In M. Baker & G. Saldanha (Eds.), Routledge encyclopedia of translation studies. Routledge.
2. Davier L., Marin-Lacarta, M., Pöchhacker, F., Gambier, Y., Ivaska, L., & Pięta, H. (2023). Studying indirect translation: A conversation with and between L. Davier, M. Marin-Lacarta and F. Pöchhacker. Perspectives, 31(5), 822-838.
3. Кунанбаев, Абай. Слова Назидания. Ghaqliya. Words of Edification. перевод. Ербол Жумагул (русс) – Саймон (анг). – Алматы: Идан, 2021.
4. Құнанбаев, Абай. Қара сөз. – Алматы: Көшпенділер баспасы, 2023.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Оқу кітабы. «Тілдер және әдебиет» даярлау бағыты бойынша жоғары білім беру ұйымдарына пайдалануға арналған / жалпы ред. басқ., Ж. Дәдебаев; жауапты ред., алғы сөзін жазған Д. Ысқақұлы; құраст.: Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 168 б.
6. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Бірінші том. Қара сөздер. Аудармалар / құраст., алғы сөзін жазған, жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 196 б.
7. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Екінші том. Қара сөздер. Аудармалар / құраст., алғы сөзін жазған, жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. –196 б.
8. Абайтану: таңдамалы еңбектер / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, Абай ғылыми-зерттеу ин-ты; [жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; ғыл.-ред.: Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали; құраст.: Л. Мұсалы және т.б.]. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2021 . – L: Ойлар мен толғаныстар. – 239 б.

9. Абайтану: таңдамалы еңбектер / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, Абай ғылыми-зерттеу институты; [жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; ғыл. ред.: Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали; құраст.: Л. Мұсалы және т.б.]. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2020. – XLVII : Абай және парсы әдебиеті / А. Қасым. –211 б.

10. Абайтану: таңдамалы еңбектер / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ, Абай ғылыми-зерттеу ин-ты; [жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; ғыл. ред.: Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали; құраст.: Л. Мұсалы және т.б.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. –

11. XLVI: Абай қара сөздерінің ерекшеліктері / Ж. Шойынбет, Б. Байғалиев. – 227 б.

Ж. МЕҢДІҒАЛИҰЛЫ,
№174 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ә. АЛДИБЕКОВА,
№157 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ ТҮЙІНДІ ОЙЛАР

Абай – бүкіләлемдік тақырып. Абай – адамзаттың бүгіні мен ертеңі. Ұлы ойшыл дүниетану мен философиялық көзқарастарында адами болмысты ерекше атап өткен. Бала тәрбиесінде өзіндік орын алатын ойларымен елді елең еткізді. Абай руханияты – бізге саралап, даралап берілген жол. Білім мен ғылымның жолы. Білімді болғанмен де, тәрбие-тағылымды қатар алып жүрмесе, білімнің де жолы қысқа деп атап кеткен. Ғылымға ден қою үшін өзін-өзі тани білуге, ғылымның мәні зор. Адами құндылық – Абайдың алғы шарты. Өзіне үңілу, өзін бағалай білуге, сондай-ақ өзін өзгелерге сыйлата білу, өзіне-өзі есеп беруге ұлама үлкен мән береді.

Абайдың бар болмысы, адами құндылықты қадірлеуі елді таңғалдырады. Бізге Абаймен әлемге танылу керек. «Абай» десе – «қазақ», «қазақ» десе – «Абай» деп танылуға жету керек. Мектеп бағдарламасында Абайды оқытудың жолдарын бір жүйеге жинақтау, саралау, дәріптеу – міндетіміз.

Абайдың нақыл сөздері көңілге қонымды, тілге жеңіл, терең ойлы, астарлы әрі мағыналы. Көркемдік ерекшеліктері бай мұра. Әр нақыл сөздері адамның жан дүниесіне ұғымды, мағыналы, тәрбиелік мәнге ие.

Хәкімнің нақыл сөздері өлеңдері мен қара сөздерінде көптеп кездеседі.

Иә, Абай – адамды рухани азықтандыратын сөздерді жазған ақын. Нақыл сөздеріне ерекше мән беріп үңілсеңіз, айтары терең астарлы ой, шешуі жоқ жұмбақтай. «Адам баласына адам баласының бәрі – дос», «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың». Міне, Абайдың даналығы – осында. Бірлікті, біртұтас болуды, Абай о баста көздеген. Адамға құрмет етіп, азамат болуды Абайдай айтқан ақын жоқ...

Абай достық тақырыбында бәрін бірдей көреді, бөле

жармайды, руға, жүзге бөлмейді, ұлтқа, ұлысқа тартпайды. Абай – мәңгілік тақырып. Оның мәңгілігі: Абайдың татулық пен бірлігі еді.

Абай қарасөздері – терең ойлы, мағыналы сөздер. Ішінде астарлы, мағыналы сөздерге бай. Заман ағымына толқын болып, оқығанда көкірегің ашылады. Ақиқатты, шынайы болмысты о бастан аңғарған Абайдың данышпан, дара тұлға екені қарасөздерінен анық байқалады. Қоғамдағы әлеуметтік жайларды да ой елегінен өткізген. «Адамзаттың бәрін сүй...», – деп гуманистік көзқарасымен елді елең еткізді. Адам, қоғам, заман – осылар Абайдың басты тоқталған тақырыбына айналған. Одан соң дін, ақиқат, пенде т.б. Міне, жеке тоқталып, жеке талдау жасаған. Қарап отырсақ, түбіне үңілсек, Абай зерттеген, зерделеген мол мұра қалдырған. Ғылым, білім, ұстаз. Бәрін тоқсан ауыз сөзбен дестелеп, саралап, қарасөздерінде ерекше назар аударды. Хәкім Абай даналық сөздерін өзі халқымен сырласып жатқандай жазып, жеткізген. Расында, солай. Қарап отырсаң Абайдай философты өзі емес, өзгенің жайы көп толғандырған. Әрбір қарасөзі – таптырмас ақыл, насихат.

«Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі», – дейді отыз бірінші қарасөзін хәкім.

Бұл сөзде «өлшеусіз» деген сөз «шексіз» деген мағынаға ие. Неге біздің ақылымыз өлшеулі? Ақыл – адамның жол бастаушысы. Ақылды адам жолынан адаспайды. Адам аз ғана ғұмыр кешеді. Сол ғұмырда шексіз Алланың ғибратына бас иген – адаспас. Пендесі – бас исе, Алланың берері көп.

«Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң, өзің ғана тілейсің», – дейді отыз жетінші қарасөзінде. Бақ-сор кейде мұң әкеледі. Неге бағың өскенше ел тілейді? Бұл жерде сені қолдап, демеуші болатындар болғанымен де бағың жанып жұлдызың жарқырағанда, көре алмайтын дұшпандар да табылады. Көре алмастық, іштарлық, аяқтан шалатын жаулармен күресесің. Бағыңның жанғаны –дұшпаныңның болғаны. «Бағың өскен соң, өзің ғана тілейсің» дегені ше? Сол бақты көтеретіндей ақыл керек, иман керек. Ол – мақтан қуып кетпеуді меңзегені.

«Ағайынның азары болса да, безері болмайды», – дейді отыз тоғызыншы қарасөзінде.

«Ағайынның азары» дегені – араздасуы да, «безері» дегені –

«безбейді, кетпейді» дегені. Ағайын барлық жақсылық пен жамандықты, қуаныш пен қайғыны бірге бөліседі. Қандай қиыншылық болса да бірге көтереді?! Ағайынның арасына түсу – қателік. Бір анадан туған соң, бір бүтін жан болып, бірінен-бірін айыру, араздастыру мүмкін емес.

«Көкірек толы қайғы кісінің өзін де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас боп ағады, я тілден сөз болып ағады», – дейді бесінші қара сөзінде. Бұл жерде қайғы кісінің жүрегін жаралайды, ауыртады. Қайғыны көтеру оңай емес. Бойды шымырлатады: жан дүниеңе әсер етеді, буынды құртып, сезіміңе әсер етеді, көзден жас болып ағады: жылатады, я тілден сөз болып аққаны: өлең шығару, болмаса, естелік жазу, әңгімелеу. Осының бәрі қайғы көрген кісіге оңай емес. Қайғы сезімді де билейді, жүрекке де әмірін жүргізеді.

«Өзімшілдік – адамды бұзатын пиғыл», – дейді отыз сегізінші қарасөзінде данышпан. Иә, өзімшілдік – тек өзінікін дұрыс санайтын, елмен санаспайтын жан. Өзгенің пікіріне құлақ аспайтындар. Өзін мақтайтындар. Өзімшіл адам өзгемен санаспайды. Пиғыл – ниет деген мағына береді.

«Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды», – дейді жиырмасыншы қарасөзінде философ.

Иә, дүние-заман өзгереді, адам да, қоғам да өзгереді. Заманына қарай адамы жас кездегідей адамның ойы ұшқыр, қырағы болады. Әр нәрсеге ынтасы, зейіні ерекше болса, қартайғанда өткен өміріңнен сабақ аласың.

«Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың», – деп жазады ойшыл қырық үшінші қарасөзінде. Әрине, нені үйренгің келсе, қызығып соңына түсесің. Үйренесің, іздесең, табасың. Бірақ бұл іздегенге табылып, жүгірген жете қоярлық шаруа емес. Бар болса қадірлей алмайсың, жоқ болса іздегенің күйік болады.

«Адамшылықтың алды – махаббат, ғадәлет, сезім», – дейді хәкім қырық бесінші қарасөзінде. Адамшылық – адамгершілік деген мағынаны береді. Адамшылық – адам болғаның, азамат болғаның. Неге «адамшылықтың алды – махаббат?» Махаббат – сүю, жақсы көру, шын жан-тәніңмен берілу. Ғадәлет сезім – әділет дегені емес пе? Абайдың айтпақ ойы екіжүзді болмау, шынайы

болмысты жеткізген.

«Естілердің сөзін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады», – дейді он тоғызыншы қара сөзінде Абай.

Неге «Естілердің сөзін ескеріп жүрген кісі» өзі де есті болады? Бұл жерде жүргені – көргені, яғни көпті білгені. Қазақта «көпті көргеннен сұра» деген мақал бар емес пе? Есті – саналы, естияр. Көп жерді араласаң, көзің ашылады, көкірегің ашылады. Өзің білмегенді өзгеден үйренесің. Көпті көрген көреген болады. Міне, қандай ғанибет десеңші?!

«Мал жұтайды, өнер жұтамайды», – дейді отыз үшінші қарасөзінде. Мал – бір жұттық, бір жұт болса, болды емес пе? Ал өнер – мәңгілік. «Өнерлі өрге жүзеді». Өнер ғасырдан ғасырға мұра болып қалады.

«Білім-ғылымды көбейуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза (ойласу, пікір алысу), екінші – берік мұхафаза» (сақтау, қорғау), – дейді ойшыл отыз екінші қарасөзінде. Иә, бізге екеуі де керек. Адам өзі білгенін өзгелерге үйретіп, шәкірт тәрбиелеу керек. Өзінің білгенін өзгелермен бөлісіп пікір алысуда, өзінің емес, өзгенің пікірін тыңдағанда, дұрыс пен бұрысты ажыратады. Екінші – сақтау, қорғау. Білім-ғылымды бөлісу бір бөлек, ал оны сақтау, қорғау – мұра ету, мирас ету керек. Сондықтан да «білімділердің айтқаны – жазып кеткен хатпен тең».

«Адам баласының ең жаманы – талапсыздық», – дейді қырық төртінші қарасөзінде. Талап – үйренуден, талпыну – құлшыныстан. Егер қызықпаса, талпынбаса, үйренуге ден қоймаса – бәрі бекер. Білем-білсем деген талап емес пе? «Ешнәрсе талпынбаса, үйренбесе, қызықпаса – талапсыздық» деп бірауыз сөзбен түйген. Иә, талпынған адам мұратына жетеді.

«Адам баласы жылап туады, кейіп өледі», – дейді төртінші қарасөзінде. Дүниеге келгенде адам жылап туады, ол Алланың құдіреті ғой. Сәбиді «періште» дейміз. Ол дүниенің ақыретін, азабын сезеді. Кею – өкіну. Неге өкінеді? Өмір жолы, әр тармақтан тарау алған соң, адам күнәға батады. Жіберген қателіктеріне өкінеді. Әрине, ол – өкініш.

«Дүниеде ешнәрсе баянды емес, жамандық та өтеді», – дейді отыз жетінші қарасөзінде. Баянды – тұрақты емес мағынада. Басыңа түскен қайғы да өтеді. Бір күн бір күнге ұқсамайды. Әр күннің тағдырға жазуы бар. Жамандыққа қайғыру – бекер. Қайғы да өтеді.

Абайдың қара сөздері 1890 жыл мен 1998 жылдар арасында жазылған. Жалпы саны 45 және оның әрқайсысы өз алдына жеке шығарма. Абайдың қарасөздері – ешкімге ұқсамайтын мораль, өсиет, толғау тәрізді көркем сөздің түрі. «Ғақлия» деп аталатын бұл шығармасында Абай өзінің оқырмандары мен әңгімелесіп, жүздесіп, кеңесіп отырған ойшыл ұстаз ретінде көрінеді. Абай қара сөздеріндегі негізгі ортақ тақырып адам бойындағы адамгершілік, азаматтық, тазалық, ақтық жөніндегі тәрбиелі ойлар айтылады.

Он жетінші қарасөзінде Абай адамның жан-жақты, толық саналы болу үшін адамды адам етіп өсіретін ақыл, ғылым, қайрат, жүрек бәрі бірдей болып, тең табыссын деп талап қояды.

Қазақтың басын қосу Абайдың арманы еді. Қанша жылдар өтсе де бізге әлі Абай хәкім қазақпен күйініп, қазақпен сүйсініп, сырласып отырғандай көрінеді. Абай қарасөздерінде қазіргі заманды, көрген, көреген адамдай жазып кеткен. Әрбір қарасөзі – біз үшін құнды шығарма. Қарасөздерінде: адам, заман, қоғам. Осы үштікті дана Абай терең ұштастыра білген. Адам кінәлі ме, жоқ заман ба, әлде қоғам ба? Абай ерекше сырласып, сыр ақтарып отырады. «Егер адам өзін-өзі түземесе, өзгені түзеуі екіталай» дейді. Көбіне заман дегенмен, заманды адам билемек. Олай болса, қоғам десек, қоғамды адам түземек.

Абай өз заманында әлеуметтік мәселелерге көп көңіл бөліп, терең толғанған. Абай қалың елі қазағына қандай пайда әкелді? Пайдасы сол, оның көздегені елге сая болу, елге қамқор болу, елге қорған болу еді. Абай халықты оятуды көздеді. Жастарды өз кезегінде тәрбие мен нұрлы білімге ұмтылдырды.

Иә, Абай баланы жастан тәрбиелеуге үлкен мән береді. Ақыл мен білім теңдесі жоқ, ғылымға жетелейтін жол екенін жазды. Абай қарасөздеріне әлі де жеке тоқталып зерттеу, зерделеу керек.

Абай әлемі – бір тағылым. Абаймен әлемге танылуымыз керек! Абайдың әрбір қарасөздеріне бір кітап шығару, зерттеу, зерделеу әлі де жалғаспақ. Көңілге түйер ойымен көңілді ашар сезімге бой алдырар бір әлем бар. Ол – Абай әлемі. Абай – адамның жан дүниесінің сарайы. Абай – өз заманында тұлға болып қалыптасқан, бір мектеп болып шәкірт тәрбиелеген ұлы ұстаз. Біздерге өшпес, өлмес мұра қалдырған ұлы ойшыл. Өзіңді танығың келсе, «Абайды оқы, таңырқа»!

Ұ. БАЙЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
шетел филологиясы және аударма ісі
кафедрасының 3-курс докторанты
А. КЕНЖЕҚОЖАЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
«8D02304 – Әдебиеттану» мамандығының
2-курс докторанты

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «АҚЫЛ», «ҚАЙРАТ», «ЖҮРЕК» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ АУДАРМАДАҒЫ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ: ЭКВИВАЛЕНТТІЛІК ТАЛДАУ ЖӘНЕ АУДАРМА СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Қазіргі аударматану ғылымында эквиваленттілік пен аударма стратегиялары мәселесі – мәтіннің мазмұндық, мәдени және когнитивтік деңгейлерін терең түсінудің негізі. Әсіресе ұлттық дүниетаным мен рухани категорияларды қамтитын көркем мәтіндерді аудару барысында аудармашының стратегиясы мен эквиваленттілік деңгейін таңдау шығарманың мазмұны мен поэтикалық қуатын сақтауда шешуші рөл атқарады.

Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы «ақыл», «қайрат», «жүрек» концептілері – қазақ руханиятының антропоцентристік дүниетанымын, моральдық-этикалық және философиялық тұғырларын айқындайтын кілтті ұғымдар. Бұл концептілер ақын поэтикасында адамның ішкі әлемін, парасат пен ерік, мейірім мен үйлесім арасындағы қатынасты бейнелейді. Сондықтан оларды өзге тілдерге аудару кезінде тек тілдік баламаны табу емес, сонымен қатар мәдени және концептуалдық мәнін дәл жеткізу аса маңызды міндет болып саналады.

Осы тұрғыдан алғанда, «ақыл», «қайрат», «жүрек» сөздерінің ағылшын және орыс тілдеріндегі аударма нұсқаларын талдау арқылы аудармашылардың қолданған аударма стратегияларын және эквиваленттілік типтерін анықтау – түпнұсқаның концептуалды мазмұны мен мәдени кодын сақтау деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Аудармадағы эквиваленттілік пен стратегия өзара тығыз байланысты ұғымдар: эквиваленттілік мәтіннің мазмұндық және функционалдық сәйкестігін сипаттаса, стратегия осы сәйкестікке жетудің тәсілдерін көрсетеді.

Зерттеудің өзектілігі – Абай шығармаларындағы рухани-философиялық концептілердің өзге тілдердегі көрінісін анықтау арқылы қазақ ойлау жүйесінің мәдени трансляция механизмдерін ашуға ұмтылуында. Бұл бағытта Ю. Найда, П. Ньюмарк, Л. Венути, В.Н. Комиссаров сияқты зерттеушілердің еңбектері теориялық негіз бола алады.

Мақаланың негізгі мақсаты – Абай шығармаларындағы берілген концептілердің ағылшын және орыс тілдеріндегі аударма нұсқаларын салыстыра талдау арқылы аудармашылар қолданған стратегия түрлерін және эквиваленттілік типтерін айқындау.

Зерттеу жұмысының нәтижелері ұлттық мәдени кодтың шетелдік қабылдау кеңістігіндегі репрезентациясын түсінуге және аудармадағы мәдени медиаторлық ұстанымдарды нақтылауға үлес қосады.

Аударма теориясында эквиваленттілік пен аударма стратегиясы ұғымдары мәтіннің түпнұсқа мен аударма арасындағы семантикалық, прагматикалық және мәдени сәйкестікті түсіндірудің басты категориялары болып саналады. Эквиваленттіліктің ғылыми негізін алғаш жүйелі түрде қалыптастырған зерттеушілердің бірі – Ю. Найда. Ол аудармадағы формалды және динамикалық (функционалды) эквиваленттілік ұғымдарын ұсынды. Формалды эквиваленттілік түпнұсқаның құрылымдық және лексикалық ерекшеліктерін барынша сақтау болса, динамикалық эквиваленттілік түпнұсқаның мақсат тілдегі әсерін қайталауға бағытталады. Найданың пікірінше, аударманың сапасы түпнұсқаның мағынасын дәл жеткізуден гөрі, оның реципиентке тигізетін әсерімен өлшенеді [1].

Осы тұжырымды дамытқан П. Ньюмарк өз еңбектерінде семантикалық және коммуникативтік аударма ұғымдарын енгізіп, эквиваленттілікті мағыналық дәлдік пен қабылдаушыға бағытталған түсініктілік арасындағы тепе-теңдік ретінде қарастырды. Ньюмарк үшін аудармашының міндеті – түпнұсқаның мағынасын сақтай отырып, оны мақсат мәдениетіне бейімдеу [2]. Бұл тәсіл Абай шығармаларындағы күрделі концептілердің философиялық мазмұнын мәдени контекстен ажыратпай жеткізуге мүмкіндік береді.

Ал Л. Венути аударма процесін мәдени және идеологиялық тұрғыда қарастырып, аудармашының мәдени медиатор ретіндегі

рөлін айқындады. Оның доместикация (үйреншіктендіру) және форенизация (жаттандыру) стратегиялары аудармадағы мәдени балансты сипаттайды. Доместикация стратегиясы мәтінді мақсат тіл мәдениетіне жақындатса, форенизация түпнұсқаның ұлттық ерекшеліктерін әдейі сақтап, оқырманды бөгде мәдениетпен таныстырады [3]. Бұл тұрғыдан қарағанда, Абай шығармаларындағы «ақыл», «қайрат», «жүрек» концептілерін аудару кезінде форенизация тәсілі түпнұсқаның философиялық-рухани табиғатын тереңірек жеткізуге мүмкіндік береді.

Орыс тіл білімінде эквиваленттілік теориясын кеңінен дамытқан ғалым – В.Н. Комиссаров. Ол аударманың эквиваленттілігін бес деңгей бойынша жүйеледі: сөздік, синтаксистік, мағыналық, коммуникативтік және прагматикалық деңгейлер. Комиссаровтың бұл үлгісі аудармадағы сәйкестіктің көпқабатты табиғатын көрсетуге мүмкіндік береді және көркем мәтіндердегі эквиваленттілік динамикасын талдауда тиімді модель болып саналады [4].

Сонымен қатар С. Баснетт сипаттаған мәдени эквиваленттілік тұжырымдары қазіргі мәдениетаралық аударма теориясында маңызды орын алады. Бұл еңбектердің ортақ тұсы – аударманы тек тілдік акт емес, мәдени коммуникация формасы ретінде қарастыруында [5].

Жоғарыда аталған теориялар Абай шығармаларының аудармасын талдауда әдіснамалық негіз бола алады. Себебі ақын поэзиясындағы «ақыл», «қайрат», «жүрек» ұғымдары – ұлттық философияның, адамгершілік ілімнің және рухани үйлесімнің көрінісі.

Бұл зерттеудің әдіснамалық негізін қазіргі аударматануда кеңінен қолданылатын эквиваленттілік типтері мен аударма стратегиялары туралы теориялық ұстанымдар құрайды. Эквиваленттілік типтері аудармадағы түпнұсқа мен мақсат тіл мәтінінің арасындағы сәйкестіктің сипаты мен деңгейін көрсетеді. Бұл зерттеуде негізінен үш тип негізге алынды:

Функционалды (динамикалық) эквиваленттілік – бұл тип түпнұсқаның әсерін мақсат тілдің оқырманына дәл солай сезіндіруді көздейді. Мысалы: ақыл – *wisdom* (мағыналық және этикалық мазмұнды сақтайды).

Мағыналық (семантикалық) эквиваленттілік – мұнда басты назар түпнұсқаның мағынасына аударылады. Аудармашы түпнұсқаның құрылымын толық сақтамаса да, оның философиялық мазмұнын дәл жеткізуге ұмтылады. Мысалы: қайрат – *willpower / determination.*

Мәдени (cultural) эквиваленттілік – бұл тип мәдениетаралық контексте түпнұсқаның мәдени кодын, символдық және концептуалдық ерекшеліктерін сақтауға бағытталған. Мысалы: жүрек – *heart* (эмоционалдық, рухани және этикалық орталық ретіндегі мәнін сақтайды). Осы типтердің арақатынасын талдау арқылы зерттеу түпнұсқаның рухани-этикалық мазмұны аудармада қандай деңгейде сақталғанын анықтайды.

Зерттеудің мақсаттарына жету үшін келесі әдістер мен тәсілдер қолданылды:

Салыстырмалы әдіс – түпнұсқа мәтін мен оның орыс және ағылшын аудармалары салыстырылып, семантикалық және мәдени сәйкестік деңгейі анықталды.

Контекстуалды талдау – «ақыл», «қайрат», «жүрек» сөздерінің мағынасы контекст шегінде, яғни өлең және қара сөздегі философиялық мағынасына қарай талданды.

Семантикалық талдау – концептілердің түпкі мағыналық құрылымдары мен олардың аудармадағы мәндік өзгерістері қарастырылды.

Когнитивтік тәсіл – концепттердің ақыл-ой, ерік-жігер және жүрек категорияларындағы символдық мәнін тануға бағытталды.

Мәдени интерпретациялық әдіс – әрбір концепттің мәдени мәнін түсіндіру үшін этнолингвистикалық және философиялық контекст қолданылды.

Материал ретінде Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздеріндегі «ақыл», «қайрат», «жүрек» концептілерін қамтитын үзінділер алынды. Олардың ағылшын және орыс тілдеріндегі аудармалары (Е. Жұмағұл, С. Санбаев, Р. Маккейн, С. Гейган, Р. Құдабаева, О. Жанайдаров, А. Төлеубаева) салыстырмалы талдауға енгізілді. Әрбір мысал эквиваленттілік типтері мен стратегиялар тұрғысынан зерттеліп, аудармашының мәдени ұстанымы мен интерпретациялық бағыты анықталды.

Абайдың 14-қара сөзінде берілген автор ойы философиялық тұрғыдан адамның ақыл, жүрек және қайрат арасындағы

үйлесіміне негізделген моральдық категорияларды көрсетеді. Бұл сөйлемде ақыл – таным мен пайымның өлшемі, жүрек – моральдық сана мен рухани түйсіктің орталығы, ал қайрат – ерік пен іс-әрекеттің қозғаушы күші ретінде бейнеленген. Түпнұсқадағы негізгі философиялық ой – адамның адасуы ақылдың жоқтығынан емес, жүрек пен қайраттың әлсіздігінен туындайды. Осы идеяның аудармадағы репрезентациясы әр тілдік нұсқада әртүрлі эквиваленттілік пен аударма стратегияларын қолдану арқылы жүзеге асқан.

14-қара сөз: Қазақ та адам баласы ғой, көбі *ақылсыздығынан* азбайды, *ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың* жоқтығынан азады [6, 89].	Казах ведь тоже дитя человеческое. Многие из них сходят с пути истины не от *недостатка разума*, а от того, что *не имеют в сердце мужества и стойкости*, чтобы принять *советы умного* и следовать им [6, 252].
	Indeed, the Kazakh is also a child of mankind. Many of the Kazakhs stray from the path of truth not through any *deficiency of reason* but because they *lack the courage and staunchness in their heart* to accept and follow wise counsels [6, 418].
	Казах тоже человеческое дитя, и ему, как и другим людям, свойственно ошибаться. Но заблуждается он не потому, что *глуп*, а потому, что ему *не хватает твердости внять голосу рассудка. Сердце виновато* [7, 132].
	Kazakhs are human, all-too-human. Many take the wrong path not from *lack of sound reasoning skills*, but because they c*annot muster the strength of will follow the counsel of the wise* [8, 415-416].
	Казах ведь тоже – дитя человеческое; многие сбиваются с пути не из неразумности, но из отсутствия *в сердце решимости, старания и привязанности, чтобы внять речам разума* [9, 171].
	For we Kazakhs are also only too human and there are many who fall by the way. Yet it's not for *a lack of reasoning but the strength in their hearts to heed reason* [9, 284].

Орыс тіліндегі нұсқалардағы эквиваленттілік

(а) «...не имеют в сердце мужества и стойкости…» – бұл нұсқада аудармашы «жігер, қайрат, байлаулылық» үштігін «мужество и стойкость» деп қысқартып, семантикалық тұрғыдан

шектейді. Мұнда қайрат пен жігер ұғымдары біріктіріліп, байлаулылық (steadfastness, commitment) ұғымы толық жеткізілмеген. Бұл – семантикалық эквиваленттіліктің ішінара сақталған түрі. Аудармашы мәтінді мақсат тілдің рухына икемдеп, доместикация стратегиясын таңдаған.

(ә) «...ему не хватает твердости внять голосу рассудка. Сердце виновато.» – мұнда ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе... жоқтық идеясы Сердце виновато арқылы прагматикалық және мәдени бейімделген түрде беріледі. Бұл нұсқа функционалды эквиваленттілікке жақын: түпкі философиялық мағына сақталғанымен, эмоционалдық және мәдени экспрессия жеңілдетілген.

(б) «...из отсутствия в сердце решимости, старания и привязанности...» – бұл нұсқа түпнұсқаның үш элементін (жігер, қайрат, байлаулылық) сақтауға тырысады. Мұнда лексикалық параллелизм пен семантикалық эквиваленттілік жоғары деңгейде сақталған. Сонымен қатар, аудармашы foreignization элементін пайдаланып, Абайдың этикалық жүйесіне тән көпқұрамды моральдық құрылымды жеткізген.

Ағылшын тіліндегі нұсқалардағы эквиваленттілік

(а) «...because they lack the courage and staunchness in their heart to accept and follow wise counsels.»

Мұнда жігер, қайрат, байлаулылық концептілері courage және staunchness ұғымдары арқылы беріледі. Бұл функционалды эквиваленттіліктің үлгісі. Аудармашы мағынаны философиялық тереңдігімен емес, моральдық және психологиялық аспект арқылы жеткізген. Heart сөзі түпнұсқадағы жүрек концептісінің мәдени және этикалық символикасын сақтап тұр.

(ә) «...because they cannot muster the strength of will to follow the counsel of the wise.»

Бұл нұсқада қайрат сөзі strength of will тіркесі арқылы берілген, ал жүрек компоненті түсірілген. Бұл семантикалық эквиваленттілік тұрғысынан толық емес, бірақ функционалды дәлдік сақталған. Аудармашы domestication strategy арқылы мәтінді мақсат тілдің философиялық дәстүріне бейімдеген.

(б) «...but the strength in their hearts to heed reason.»

Бұл нұсқа түпнұсқадағы ақыл-жүрек байланысын сақтап, heed reason арқылы ақылдың сөзін ұғу идеясын дәл жеткізген. Мұнда

динамикалық эквиваленттілік пен форейнизация қатар қолданылған.

Абайдың 14-қара сөзіндегі ойдың терең философиялық және рухани мазмұны аудармаларда түрлі дәрежеде жеткізілген. «Ақыл» ұғымы барлық нұсқада reason/разум деп беріліп, рационалды мазмұны толық сақталған. «Қайрат» – will, courage, strength of will, мужество сияқты эквиваленттер арқылы жеткізілгенімен, кейбір нұсқаларда ерік пен моральдық жауапкершілік арасындағы байланыс әлсірейді. «Жүрек» – ең күрделі концепт, көбінесе heart деп тура аударылғанымен, Абайдағы рухани өзек, ар, иман орталығы мағынасы жеткіліксіз. Сондықтан, бұл талдау мәдени және философиялық эквиваленттіліктің маңыздылығын дәлелдейді.

Абайдың *«Алла деген – сөз жеңіл»* атты өлеңі – ақынның діни-философиялық дүниетанымының поэтикалық көрінісі. Бұл шығармада Абай «жүрек», «ақыл», «махаббат», «тәңірі» ұғымдарын бір тұтастықта қарастырып, адамның рухани жетілу жолын сипаттайды. Өлеңнің негізгі идеясы – махаббат арқылы Тәңірге ұмтылу, яғни рухани кемелденудің басты шарты – ақыл мен жүректің үйлесімі.

Түпнұсқа	**Орыс тіліндегі аударма**	**Ағылшын тіліндегі аударма**
«Алла деген сөз жеңіл» Дененің барша қуаты Өнерге салар бар күшін. *Жүректің ақыл* суаты Махаббат қылса тәңірі үшін [10, 131].	Имя Аллаха – легкое слово Всю силу свою, что в теле есть, Вложи в искусство, в свою музыку, песнь, Оружие *сердца* твоего – есть у тебя: Любовь к Создателю и честь [11, 209]. *Перевод О. Жанайдарова*	The Way to Allah Then, if the deepest love of your *heart* Is given to Allah, All your desires will be devoted To seeking His essence [8, 280]. *Bridge translation by Aknur Toleubayeva*

Орыс тіліндегі нұсқада аудармашы діни-философиялық мазмұнды мәдени және поэтикалық бейімдеу арқылы жеткізген. «Жүректің ақыл суаты» тіркесі «оружие сердца твоего» деп аударылған. Бұл метафоралық бейне түпнұсқаның философиялық мәнін өзгертеді: «суат» – таным мен тазалық символы болса,

«оружие» – күрес пен күш ұғымын береді. Демек, функционалды эквиваленттілік ішінара сақталғанымен, мәдени және концептуалды эквиваленттілік бұзылған. Аудармашы рухани философияны эстетикалық және моральдық планда бейімдеу арқылы берген, нәтижесінде поэтикалық реңк сақталғанымен, Абайдың концептілік жүйесі әлсіреген.

Ағылшын нұсқасы түпнұсқадан еркін интерпретацияланған. Негізгі назар «махаббат» концептісіне аударылған. «The deepest love of your heart is given to Allah» жолы түпнұсқадағы «Махаббат қылса тәңірі үшін» мағынасын дәл жеткізеді. Мұнда семантикалық және мәдени эквиваленттік жоғары деңгейде сақталған, өйткені «махаббат» ұғымы тек эмоция емес, Құдайға деген рухани сүйіспеншілікті білдіреді. Құдайға деген махаббат идеясы айқын берілгенімен, Абайдың «жүрек-ақыл-махаббат» үштігінің тұтастығы толық қамтылмаған.

Абайдың пайымдауынша, *«Жүректе қайрат болмаса»* – адамда рухани жігер мен моральдық қозғаушы күш те болмайды, ал «ақылға сәуле қонбаса» – сана әрекетсіз күйге түсіп, адам тек тіршілік етумен ғана шектеледі.

Түпнұсқа	**Орыс тіліндегі аударма**	**Ағылшын тіліндегі аударма**
Жүректе қайрат болмаса Ұйықтаған ойды кім түртпек? *Ақылға сәуле қонбаса,* Хайуанша жүріп күнелтпек [10, 138].	Если *в сердце нет большой отваги,* Кто разбудит дремлющую в твоем теле мысль? *Ум без просветленья – память без бумаги*, Ведом одним инстинктом проживешь всю жизнь [11, 217]. *Перевод О. Жанайдарова*	If There Is *No Vigour in the Heart* Suppose *the heart lacks energy,* Who will awaken our dormant thoughts? If the *mind remains in darkness* We merely exist, as animals do [8, 295]. *Bridge translation by Rose Kudabayeva*

Бұл жолдарда «жүрек», «қайрат», және «ақыл» ұғымдары адам тұлғасының рухани-этикалық үйлесімін білдіреді. Орыс тіліндегі аудармада түпнұсқаның логикалық құрылымы мен мазмұны барынша сақталған. Аудармашы Абайдың философиялық

мағынасын жеткізуде семантикалық және функционалды эквиваленттілікке сүйенген. «Жүректе қайрат болмаса» – «Если в сердце нет большой отваги» деп берілген. Мұндағы отвага (батылдық, ержүректік) сөзі қайрат ұғымының тек мінездік аспектісін қамтиды, ал Абайдағы «қайрат» – адам еркі мен рухани жігердің тұтас философиялық категориясы. Бұл жағдайда функционалды эквиваленттік сақталғанымен, мәдени және философиялық тереңдік әлсіреген. «Ақылға сәуле қонбаса» – «Ум без просветленья – память без бумаги». Бұл жол түпнұсқадан айтарлықтай алыстаған, өйткені Абайдағы «сәуле» – рухани нұр, яғни құдайлық танымның символы, ал аудармада ол просветление ұғымы арқылы беріліп, рационалдық сипатқа ие болған. Жалпы, орыс аудармасы доместикация стратегиясына тән, яғни мәтін орыс оқырманының логикалық және тілдік жүйесіне бейімделген.

Ағылшын тіліндегі аудармада түпнұсқаның логикалық құрылымы мен эмоционалдық екпіні жоғары деңгейде сақталған. Мұнда функционалдық және семантикалық эквиваленттілік үйлесімді түрде көрініс тапқан. «Жүректе қайрат болмаса» – «Suppose the heart lacks energy», energy сөзі – «қайрат» ұғымының физикалық және психологиялық сипатын береді, бірақ рухани мән толық ашылмайды. Абайдағы қайрат – адам еркінің моральдық қозғаушысы, бұл жерде тек өмірлік қуат (vital energy) ретінде қабылданған. «If the mind remains in darkness» – «Ақылға сәуле қонбаса» жолының ықшам әрі көркем баламасы. Мұнда сәуле метафорасы darkness/light оппозициясы арқылы беріледі, бұл мәдени эквиваленттілікті қамтамасыз етеді. Жалпы, ағылшын нұсқасы форенизация стратегиясына жақын: түпнұсқаның философиялық және поэтикалық тереңдігін сақтауға тырысқан, әрі мәдени коннотациялар жойылмаған. Берілген мысалға жасалған салыстырмалы талдау көрсеткендей, екі аударма нұсқасы да түпнұсқаның логикалық құрылымын сақтағанымен, философиялық және мәдени эквиваленттіліктің деңгейі әртүрлі. Орыс аудармасы – рационалды және логикалық тұрғыдан дәл, бірақ Абайдың рухани-дидактикалық мазмұнын қарапайымдандырған. Бұл – доместикация тәсіліне тән. Ағылшын аудармасы – түпнұсқаның метафоралық бейнесін және діни-философиялық

контекстін сақтауға тырысқан, яғни форенизация стратегиясына жақын.

Жүргізілген зерттеу аудармадағы эквиваленттілік ұғымының күрделілігін және оның көпқабатты сипатын айқын көрсетті. Эквиваленттілік тек лингвистикалық деңгеймен шектелмей, мәдени, концептуалдық және прагматикалық өлшемдермен тығыз байланыста қарастырылуы тиіс. Түпнұсқаның мағынасы мен рухани-мәдени мазмұны аударма процесінде толық сақталуы үшін аудармашы тек тіл маманы емес, сонымен қатар мәдени медиатор, яғни екі мәдениет арасындағы дәнекер рөлін атқарады. Л. Венути ұсынған доместикация мен форенизация стратегияларының салыстырмалы талдауы аудармашының идеологиялық және мәдени ұстанымын айқындауға мүмкіндік береді.

Функционалдық және семантикалық эквиваленттілік қағидаттары аудармада тілдік дәлдік пен прагматикалық әсердің бірлігін қамтамасыз етеді. Найда мен Ньюмарк тұжырымдамаларына сүйене отырып, аудармашының басты міндеті – түпнұсқаның қабылдаушыға тигізетін әсерін сақтау, яғни түпнұсқаның мағынасы мен эмоциялық әсерін мақсат мәдениетінде эквивалентті деңгейде жаңғырту. Бұл тәсіл Абай Құнанбайұлының шығармаларын, әсіресе ақыл, қайрат және жүрек секілді терең философиялық ұғымдарды өзге тілдерге аударуда ерекше маңызды. Себебі бұл концептілер қазақ дүниетанымының рухани және адамгершілік өзегін бейнелейді. Сондықтан аударма теориясы мен практикасын ұштастыра отырып, эквиваленттілік пен стратегия ұғымдарын мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан зерделеу – қазіргі аударматанудың өзекті бағыттарының бірі. Мұндай тәсіл тек тілдік сәйкестікке емес, сонымен қатар Абайдың рухани мұрасын әлемдік мәдениет кеңістігінде лайықты таныстыруға, яғни мәдени өзара түсіністік пен рухани көпір орнатуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Nida E. A towards a science of translating. E. J. Bril, 1964.
2. Newmark P. A Textbook of Translation. – London: Prentice Hall, 1988.
3. Venuti L. The Translator's Invisibility: A History of Translation. – London & New York: Routledge, 1995.
4. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты). – М.: Высш. шк., 1990. – 253 с.

5. Bassnett S. Constructing Cultures: Essays on Literary Translation. With André Leevere, Multilingual Matters, 1998.

6. Қарасөз, Книга слов, Book of words / Абай. Р. Сейсенбаев [орыс тіл.ауд.: Ю. Кузнецов, К. Серикбаева; сурет.: С. Айтбаев [ж.б.]]... – Жидебай: Халықаралық Абай клубы, 2015. – 503 б.

7. https://kazneb.kz/kk/catalogue/view/1531914

8. Қара сөздер = Слова назидания = Edifying words [Мәтін]; [алғы сөзін жазғ. Д. Ахметов; орыс тіл. ауд. С. Санбаев; ағыл. тіл. ауд.: Д. Бернсайд, Ә. Исембердиева; Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі]... – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 340, [3] б. https://kazneb.kz/kk/catalogue/view/1620114

9. Kunanbayev A. Poems. Long Poems. Edifying Words. Public Foundation National Bureau of Translation. – Almaty: Kazakhstan, 2020.

10. Кунанбаев А. Слова назидания. Философские мысли // Пер. Ербола Жумагул. Первое издание. – Алматы: Amazon Digital Services LLC – KDP Print US, 2021. – 384 с.

11. Құнанбаев А. (Ибраһим). Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Бірінші том. Өлеңдер. Поэмалар. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 242 б.

12. Кунанбаев А. Избранные стихи и поэмы. Переводы с казахского Орынбая Жанайдарова. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 274 с.

А. АЛМАЗҚЫЗЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының
кіші ғылыми қызметкері

АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ

Адамзаттың Абайы: монография / Жауапты редакторы Л.Ж. Мұсалы; құрастырған және баспаға дайындағандар: Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжеқожаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 320 б.

Абай институтының еңбектері сериялық басылымының 24-кітабы ретінде жарық көрген «Адамзаттың Абайы» атты монографиялық еңбек – ұлы қазақ ақыны және ойшылы Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына арналған, ақынның тұлғалық және шығармашылық мұрасын жан-жақты талдау мақсатында дайындалған ғылыми еңбек.

Монография – бірнеше автордың ғылыми еңбектерінен тұрады. Зерттеу материалдары тақырыптық бағыттар бойынша жүйеленген және бірізділік сақталған. Зерттеуде Абайдың адамзаттық философиясы, қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орны, қоғамдық-саяси көзқарастары, поэзияның мән-мағынасы және рухани мұраның қазіргі заманға әсері жан-жақты қамтылған.

Еңбекке енген зерттеулер көпқырлы әдіснамаға негізделген. Мұнда тарихи-танымдық және мәдени аспектілер қамтылып, кең ауқымды зерттеу әдістері қолданылған. Авторлар Абайдың мұрасын тек дәстүрлі тұрғыда емес, сонымен қатар қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени мәселелермен байланыстыра отырып қарастырған.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың «Адамзаттың Абайы» атты монографиялық тарауы – Абай Құнанбаевтың шығармашылығын және оның рухани-адамгершілік мұрасын терең зерттеуге арналған маңызды еңбек. Еңбек қазақ руханиятының ажырамас бөлігі саналатын Абай ілімін кеңінен насихаттайды.

Монографиялық тарау үш бөлімнен тұрады. «Абайды таныту – борышымыз» атты бірінші бөлімде автор Абайдың уайымсыздық, жамандық пен арамдықтан алыстап, жақсылық пен адалдыққа жақындау, еңбекті сүю туралы өмірлік

қағидаларын, нақты өмірлік кредосын көрсетеді. Екінші бөлім «Абайтану антологиясы – абайтану тарихындағы зор жетістік» деп аталады. Автордың айтуынша, ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының бастамасымен алғаш рет «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық басылымы дайындалып, 50 томға дейін жеткен. Жансейіт Түймебаевтың бас редакторлығымен шыққан «Абайтану антологиясы» 10 томдық басылымы еліміздің «Қазақстан – 2050» стратегиясына сәйкес әзірленген және оның алғашқы томы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абай туралы мақаласымен ашылғаны айрықша аталған.

«Абай ілімі» атты үшінші бөлімде «Абай ілімі» оқу пәнін міндетті пән ретінде оқыту ісінің маңыздылығы жан-жақты баяндалады. Бұл бөлім оқырманға Абай мұрасын қазіргі білім жүйесінде оқыту және насихаттау өзекті мәселе екендігін ұғындырады.

Абайтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаевтың «Абай және ислам мәдениеті» атты тарауында Абай ілімі, Абайдың ақындық дүниетанымы, Абайдың көркемдік әлемі, ислам мәдениетінің рухани құндылықтары қарастырылады. Ақын өлеңіндегі «Мен» ұғымының ақиқат мәнісін жақсы түсіндіреді. «Мені» мен «менікін» ажырата алмайтын жандарға ақын анық жол көрсететінін айтады.

Сыншы, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақұлының «Данышпан ақын» атты тарауы «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек» деген А. Байтұрсынұлы сөзімен басталған. Автор Абай өлеңдеріндегі сол кездегі қоғам өміріндегі әлеуметтік келеңсіздіктерді барынша сынға алғанын көрсетеді.

Абай лирикасындағы көп кездесетін «жүрек» сөзінің әртүрлі қолданылуын талдайды. «Ақынның жүрегі – философиялық категория», – дейді ғалым. Абайдың ұлылығын өз еңбегінде дәлелдеп, маңызды тұжырым жасайды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлы «Абай және қазақ әдебиетіндегі дастандық дәстүр» деп аталатын тарауында Абайдың «Ескендір» поэмасын талдай келе, сан сырлы талант иесі, саңлақ өнерпаз Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» мен «Алтай аясында» атты поэмаларында қазақ

тарихындағы айрықша орны бар ірі тарихи оқиғаларды арқау ететіндігін айтып, ақынның дүниетаным тереңдігі, тарихи көзқарасы, поэтикалық, көркемдік әдіс-тәсілдерінің шеберлігін көрсетеді.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығындағы дастандық үлгіге жақын, хикаялық сюжеттерді арқау еткен «Жасыл құс», «Хабибулла мен Аллаяр», «Мұхаммед туралы» т.б. өлеңдерін және де дін тақырыбындағы туындыларынан «Сүлеймен хикаясы», «Самұрық хикаясы» атты дастандарын автор Абай өлеңімен салыстыра зерттейді.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мұсалы Ләйланың «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысы» еңбегінде автор көркем мәтінді, өлең мәтінін талдауда көп қолданылатын тиімді әдіс – лингвопоэтикалық талдауға ерекше назар аударады. Автор еңбегінде лингвопоэтикалық, лингвостилистикалық әдістің көмегімен Абай шығармашылығының эстетикалық құндылығын анықтауға, бақылауға ден қояды. Абайдың поэтикалық шығармашылығының терең сипатын ашу үшін зерттеуші лингвопоэтикалық тұрғыдан зерделейді.

Зерттеуші, аға-оқытушы Бибігүл Даутованың «Абай поэзиясындағы уақыт пен кеңістік ұғымының маңыздылығы» еңбегінде Абайдың өмір сүрген шағындағы уақыт пен кеңістіктің көрінісі талданады. Автор тек биографиялық, географиялық, топонимикалық тұрғыда емес, авторлық кеңістік пен сюжеттік уақыт негізінде Абай шығармашылығындағы уақыт пен кеңістіктің сипаты көрініс табады дей келе, реалды уақытты, ақын өлеңіндегі хронотопты, пейзаждық шегіністі, кеңістікті, уақыт пен орынды, адамның өсуі, есеюі, қартаюы бәрі уақытқа тәуелді екенін айтады.

Зерттеуші, аға оқытушы Гүлжан Ыбырайқызының «Жүсіп Баласағұн мен Абай Құнанбайұлы дүниетанымындағы сабақтастық» еңбегінде Абай мен Жүсіп Баласағұнның шығармашылығының тоғысар арнасын қарастырады. Екі ақынды мысалға ала отыра, екеуінің сабақтастығын, ұқсастығын, айырмашылығын зерттейді.

Монографияның басты ғылыми жаңалығы – Абайды адамзаттық деңгейде зерделеу мен оның идеяларының жаһандық

маңыздылығын көрсетуінде. Жинақта тың зерттеулер мен архивтік деректерге негізделген тұжырымдар бар.

«Адамзаттың Абайы» монографиясы – қазақ руханияты мен әдебиеттану саласындағы теңдесі жоқ баға жетпес маңызды еңбек. Ғылыми стиль мен көркемдік тілдің үйлесімі арқылы зерттеушілер ұлы Абайдың тұлғасын терең әрі жан-жақты ашып көрсеткен. Монографиядағы тіл айқын, кәсіби терминдер дәл, орынды қолданылған. Әдебиеттер тізімі жан-жақты қамтылып, заманауи, классикалық зерттеулерге негізделуі оның ғылыми деңгейін айқындай түседі. Бұл еңбек – филология, тарих, мәдениеттану және философия салаларының зерттеушілері үшін таптырмас құнды зерттеу. Монография жоғары оқу орындары студенттері мен магистранттарға, зерттеушілерге, жас ғалым-дарға, жалпы оқырман қауымға арналған.

«Адамзаттың Абайы» – қазақтың ұлы ақыны, ойшылы, данышпаны, әлемдік деңгейдегі кемеңгері, ұлы тұлға Абай Құнанбайұлының мұрасын жаңа белеске көтеріп, рухани құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында дайындалған. Бұл монография – ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын терең зерттеу арқылы қазақ әдебиеті мен философиясының негізін жаңаша тұрғыда зерттеу ісіне зор үлес болып қосылған еңбек. Бұл – білім көкжиегін кеңейтуді мақсат еткен әрбір зерттеуші мен оқырман үшін таптырмас дереккөз. Монографияның маңызы мен құндылығын ұғындырып, оны ғылыми ортаға ұсынып, кеңінен таныту – бүгінгі күннің нақты негізгі міндеті болу керек деп ойлаймыз!

A.T. NURMUKHANBET,
Master's student «7M02312 – Foreign Philology (Western Languages)»
Al-Farabi Kazakh National University

NATIONAL AND CULTURAL FEATURES OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN THE WORKS OF ABAI QUNANBAIULY

Abai Qunanbaiuly (1845-1904) is widely regarded as the founder of modern Kazakh written literature and a central figure in the development of Kazakh national consciousness. As a poet, philosopher, and reformer, Abai not only introduced new ideas into Kazakh intellectual life but also refined the expressive potential of the Kazakh language. His works embody the ethical, aesthetic, and spiritual values of the Kazakh people, integrating folk wisdom, traditional imagery, and universal moral principles.

Among the most remarkable features of Abai's linguistic style is his use of phraseological units – fixed expressions, idioms, and proverbs that reflect the cultural worldview and collective experience of the nation. Through phraseological richness, Abai bridges oral folk traditions and literary expression, transforming everyday speech into a vehicle of philosophical reflection.

This article aims to analyze the national and cultural features of phraseological units in the works of Abai Qunanbaiuly, revealing how his language reflects Kazakh ethnolinguistic identity and moral worldview.

The study of Abai's linguistic and philosophical heritage has long attracted the attention of Kazakh and international scholars. Researchers such as M. Auezov, Q. Zhubanov, and R. Syzdyk have emphasized Abai's role in shaping the modern Kazakh literary language. M. Auezov (1954) described Abai as a «great reformer of Kazakh thought,» whose artistic mastery transformed folk oral language into a refined literary medium.

In phraseological studies, idioms and proverbs are often viewed as reflections of national culture. Scholars argue that phraseological units preserve traditional values, worldview, and the historical experience of a nation. Within the Kazakh context, A. Iskakova and

Zh. Aidarbekova have examined the ethnolinguistic nature of Kazakh phraseology, noting that idiomatic expressions frequently encode cultural meanings related to nomadic life, kinship, morality, and respect for nature.

However, relatively few studies have focused specifically on Abai's phraseological system, despite its central role in his creative expression. This paper seeks to fill that gap by examining how Abai employs phraseological units to express ethical concepts, social commentary, and cultural identity.

The study employs a descriptive and analytical linguistic approach. Primary sources include Abai's «Qara Sozder» (*Words of Edification*) [6] and selected poetic works, analyzed for phraseological expressions that exhibit cultural and national specificity.

The collected phraseological units were examined based on:

Semantic analysis – identifying figurative meaning and underlying concepts;

Cultural interpretation – determining the ethnocultural significance of idioms and proverbs;

Comparative approach – highlighting similarities and differences between Abai's use of phraseology and traditional Kazakh oral expressions.

1. Phraseology as a Reflection of Kazakh Worldview

Abai's use of phraseological units reflects a deep connection with Kazakh folk speech. He draws from proverbs, idioms, and metaphorical expressions rooted in the nomadic way of life. For example, expressions involving nature – wind, steppe, horse, and sky – symbolize freedom, endurance, and harmony with the environment.

A common phrase such as *«Жігіттің жақсысы нағашыдан»* («A man's virtue comes from his maternal relatives») appears in modified form in Abai's works, where it gains moral and social depth. Abai often recontextualizes traditional sayings, enriching them with philosophical reflection and literary elegance.

Phraseological expressions in Abai's prose often serve as tools of moral instruction. In *«Words of Edification,»* Abai uses idiomatic language to critique ignorance, laziness, and hypocrisy. Phrases like *«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»* («If you work without idleness, your stomach will not beg») encapsulate ethical principles rooted in both national tradition and universal human

values.

Through such expressions, Abai constructs a moral lexicon that unites traditional Kazakh ethics with modern ideas of progress, education, and self-cultivation.

Many phraseological units in Abai's poetry carry symbolic meanings related to Kazakh cultural identity. Animal imagery (horse, eagle, camel) is particularly significant. The horse, a central symbol in nomadic culture, often represents strength, dignity, and freedom. Similarly, the eagle – a recurrent image in Kazakh folklore – embodies wisdom and spiritual elevation.

Abai's creative reworking of these idioms preserves their national color while transforming them into carriers of individual thought. Thus, phraseology in his works functions not only as an aesthetic device but also as a means of preserving cultural memory and identity.

Abai's language demonstrates continuity between oral folk heritage and literary modernization. He retains the rhythmic, aphoristic nature of oral expression but adapts it for a written, reflective form. His phraseological choices bridge the gap between collective wisdom and individual philosophy, ensuring that traditional expressions remain relevant in the context of modernization and education.

The phraseological richness of Abai Qunanbaiuly's works serves as a linguistic embodiment of the Kazakh national spirit. Through idioms, proverbs, and figurative expressions, Abai conveys the moral, philosophical, and aesthetic worldview of his people while contributing to the formation of a modern literary language.

His use of phraseological units demonstrates a harmonious synthesis of folk tradition and intellectual innovation, revealing the depth of Kazakh cultural semantics. The study of these expressions not only enhances our understanding of Abai's artistic style but also provides insight into the broader ethnolinguistic and moral universe of Kazakh culture.

In conclusion, Abai's phraseology stands as a testament to the enduring power of language to express a nation's identity, moral consciousness, and collective wisdom.

A.N. YESSENBEKOVA,
Master's student «7M02312 – Foreign Philology (Western Languages)»
Al-Farabi Kazakh National University

MORAL AND LINGUISTIC DIMENSIONS OF EUPHEMISMS IN THE LIGHT OF ABAI KUNANBAYEV'S HUMANISTIC PHILOSOPHY

Language is not only a medium of communication but also a mirror of moral consciousness. Through words, individuals and societies express values, shape perceptions, and justify actions. One of the most revealing linguistic phenomena in this respect is the euphemism-a substitution of a mild or indirect expression for one considered harsh or unpleasant. Euphemisms play a significant role in everyday speech, politics, and media, especially in discussions of violence, death, or social conflict.

Abai Kunanbayev (1845-1904), the great Kazakh thinker, poet, and philosopher, emphasized the ethical dimension of speech. In his *«Қара сөздер» (Words of Edification)*, Abai wrote about the power of words to reflect one's moral state, warning against lies, hypocrisy, and empty talk. His philosophy of truthfulness and humanism offers valuable insight for analyzing the moral aspects of modern linguistic practices, including the use of euphemisms in communication.

This paper examines how euphemisms, particularly in war discourse, can be understood in the light of Abai's humanistic ideals. It aims to show that Abai's call for sincerity, justice, and spiritual purity in language provides a timeless ethical lens for evaluating linguistic manipulation and moral responsibility.

1. The Nature and Functions of Euphemism

A euphemism is traditionally defined as a word or expression used to soften or obscure the emotional impact of an unpleasant or socially sensitive concept. Linguists such as Allan and Burridge (1991) describe euphemism as a «linguistic shield» that protects both the speaker and listener from discomfort or moral unease.

For example, in war contexts, expressions like *«collateral damage»* replace *«civilian deaths»*, and *«neutralize the target»* substitutes *«kill the enemy.»* Such substitutions maintain political

correctness and reduce emotional reaction, but they also distort reality and ethical perception.

Therefore, euphemisms perform two conflicting functions:

Social function – maintaining politeness, respect, and social harmony.

Moral-psychological function – concealing or justifying actions that might otherwise appear immoral or unacceptable.

2. Abai's Philosophy of Truth and the Ethics of Speech

Abai Kunanbayev placed moral integrity at the center of human life and communication. In his 7th Word of Edification, he writes that a person must «distinguish truth from falsehood» and «speak with conscience.» He viewed speech as a reflection of one's inner moral world, believing that lies and hypocrisy corrupt both the individual and society.

Abai condemned empty eloquence and insincere speech, describing them as signs of spiritual weakness. He emphasized that every word must serve truth and enlightenment:

«Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел»

The word has been purified; listener, you too must be purified.

This statement highlights the ethical bond between speaker and listener. For Abai, language carries moral responsibility – one must not use words to deceive, justify wrongdoing, or manipulate others.

3. Euphemisms and the Concealment of Moral Responsibility

From Abai's perspective, many euphemisms-especially in war and politics-represent not only linguistic manipulation but also moral evasion. When a government describes bombing as a *«peacekeeping operation»* or killing as *«neutralization,»* the act of naming distorts ethical reality.

Abai's humanism calls for honest expression of truth, no matter how unpleasant. He would likely perceive such euphemistic discourse as an example of the «double-faced word» – speech used not to enlighten, but to conceal injustice.

Thus, euphemisms in war discourse illustrate the tension between linguistic politeness and ethical responsibility. While politeness softens interaction, excessive euphemism risks eroding moral clarity – the very quality Abai saw as essential for spiritual growth and social harmony.

4. The Relevance of Abai's Ideas in Modern Discourse

Abai's teachings remain remarkably relevant in the age of global communication, where political and media language frequently masks truth through strategic wording. Modern euphemisms such as *«collateral damage,» «enhanced interrogation,» «economic adjustment,»* or *«friendly fire»* demonstrate how language can normalize violence or injustice by disguising it under acceptable terms.

In this sense, Abai's philosophy anticipates modern debates about linguistic ethics. His call for «truthful speech and moral awakening» can guide critical discourse analysis today, helping linguists and citizens alike recognize when language is used to distort moral perception.

By viewing euphemisms through Abai's humanistic lens, we are reminded that the ethical value of speech depends not on its elegance, but on its truthfulness, justice, and compassion.

Euphemisms, as tools of linguistic softening, reveal the intricate relationship between language and morality. While they can serve as expressions of politeness and empathy, they can also become instruments of manipulation that obscure moral responsibility.

Abai Kunanbayev's humanistic philosophy offers a timeless ethical framework for understanding this dual nature. His insistence on sincerity, truth, and spiritual purity in speech challenges us to reconsider how words shape moral reality.

In the modern world, where euphemistic language dominates public discourse, Abai's wisdom reminds us that true eloquence lies not in concealment but in courage – the courage to name things as they are and to speak truth with conscience.

МАЗМҰНЫ

Түймебаев Ж.
БАЛАМАСЫ ЖОҚ БАЯНДЫ БАЙЛЫҚ 3
Дәдебаев Ж.
АБАЙ ІЛІМІ – АЛТЫННАН АРДАҚТЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ 13
Түрікпенұлы Ж.
АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ 18
Түрікпенұлы Ж., Мәуленов А.
АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ЖАЙЫНДА АЙТҚАН ТҰЖЫРЫМДАРЫ 27
Ысқақұлы Д.
ҰЛТ ЖОЛЫНДАҒЫ РУХАНИ БАҒДАР 34
Әбдезұлы Қ.
АБАЙ ЖӘНЕ ТӘКЕН 39
Алтаев Ж., Алтынбек Қ.
АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАР 45
Жеменей И.
АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ШАЙЫРЛАРЫ 60
Ісімақова А.
АБАЙ (ЫБЫРАҺИМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫ: ДЕКОЛОНИЯЛЫҚ ДИСКУРС 66
Тұяқбай Т.
АБАЙ-ГЕТЕ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС САРЫНДАРЫ 83
Әбдіқұлова Р.
АБАЙ, МОНТЕНЬ, КОНФУЦИЙ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ 91
Мұсалы Л.Ж., Ыбырайқызы Г.
АБАЙДЫҢ АНРОПОЛОГИЯЛЫҚ ІЛІМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ 102
Балтоғаева Ж.Е.
СӨЗ ПАТШАСЫ ТУРАЛЫ СЫНДАРЛЫ ОЙ 110
Бахтиярова С.
ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ 116
Габдкаримова Г., Нурмолдина И., Утемгалиева Н.
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «ЕВГЕНИЙ ОНЕГИН» ПОЭМАСЫН АУДАРУЫ 121

Шайманов А.С., Даутова Б.
THE RENDERING OF IDIOMS IN ABAI'S «BOOK OF WORDS» THROUGH DIRECT AND INDIRECT TRANSLATION INTO RUSSIAN AND ENGLISH 129
Меңдіғалиұлы Ж., Алдибекова Ә.
АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ ТҮЙІНДІ ОЙЛАР 140
Байлиева Ұ., Кенжеқожаева А.
АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «АҚЫЛ», «ҚАЙРАТ», «ЖҮРЕК» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ АУДАРМАДАҒЫ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ: ЭКВИВАЛЕНТТІЛІК ТАЛДАУ ЖӘНЕ АУДАРМА СТРАТЕГИЯЛАРЫ 145
Алмазқызы А.
АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ 156
Nurmukhanbet A.T.
NATIONAL AND CULTURAL FEATURES OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN THE WORKS OF ABAI QUNANBAIULY 160
Yessenbekova A.N.
MORAL AND LINGUISTIC DIMENSIONS OF EUPHEMISMS IN THE LIGHT OF ABAI KUNANBAYEV'S HUMANISTIC PHILOSOPHY 163

Ғылыми басылым

«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ»
атты алтыншы халықаралық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, 31 қазан 2025 жыл

Редакторы *Л. Мұсалы*
Корректоры *Б. Даутова*
Компьютерде беттеген *Г. Ыбырайқызы*
Безендірген *А. Кенжеқожаева*

ISBN 978-601-08-6060-5

Пішімі 60x84/8. Көлемі 21,25 б.т. Электронды басылым.
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалды.

Алматы
2026




